ЖШС «Кос-Истек АГРО» Ақтөбе қаласынан 150 шақырымда, аудан орталығы Батамша қаласынан 40 шақырымда, ал ең жақын темір жол бекетінен 20 шақырымда орналасқан.

Шаруашылық территориясы әр түрлі бетегелі бозды шөптің астында қалыптасатын оңтүстік қара топырақ және қара қоңыр топырақтан тұрады.

Қыстың алғашқы кезеңі қазан айының соңғы бес күндігіне сай келеді, кей жылдары ғана 10-20 күнге ерте немесе кеш болып келеді.

Қыс айларында ауа температурасы өте тұрақсыз болады. Жылдың ең суық айы болып қаңтар саналады (бұл айда ауаның орташа температурасы минус 16-17 °С). Ауа температурасы жиі 30-35 °С суыққа дейін түседі, ал кей жылдары 40-42 °С дейін аяз болады. Ызғарлы аяздармен қоса қыс мезгілінде температура 1-5 °С дейін көтеріліп, жылымық та орын алады (шамамен 3-4 рет).

Қар қарашаның алғашқы 10 күндігінде жауа бастайды, бірақ ол қар тұрақсыз. Тұрақты қар 16-26 қараша аралығында пайда болады.

ЖШС «Кос-Истек АГРО» қожалығында асыл тұқымды көшім жылқыларын өсіру үшін қажет жеткілікті көлемде жайылым, шабындық жер және материалды-техникалық базасы бар.

Жылқыларды өсіру мен күтім жасауды, жылқы бағуда жеткілікті тәжірибесі бар 7 адам, соның ішінде жоғарғы білімді зооинженер, лицензиялы веткызметкер және табыншы атқарады.

Қожалықтағы жылқы мал басы «TS-AGRO» ЖШС-нан және «Ақтөбелік СХОС» ЖШС-нан сатып алынған асыл тұқымды жылқылардан құралған.

Қожалықтың ат фермасында өндірістік құрамында «TS-AGRO» ЖШС-нан және «Ақтөбелік СХОС» ЖШС-нан сатып алынған көшім тұқымының айғырлары мен биелері бар. Ферма жылқыларының өндірістік құрамы шығу тегі бойынша Крепыш, Гром, Самоцвет зауыттық тұқымдарына жатады.

Сонымен қатар қожалықта, жылқыны үйір жағдайында өсіру жұмыстарымен айналысатын басқа жылқы қожалықтарына қарағанда, тұқымды-селекциялық жұмыс жақсы тамақтандыру жағдайында орындалады. Құлындар емізу кезеңінде аналық сүтпен толық қамтылған, яғни асыл тұқымды биелер сауылмайды; қыстың суық күндерінде, көктайғақта және қар қалың басқанда жылқыларды қосымша шөп-пішенмен бордақылайды; аналық мал басы мен жас мал қиын жұмыстарға салынбайды; мезгілдік жайылымдар арасындағы және суат арасындағы қашықтық азайтылған; уақытынан бұрын ат қосу мүлдем жойылған. Ат қосу зоотехникалық іріктеу арқылы болады. Жылқы фермасында тұқым бойынша, аналық жол бойынша өсіру, бағытталған іріктеу және саралау, жылқылардың тиімді қасиеттерін сақтауды және бекітуді қамтамасыз ететін, үйірлі жағдайда ұстау тәсілін қолдану арқылы жас малды өсіру жұмыстары атқарылады.

Сұрыптау нәтижесі бойынша көшім жылқыларының 137 мал басы түгелдей таза тұқымдылар, кластық құрамы өте жоғары: жоғарғы класс – 109 бас (79,6%), бірінші класс – 18 бас (13,1%), екінші класс – 7 бас (5,1%), класқа кірмейтін – 3 бас (2,2%). Барлық айғырлары (8 бас) элита класқа жатады.

Негізгі аналық құрам және айғырлар өнімділігі мен таза салмағы бағалауда жоғары көрсеткіштерге (7-9) сай. Бұл осы тұқымның айғырлары мен биелерінің сапасының жоғары екенін көрсетеді.

Осылайша көшім тұқымды жылқылар, жайылымдық және тебіндік ұстау жағдайында, Ақтөбе облысының шаруашылықтарында асыл тұқымды жас малды іріктеп өсіру үшін, олардың өнімділігі жоғары түрлерін тарату үшін, және сол арқылы жергілікті жылқы мал басының сапасын арттыру үшін маңызы мен құндылығы орасан зор.

Көшім тұқымды жылқылардың асыл тұқымды мал басын жас-жыныстық тобы және кластары бойынша үлестіру 1 кестеде көрсетілген.

Кесте 1 – Көшім тұқымды жылқылардың асыл тұқымды мал басын жас-жыныстық тобы және кластары бойынша үлестіру

Жас-жыныстық топ	01.09.2018 ж. мал басы саны	Сұрыптау нәтижесі бойынша класы			
		Жоғары класс	I	II	Класқа кірмейді
Өндіргіш айғырлар	8	8	-	-	-
Биелер	137	109	18	7	3
Сәуірлік айғырлар	-	-	-	-	-
Құнан еркектер	-	-	-	-	-
Құнажын ұрғашылар	11	7	3	1	-
Тайлар	-	-	-	-	-
1,5 жастағы ұрғашылар	25	18	7	-	-

Өлшем көрсеткіштерін және таза салмағын бағалау нәтижесінде 7-8 балға сай биелер – 109 бас (79,6%), 5-6 балға сай – 18 бас (13,1%) және 3-4 балға ие – 7 бас (5,1%) [1, с. 13].

«Кос-Истек АГРО» ЖШС-ның көшім жылқыларына пропорционалды бас, орташа ұзындықтағы мойын, етті тығыз дене, ұзын сауыр, мықты аяқтар тән. Олардың басты жақсы қасиеттері – дене бітімі дұрыс пішінді және салмақты. Қозғалыстары еркін. Сырт бітіміне 7-8 балл беріледі. Көшім тұқымының барлық биелері жыл бойы жайылымдық және тебіндік ұстау жағдайларына бейімділіктері 7-8 балға тең. Олар барлық мезгілде дене бітімдерін жақсы сақтайды.

«Кос-Истек АГРО» ЖШС-да тегі және сипаттамасы бойынша асыл тұқымды жылқыларды іріктеу тұқымның алдыңғы және қазіргі құрамын, олардың қалыптасуына үлкен үлес қосқан үздік айғырлар мен биелердің генотиптік және фенотиптік ерекшеліктерін терең саралауға негізделген.

Негізгі айғырлар мен биелерді топтар бойынша сандық және сапалық үлестіру кесте 2-де көрсетілген.

Кесте 2 – Көшім тұқымының асыл тұқымды айғырлар мен биелерді зауыттық топтар бойынша үлестіру.

Зауыттық іздері	Айғырлар				Биелер				
	n	%	элита класты		n	%	кластар бойынша		
			n	%			элита класты	I класс	II класс
Крепыш 33-64	3	37.5	3	100	51	38.0	45	4	2
Гром 98-58	4	50.0	4	100	54	40.4	45	7	2

Самоцвет 77-73	1	12.5	1	100	29	21.6	19	7	3
БАРЛЫҒЫ	8	100	8	100	134	100	109	18	7

Кесте 2-де берілген деректерде негізгі өндіргіш айғырлар өнімділігі жоғары зауыттық топтардан екені көрсетілген: Грома 98-58 – 4 бас (50,0%), Крепыша 33-64 – 3 бас (37,5%), Самоцвета 77-73 – 1 бас (12,5%). «Кос-Истек АГРО» ЖШС-ның көшім тұқымды жылқыларының аналық құрамы шыққан тегі бойынша өндіргіш айғырлардың зауыттық топтарына жатады: Грома 98-58 – 54 бас (40,4%), Крепыша 33-64 – 51 бас (38,0%) және Самоцвета – 19 бас (21,6%).

Осылайша, «Кос-Истек АГРО» ЖШС-ның көшім тұқымды жылқыларының асыл тұқымдық өзегін қалыптастыру өнімділігі жоғары зауыттық топтарының жылқылары арқасында жүзеге асырылады: Крепыша 33-64, Грома 98-58 және Самоцвета 77-73. Асыл тұқымды жас малды іріктеп алу және өсіру үшін және тұқым қалыптастыру үшін бұның маңызы өт зор.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Кушумской порода лошадей (Актюбинская популяция) Республика Казахстан Рзабаев Т. С. Ақтобе, 2011 Р.

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ИМПОРТТАЛҒАН АБЕРДИН-АНГУС ТҰҚЫМЫ ЕКІНШІ ГЕНЕРАЦИЯ ҚАШАРЛАРЫНЫҢ БЕЙІМДЕЛУ КӨРСЕТКІШТЕРІ

ТИТАНОВ Ж. Е.

«Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» мамандығының 1 курс докторанты, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана қ.

КАЖГАЛИЕВ Н. Ж.

а.ш.ғ.к., доцент, «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және өңдеу технологиясы» кафедрасының меңгерушісі, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана қ.

Қазақстан Республикасына АҚШ, Франция, Канада, Австралия және басқа елдерден 56,08 мың бас ірі қара мал әкелінді, оның ішінде Ақмола облысында 15 694, ал Солтүстік Қазақстан облысында 9322 бас абердин-ангус тіркелді.

Көптеген авторлар абердин-ангус тұқымының малдары кең жерсіндіру қабілетіне ие деп санайды, бірақ климаты ерекшеленетін басқа елдерге әкелу кезінде олар сыртқы ортаның жағымсыз әсеріне ұшырайды және қосымша қорғау күшін өндіру тезірек жүзеге асырылады, тиісінше жануарларды азықтандыру және ұстау жағдайлары жақсы болуы керек [5].

В. В. Калашников және В. И. Левахин [6] импортталған жануарларды жерсіндіру ешқашан толық болмайтынын, ал оның теріс салдары жануарлардың келесі ұрпақтарында пайда болатынын атап өтеді. Сондықтан жерсіндіруді зерттеу әдетте жануарлардың үш генетикалық-экологиялық генерацияларында жүргізіледі.

Осылайша, импортталған жануарлар мен олардың бірінші ұрпақтарын егжей-тегжейлі зерттеу мен бақылауға қарамастан А. А. Бахаревтің атап өтуінше, біздің аймақтың жағдайына малдарды жерсіндіру процесі жалғасуда, және сәйкесінше, екінші генетикалық-экологиялық генерацияның шаруашылық-биологиялық белгілерін зерттеу өзекті болып табылады және ғылыми және практикалық қызығушылық тудырады.

Жануарларды жерсіндіру тарихынан өсірудің жаңа экологиялық жағдайларына әкелінген жануарлардың табысты өмір сүруі және көбеюі мүмкін екені, бірақ өнімді-биологиялық ерекшеліктердің ерекше қасиеттерін жоғалтуы мүмкін екені де белгілі. Сондықтан зерттеудің маңыздылығы Солтүстік Қазақстан жағдайында абердин-ангус тұқымының мал өнімділігінің жоғары генетикалық әлеуетін іске асырудың барынша мүмкін болатын нәтижелерін алу мақсатында малдың импорттық тұқымдарын жерсіндірудің ғылыми негіздеріне негізделген. Бұл Ақмола, Солтүстік Қазақстан және Қарағанды облыстарында азықтық, технологиялық және ауа райы жағдайларына жақсы бейімделген етті тұқымды малдардың жоғары өнімді табынына ие болуға мүмкіндік береді.

Тіршілік ету орнын өзгерткен кезде жануарлар ағзасының тіршілік әрекетінің маңызды көрсеткіші болып тыныс алу жиілігі, жүрек соғуы және дене температурасы табылады, ол өмірлік маңызды жөнелтілімдердің салыстырмалы нормасының индикаторлары ретінде қарастырылады. Қазақстанның солтүстік өңірі экспорттаушы өңірлермен салыстырғанда жыл бойына климаттық жағдайлардың едәуір жоғары өзгергіштігімен сипатталады, біз осы сипаттамаларды жылдың әртүрлі маусымдарында тәжірибелік топтардың импортталған қашарларында жеке зерттедік (1-кесте).

Кесте 1 – Жыл маусымдары бойынша екінші генерация қашарларының физиологиялық сипаттамасы, (n=30)

Көрсеткіштер	Абердин-ангус тұқымы	
	Еуропалық селекция	Канадалық селекция
Қыс		
Дене температурасы, °C	37,5±0,3	37,6±0,2
Жүрек соғысының жиілігі,соққы/мин	74,2±0,3	73,7±0,3
Тыныс алу жиілігі, рет/мин	27,5±0,5	27,3±0,4
Көктем		
Дене температурасы, °C	38,9±0,3	38,7±0,2
Жүрек соғысының жиілігі,соққы/мин	71,7±0,5	71,6±0,5
Тыныс алу жиілігі, рет/мин	24,8±0,4	24,5±0,4
Жаз		
Дене температурасы, °C	38,4±0,2	38,6±0,10
Жүрек соғысының жиілігі,соққы/мин	69,6±0,3	69,4±0,3
Тыныс алу жиілігі, рет/мин	26,1±0,3	26,3±0,3
Күз		
Дене температурасы, °C	38,9±0,3	38,7±0,1
Жүрек соғысының жиілігі,соққы/мин	64,8±0,4	64,7±0,3
Тыныс алу жиілігі, рет/мин	23,1±0,3	22,8±0,3

Тыныс алу жиілігінің динамикасы дене температурасының динамикасына тікелей қарама-қарсы болды: дене температурасының төмендеуі кезінде тыныс алу қозғалысының саны артты және керісінше.

Жыл маусымдары бойынша абердин-ангус тұқымының канадалық селекция қашарларында дене температурасы 37,6-38,7°C аралығында, тиісінше еуропалық селекция қашарларында 37,5-38,9°C аралықты қамтыды. Ал жүрек соғысының жиілігі мен тыныс алу жиілігі канадалық селекция қашарларында тиісінше 73,7-64,7 соққы/мин, 27,3-22,8 рет/мин құраса, еуропалық селекция қашарларында тиісінше 74,2-64,8 соққы/мин, 27,5-23,1 рет/мин аралығын құрады. Алайда бұл ауытқулар физиологиялық норма шегінде болды.

Барлық тәжірибелік топ малдары дене температурасының төмендеуі қыс кезінде (37,5-37,6°C) байқалса, күзгі мезгілде жоғарылауы (38,9-38,7°C) байқалды.

Жазда қоршаған ортаның температурасы жиі +30-+33°C деңгейінде болғанда ірі қара малдардың тыныс алу қозғалысының жиілігінің өсуі физиологиялық негізделген және жаз мезгілінде

артық жылу шығару жүйелі түрде қажет болатын климатқа бейімделу реакцияларының қалыптасуы болып саналуы мүмкін. Бұл белсенді процестің нәтижесі жазда дене температурасының 0,1-0,4 °C төмендеуі болып табылады [3, 4].

Қоршаған ортаның жоғары температурасы жерсіндірудің негізгі тұрақсыздандырғыш факторы. Өйткені, жоғары температура ет және сүт өнімділігіне, гомеостаздың сақталуына және генетикалық шартты өнімділікке және репродуктивтілікке өте теріс әсер етеді. Осыған байланысты етті малдың жылуға төзімділік индексі есептеліп шығарылды (2-кесте).

Кесте 2 – Солтүстік Қазақстан жағдайындағы абердин-ангус тұқымы малының жылуға төзімділік индексі (n=30)

Топтар	Таңертенгі дене темп,°C (сыртқы ауа темп. 22°C)	Күндізгі дене темп,°C (сыртқы ауа темп 31°C)	Таңертенгі және күндізгі дене темп. айырмашылығы,°C	Жылуға төзімділік индексі
I (Еуропалық)	38,39±0,35	39,36±0,17	0,97±0,39	71,1 ±7,54
II (Канадалық)	38,43±0,25	39,38±0,32	0,95±0,41	70,2±3,14

Біз жылуға төзімділік көрсеткіші бойынша екінші генерацияның қашарларын зерттедік. Жылуға төзімділікті бағалау үшін Ю. А. Раушенбах бойынша жылуға төзімділік индексі пайдаланылды [7].

Жылу тұрақтылығы индексінің ең үлкен көрсеткіші I топтағы жануарларда болды - тиісінше 71,1 және 70,2.

Біздің зерттеулеріміз бойынша Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары жағдайында абердин-ангус тұқымдары үшін термонеутралдық немесе жайлы температура + 19-22 ...+27-31°C шегінде болады.

Осылайша зерттеу нәтижелері бойынша жоғары орта температурасына еуропалық селекциядан алынған абердин-ангус тұқымы екінші генерация қашарлары жақсы бейімделгені туралы қорытынды жасауға болады. Бұл топтағы жануарлардың термореттеу жүйесі анағұрлым жетілдірілген, ол ағзаның ресурстарын ыстық ауа райында тиімді пайдалануға мүмкіндік береді, ал ол Қазақстанның солтүстік өңірі жағдайында жазғы айға тән.

Ірі қара малдың тері-жүн қабатының құрылысы мен ерекшеліктері төмен температура жағдайларына бейімделуде үлкен маңызға ие. Көптеген зерттеулер бойынша тері қалыңдығы мен түкті жамылғының құрылымында тұқымаралық, жас және маусымдық

айырмашылықтар анықталды. Әдебиетте бар мәліметтер жыл бойы жануарлардың тері-түкті жамылғысы айтарлықтай өзгерістерге ұшырап, ағзаның жақсы бейімделуі мен термореттелуіне ықпал етеді делінген [1, 2].

Етті абердин-ангус тұқымының екінші генерация қашарларының жүн қабатының жағдайын талдау нәтижелері 3-кестеде көрсетілген.

Кесте 3 – Жүн жамылғысының көрсеткіштері (n=10)

Көрсеткіштер	Топтар	
	I (Еуропалық)	II (Кандалық)
	Қыс /Жаз	Қыс /Жаз
Жүн жамылғысының салмағы 1 см ² , мг	81,55±0,43 14,05 ±0,49	82,95±0,77 12,90 ±0,49
Түк ұзындығы, мм	40,20±0,88 15,25 ±1,01	38,70±0,78 15,85 ±0,93
Түк тығыздығы, шт/см ²	1396,70±19,6 738,15 ±18,8	1402,30±19,30 754,60 ±13,80

Жазғы уақытта бір шаршы сантиметрден алынған жүн жамылғысының салмағы бойынша артықшылық I топ қашарларында болды, ол II топ қашарларының көрсеткішінен 1,15 см², мг-ге көп болды. Ал қыс мезгілі бойынша керісінше көрсеткішке, яғни II топ қашарларында 1,40 см², мг-ге жоғары болды.

Жазғы кезеңде түк ұзындығы бойынша I топтағы қашарлар (15,25 мм) II топтағы қашарларға (тиісінше 15,25 және 15,85 мм) жол берді, яғни жазғы уақытта ең аз шаш ұзындығы болды, бұл жақсы бейімделу белгісі болып табылады, өйткені бұл тері бетінен тердің булану процесін жеңілдетеді және осылайша терморегуляция тиімділігін арттырады.

Қыс мезгілінде түк ұзындығы бойынша I топ қашарларының түк ұзындығы 40,20 мм болса, II топ қашарларында 1,5 мм-ге кем, яғни 38,70 мм-ді көрсетті. Тәжірибелік топ қашарларының жүн қабатының құрылымы 4-кестеде келтірілген.

Жазғы уақытта жүн құрылымындағы қылшықтың үлес салмағы I топта - 52,10 % және II топта - 52,60 %-ды көрсетті. Бұған дейін айтылғандай, жазғы уақытта шаш жамылғысының құрылымында қылшықтың жоғары мөлшері қолайлы болып табылады.

Сонымен қатар, I топтағы қашарлар жазғы кезеңде түбітінің ең төменгі мөлшерін көрсетті - тиісінше 23,10 және 24,40% (P<0,05) болды, ал қыс мезгілінде түбіттің ең жоғары мөлшері 53,10 I топ қашарларында болды, сәйкесінше қыс мезгілінде түбіттің көп мөлшері суыққа төзімділік көрсеткішін арттырады.

Кесте 4 – Жүн жамылғысының құрылымы, % (n=10)

Көрсеткіштер	Топтар	
	I (Еуропалық)	II (Кандалық)
	Қыс /Жаз	Қыс /Жаз
Қылшық,%	21,10±0,70 52,10 ±0,47	21,60±0,44 52,60 ±0,24
Аралық	23,30±0,49 25,10 ±0,33	24,20±0,48 25,20 ±0,45
Түбіт	52,80±0,32 23,10±0,63	53,10±0,42 24,40 ±0,43

Солтүстік Қазақстанның жаз мезгіліндегі температуралық жағдайына барынша бейімделген түкті жамылғысының оңтайлы құрылымына абердин-ангус тұқымының еуропалық селекция қашарлары ие болды. Ал қыс мезгілі бойынша керісінше канадалық селекция қашарларының жүн жамылғысы оңтайлы болып шықты.

Осылайша, абердин-ангус тұқымының еуропалық селекцияның қашарлары қоршаған ортаның жоғары температурасына барынша бейімделу қасиетін көрсетті, оларда термореттеудің анағұрлым жетілдірілген жүйесі бар, ол Қазақстанның солтүстік өңірі жағдайында жазғы айға тән ыстық ауа-райы кезінде ағзаның ресурстарын неғұрлым ұтымды пайдалануға мүмкіндік береді. Ал Солтүстік Қазақстанның суық ауа райында абердин-ангус тұқымының канадалық селекция қашарлары жақсы бейімделген.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Белоусов, А. М., Тагиров Х. Х., Юсупов Р. С. Аббердин-ангусский скот России: Монография / А. М. Белоусов, Х. Х. Тагиров, Р. С. Юсупов. – Уфа : ГУЛ «Уфимский полиграфкомбинат», 2002. – 260 б.
- 2 Голиков А. Н. Адаптация сельскохозяйственных животных / А. Н. Голиков. - М. : Агропромиздат, 1985. - 216 б.
- 3 Родионов Г. В. Экология и селекция сельскохозяйственных животных: Оқу құралы / Г. В. Родионов, В. Т. Христенко - М. : Агроконсалт, 2002. - 200 б.
- 4 Григорьева М. Г. Адаптация скота на Кубани / М. Г. Григорьева, В. И. Турлюн // Животноводство России. – 2009. – № 9. – Б. 43-44.
- 5 Степанов Д. В., Жамерко Л. В. Адаптивные способности к высоким температурам среды и особенности разведения европейского молочного скота в условиях субтропического климата. - Вопросы повышения продуктивности молочного и мясного скота Таджикистана. (Ғылыми жұмыстар жинағы), Душанбе, 1984. Б. 25-35.

6 Калашников В. И. Мясное скотоводство России / В. И. Калашников, В. И. Левахин // Молочное и мясное скотоводство. – 2003. – № 6. – Б. 11-18.

7 Раушенбах Ю. О. Количественная оценка теплоустойчивости животных / Ю. О. Раушенбах, П. И. Ерохин // Тепло- и холодоустойчивость домашних животных. Эколого-генетическая природа различий. – Новосибирск : Наука, 1975. – Б.31-40.

ВОСПРОИЗВОДИТЕЛЬНЫЕ И АДАПТАЦИОННЫЕ КАЧЕСТВА НОВОАЛТАЙСКОЙ ПОРОДЫ ЛОШАДЕЙ В УСЛОВИЯХ ПАВЛОДАРСКОГО ПРИИРТЫШЬЯ

ТОКТАСЫНОВА А. Э.

студент, бакалавр, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

АСАНБАЕВ Т. Ш.

к.с.-х.н., доцент, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

В Послании Президента народу Казахстана «Построим будущее вместе!» от 28 января 2011 года, глава государства поставил задачу довести экспорт мяса крупного рогатого скота и других видов животных до 60 тыс. тонн в ближайшие годы, и довести до 180 тыс. тонн к 2020 году. Поставлена задача уйти от импорта мяса и стать одним из его крупных поставщиков на внешние рынки [1].

В 2011 году в Казахстане началась реализация масштабной программы «Сыбаға», целью которой является кредитование фермерских хозяйств на приобретение маточного поголовья крупного рогатого скота и быков-производителей для воспроизводства молодняка мясной породы. Однако на данный момент упущена такая важная составляющая как развитие мясного коневодства. Учеными Павлодарского государственного университета им. С. Торайгырова в этом направлении проводится определенная работа по повышению мясомолочных и приспособительных качеств разводимых на территории данного региона лошадей казахской породы. Подобная работа проводилась на базе КХ «Турар», и др. хозяйствах Павлодарской области путем скрещивания лошадей типа жабе с жеребцами новоалтайской породы.

Так, Ю. Н. Барминцев, Т. С. Малахов [2], А. Е. Жумагулов и соавторы [3] приводят данные по выходу жеребят на каждые сто конематок, составившие: у донских – 63,3 %, доно-верховых – 64,8 %, доно-казахских – 70,9 %, рысисто-казахских – 72,2 %, казахских типа жабе – 78,9 %, тяжелоовозно-казахских – 95,6 %, кушумских – 78,6 %, адаевских – 92,5 %.

Выход жеребят на сто конематок новоалтайской породы, по данным А. П. Косарева и соавторов, составляет 75–85 %. Б. Е. Айталиев [4], делая ссылку на данные ГПК т. I, с. 36 по А. И. Никоновой, приводит данные по выходу жеребят этой породы в 73,6 %, с колебаниями от 73,2 % до 77,3 %.

По данным Т. Ш. Асанбаева [5], выход жеребят от скрещивания новоалтайских жеребцов с 45 казахскими кобылами, в условиях северо-востока Казахстана в первые годы завоза было получено 33 жеребенка, что составило 73,3%, с колебаниями от 66,6 до 80,0 %. В последующем, по мере адаптации новоалтайских жеребцов в новых условиях разведения, выход жеребят от 60 казахских кобыл составил в среднем 88,3 %, с колебаниями от 80,0 до 95,0 %.

Сохранность жеребят к 3-х летнему возрасту у выше названных пород и их помесей составила, соответственно, 78,3 %; 78,5 %; 81,8 %; 86,5 %; 88,7–94,4 %; 91,2 %; 87,7 %; 91,1 %; 95 %, что свидетельствует о лучших адаптационных качествах жеребят, полученных от казахских лошадей типа жабе и их помесей. Это, главным образом, связано, видимо, с их приспособленностью к пастбищно-тебеневочному содержанию.

Исходя из выше изложенного, нами производилась попытка изучения адаптационного качества молодняка лошадей новоалтайской породы в новых условиях разведения. Животные были завезены в возрасте 3–3,5 лет с Горного Алтая в крестьянское хозяйство «Турар» Павлодарской области. С первых дней завоза новоалтайские лошади находились на пастбищно-тебеневочном содержании, без всякой дополнительной подкормки, несмотря на то обстоятельство, что произошла резкая перемена природно-климатических и пастбищно-кормовых условий.

За период зимней тебенежки ни одного непроизводительного расхода животных не зарегистрировано, отрицательных явлений в состоянии здоровья не наблюдалось, свою первую зимовку в условиях Павлодарского Прииртышья завершили вполне удовлетворительно.

В первое время наблюдалась некоторая скученность, стадность в поведении животных, но уже весной, после формирования косяков, каждый жеребец имел свои постоянные маршруты движения. Через два года, по достижении физиологической зрелости, наблюдались ярко выраженные косячные инстинкты, и «чужаки» уже ни в чем, ни уступали жеребцам казахской породы жабе.

Поведение жеребцов, как показывают наблюдения, тесно связано с условиями среды. В весенне-осенний и зимний периоды жеребчики и кобылки, вновь завезенной новоалтайской породы по своему поведенческому характеру ни чем, ни отличались от местных казахских лошадей типа жабе. Все животные имели спокойный и бодрый вид, сохраняли энергичный и живой темперамент. Подмечено, что лошади новоалтайской породы лучше «держат тело» в холодное (зимнее) время, но немного угнетеннее чувствуют себя по сравнению с жабе с наступлением жаркого лета (июль). Это очевидно объясняется тем, что новоалтайская порода выведена в условиях высокогорья Горного Алтая и более чувствительны к высоким температурам.

Вывод о хороших приспособительных качествах лошадей новоалтайской породы к новым условиям содержания, сделанный нами на основе наблюдений, также подтверждается показателями роста и развития молодых лошадей, дорощенных уже в условиях данного региона.

Полной физиологической зрелости лошади новоалтайской породы достигли в 6,5 лет. Это наглядно демонстрируется таблицей № 1 – показателями роста живой массы в разном возрастном периоде.

Таблица 1 – Динамика живой массы лошадей новоалтайской породы в условиях Павлодарского Прииртышья, кг/гол.

№ п/п	Жеребчики (n=10)			Кобылки (n=20)		
	3,5 лет	6,5 лет	прирост	3,5 лет	6,5 лет	прирост
1	485	570	+85	521	575	+54
2	583	675	+92	500	560	+60
3	520	590	+70	478	540	+62
4	558	628	+70	443	497	+54
5	580	653	+73	463	526	+63
6	530	600	+70	530	600	+70
7	515	580	+65	483	543	+60
8	547	609	+62	457	520	+63
9	560	628	+68	542	600	+58
10	502	570	+68	451	515	+64
11	–	–	–	414	470	+56
12	–	–	–	455	520	+65
13	–	–	–	450	520	+70
14	–	–	–	443	500	+57
15	–	–	–	465	525	+60
16	–	–	–	472	535	+63
17	–	–	–	448	520	+72
18	–	–	–	526	580	+54
19	–	–	–	445	505	+60
20	–	–	–	437	500	+63
В ср.	538	610,3	+72,3	471,1	532,5	+61,4

Из таблицы 1 видно, что за два года обитания в новом регионе новоалтайские лошади достигли хорошего роста и развития. Животные к 6,5 годам жизни достигли по живой массе в среднем у жеребцов 610,3 кг, маток 532,5 кг (при стандарте породы жеребцов – 600–620 кг, кобыл 553–564 кг), что указывает на отличные приспособительные качества данной породы.

Другим важнейшим показателем процесса акклиматизации породы в новых природно-климатических и пастбищно-тебеновочных условиях является плодовитость, воспроизводительная способность, активность жеребцов и оплодотворяемость кобыл. Перевод животных в совершенно иные условия содержания сказывается не только на общем состоянии животного, но и в той или иной степени отражается на их половой функции.

Лошади новоалтайской породы, завезенные в 3,5-летнем возрасте с Горного Алтая свою первую зимовку завершили в состоянии средней упитанности, жеребчики и кобылки имели энергичный и живой темперамент. В старшем возрасте жеребцы проявляли хороший косячный инстинкт, кобылы отличались хорошей оплодотворяемостью. Плодовитость и выживаемость, по мнению многих ученых, являются объективными показателями приспособительных качеств животных к новым условиям разведения. Данные по этим показателям завезенных новоалтайских лошадей в суровых условиях пастбищно-тебеновочного содержания Павлодарского Прииртышья в сравнении с таковыми показателями местных казахских кобыл типа жабе приведены ниже в таблице 2.

Таблица 2 – Оплодотворяемость кобыл казахской породы при косячной случке

Порода	Кол-во косяков	Случено кобыл, гол.		Получено жеребят, гол.			Выход жеребят, %			
		2007 год	2008 год	2008 год	2009 год	Всего	2008 г.		2009 г.	
							в средн.	колебания	в средн.	колебания
КЖ	3	45	60	36	56	92	80,0	73,3-	93,3	90,0-100,0
НА	3	45	60	33	53	86	73,3	87,0-80,0	88,3	80,0-95,0

Как видно из таблицы 2, плодовитость новоалтайских жеребцов в степных районах Павлодарской области почти не уступает казахской породе типа жабе. Плодовитость жеребцов в возрасте

5-ти лет в расчете на 100 конематок составляет 73,6 %, а у жеребцов типа жабе в аналогичном возрасте составляет 80,0 %. В 6-ти летнем возрасте плодовитость жеребцов новоалтайской породы возросла и составило 88,3 %, у жеребцов типа жабе 93,3 %. В первом случае более низкий выход (73,6 %), чем у казахской жабе, мы объясняем тем, что жеребчики новоалтайской породы сравнительно молоды, недостаточно адаптировались к внешним и кормовым условиям данной зоны, пережили в новых климатических и пастбищно-тебеневочных условиях первую зимовку, хотя надо отметить тот факт, что зимовка прошла без видимых осложнений и снижения питанности, как жеребцов, так и кобылок.

Таблица 3 – Результативность проведения случки жеребцов-производителей разного генотипа

Инвент. номер	Случено кобыл, гол.		Получено жеребят			
	2007 г.	2008 г.	2008 г.		2009	
			гол.	% выхода	гол.	% выхода
Жеребцы-производители казахской породы типа жабе						
3	15	20	12	80,0	18	90,0
17	15	20	11	73,3	18	90,0
25	15	20	13	87,0	20	100,0
Всего	45	60	36	80,0	56	93,3
Жеребцы-производители новоалтайской породы						
90-02	15	20	12	80,0	19	95,0
131-02	15	20	10	66,6	16	80,0
118-02	15	20	11	73,3	18	90,0
Всего	45	60	33	73,3	53	88,3

Результативность случки жеребцов-производителей казахской породы типа жабе показана схематично (рис. 1,2,3).




Рисунок 1 – Случено кобыл, гол.




Рисунок 2 – Получено жеребят, гол.




Рисунок 3 – Получено жеребят, % выхода

Результативность случки жеребцов-производителей новоалтайской породы показана схематично (рис. 4, 5, 6).




Рисунок 4 – Случено кобыл, гол.




Рисунок 5 – Получено жеребят, гол.




Рисунок 6 – Получено жеребят, % выход

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Послание Президента народу Казахстана «Построим будущее вместе!» от 28 января 2011 года.
- 2 Барминцев Ю. Н., Малахова Т. С. Опыт породоиспытания лошадей в условиях табунно-тебеновочного содержания // Тр. ВНИИК. – т. XXVIII. – М. : Мос. рабочий, 1974. – 41-60 с.
- 3 Жумагулов А. Е., Хамитов А. А., Омаров М. М. Эффективность выращивания молодняка лошадей // Тезисы республ. Научн. конференции. Пути увеличения и улучшения качества с.-х. продукции в Казахстане. – Актюбинск, 1992. –192-193 с.
- 4 Айталиев Б. Е. Оценка хозяйственно-полезных признаков лошадей кушумской породы в фермерских хозяйствах / Автореф. дис. канд. – Алматы, 2007. – 22 с.
- 5 Асанбаев Т. Ш. Улучшение продуктивности казахских лошадей путем скрещивания с жеребцами новоалтайской породы в условиях северо-востока Казахстана /Монография, Алматы, 2016. – 82 с.

МОРФОЛОГИЧЕСКИЕ ИЗМЕНЕНИЯ В КИШЕЧНИКЕ У ОВЕЦ ПРИ ЭЙМЕРИОЗНО-ГЕЛЬМИНТОЗНЫХ ИНВАЗИЯХ

ТУГАМБАЕВА С. М.

к.вет.н., и.о. профессора, Государственный университет имени Шакарима города Семей, г. Семей

КОЖЕБАЕВ Б. Ж.

д.с.-х.н., профессор, Государственный университет имени Шакарима города Семей, г. Семей

САТИЕВА К. Р.

к.с/х.н., и.о. профессора, Государственный университет имени Шакарима города Семей, г. Семей

НАСЫРОВ Ф. С.

к.б.н., и.о. доцента, Государственный университет имени Шакарима города Семей, г. Семей

АЙТКАЛИЕВ Б. М.

магистр, ст. преподаватель, Государственный университет имени Шакарима города Семей, г. Семей

Овцеводство является одной из основных отраслей животноводства Казахстана и играет существенную роль в обеспечении мясом и сырьем потребительского рынка. В последние годы наблюдается тенденция к увеличению поголовья овец.

Анализ литературных данных показывает, что в организме у ягнят 9-21-дневного возраста обнаружены эймерии [2, 3].

Патогенное влияние эймерий на организм животных изучали известные отечественные и зарубежные ученые [3].

В овцеводческих хозяйствах Абайского района Восточно-Казахстанской области широко распространены эймериозно-гельминтозные инвазии, наносящих значительный ущерб овцеводству. В связи с чем, нами была поставлена задача изучить особенности распространения паразитарных заболеваний у овец. Работа выполнялась в овцеводческих хозяйствах Абайского района ВКО.

Нами изучались 3 группы животных: ягнята текущего года рождения, молодняк от 1 до 1,5 лет и овцематки. Материалом для изучения видового состава ассоциативных инвазий служили фекалии от овец разного возраста, содержимое кишечника, соскобы со слизистой оболочки из разных отделов кишечника.

В целях определения видового состава гельминтов были проведены гельминтологические исследования (по методу Дарлинга). Критериями отнесения ооцисты к тому или другому виду являются морфологические признаки ооцист, сроки препатентного и патентного периодов, а также сроки споруляции эймерий при определенных условиях внешней среды.

Материалом для гистологического исследования послужили разные участки тонкого и толстого отделов кишечника. Кусочки фиксировали в 10% растворе нейтрального формалина, жидкости Карнуа, заливали в парафин. Для гистологического исследования готовили парафиновые срезы на санном микротоме толщиной 5-7 микрон и окрашивали по методу гематоксилин-эозин, Ван-Гизон.

По результатам капрологического исследования обнаружили различные сочетания гельминтозной инвазии и эймерий. Зараженность эймериями наибольшей степени была выявлена при многокомпонентной смешанной инвазии (эймериоз+стронгилоидоз +нематодироз+трихоцифалез) и составила у взрослых овец до 320 ооцист эймерий в одном поле зрения микроскопа, а у молодняка овец - до 500 ооцист эймерий (Рис.1).



Рисунок 1 – Различные виды эймерий и гельминтов у исследованных животных при ассоциативной инвазии (x400)

Очень высокая интенсивность инвазии нами была обнаружена как у взрослых овец - до 22 яиц в одном поле зрения микроскопа, так и у молодняка овец – до 35 яиц гельминтов, при этом средняя интенсивность инвазии эймериями была ниже по сравнению с другими выявленными ассоциативными инвазиями.

При патоморфологическом исследовании были установлены серозно-катаральный гастроэнтерит, энтероколит. Некоторые животные при высокой степени инвазии были истощены. Наиболее сильные патоморфологические нарушения выявлены у павших животных или убитых с ярко выраженными клиническими признаками. Тонкий отдел кишечника на всем протяжении покрасневший, со стороны серозной и слизистой оболочек наблюдаются ограниченные участки ярко красного и в некоторых случаях буроватого цвета (Рис.2).




Рисунок 2 – Ареактивный некроз слизистой оболочки кишечника (окраска гематоксилин-эозин, x40)

При микроскопии в гистологических срезах кишечника отмечается отек слизистой оболочки, обильная инфильтрация эозинофилами и нейтрофильными лейкоцитами. Крупные и мелкие сосуды кишечных стенок, капилляры и венозные синусы ворсинок кровенаполнены. Имеются участки образования тромбов и пролиферации их клеточными элементами. В слизистой оболочке обнаруживаются кровоизлияния. Энтероциты тонкого отдела кишечника значительно подвергаются слизистой дистрофии, многие ядра клеток находятся в состоянии кариопикноза, кариорексиса и полного распада (Рис.3).

Участки некроза при малом увеличении микроскопа в гистологических срезах выделяются более светлой окраской, при этом нет демаркационной зоны – наблюдается ареактивный некроз слизистой оболочки кишечника.




Рисунок 3 – Гиперемия капилляров и венозных синусов, кровоизлияние в слизистой оболочке кишечника (окраска гематоксилин-эозин, x400)

В результате наших исследований мы выявили различные ассоциативные инвазии у овец в районах прилегающих к бывшему семипалатинскому ядерному полигону. При этом отмечается очень высокая интенсивность и экстенсивность выявленных инвазий. В кишечнике больных ассоциативной инвазией овец отмечаются значительные патоморфологические изменения. Полученные результаты могут дать основание к дальнейшему более детальному изучению эпизоотологической ситуации в регионе по ассоциативным инвазиям, выяснению биоэкологических, генетических причин и патогенеза паразитарных заболеваний.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Исаков М. М. Эймериоз сельскохозяйственных животных, Семей, 2011.
- 2 Исаков М. М., Кенесарин Б. А., Слямбекова М. Ф. Профилактика и лечение ассоциативных инвазии в условиях ВКО, Семей, 2011.
- 3 Сванбаев С. К. Патогенность различных видов кокцидий овец//Тр.ин-та АН КазССР, - 1967. - Т. 28 - С. 57-61.

ОТАНДЫҚ ЭКОНОМИКАНЫ ӨРКЕНДЕТУДІҢ БІР ЖОЛЫ – МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

УАХИТОВ А. Т.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан халқына кезекті жолдауында «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» екендігін айқындап берді. Өркендеудің жаңа бағытын нұсқап, межелі мақсаттарды іске асыруға шақырды. Мал шаруашылығы отандық экономикаға тың серпін беретін елеулі күш. Соңғы жылдары осы салаға жан бітіп, тамырына қан жүгірді. Бір кездері миллиондап саналатын «Аша тұяқ қалмасын» 90 жылдары азайып кеткен еді. Бірақ соңғы жылдары



Сурет 1 – Уахитов Айбын ПМУ III курс студенті Тәжірибе барысында

мемлекеттің тікелей араласуымен ауыл шаруашылығының осы бір түріне ерекше көңіл бөлінді. Суб сидиялар бөлініп мал ұстаймын деген адамға барынша қолдау көрсетілді [1]. Бұл үрдістен Екібастұз қаласына қарасты Ақкөл Жайылма ауылы да шет қалмады. Ақкөл Жайылма ауылында жаңа шаруашылықтар құрылып, асыл тұқымды малдар көбейе бастады. Ауылда жиырма шаруа қожалығы бар. Осы шаруа қожалықтарына тоқтала кетсем: «Табыс» шаруа қожалығы басшысы Манат Алғамбаров, «Секербай Уахит» шаруа қожалығы басшысы Талғат Уахитов, «Айдар» шаруа қожалығы басшысы

Ербол Қабылтаев, «Бексұлтан» шаруа қожалығы басшысы Диана Шахметова, «Хамит» шаруа қожалығы басшысы Сәрсек Айтпаев, «Атамұра» шаруа қожалығы басшысы Сұңғат Зайырбаев, «Алкаусар» шаруа қожалығы басшысы Сұңғат Көпежанов, «Аділет» шаруа қожалығы басшысы Алғамбарова Роза, «Момын» шаруа қожалығы басшысы Момынов Темірболат, «Қайрат» шаруа қожалығы басшысы Мұсабеков Нартай, «Егінбай» шаруа қожалығы басшысы Акишев Марат, «Сұлтан» шаруа қожалығы басшысы Абдрахманов Бақтыгерей, «ИП Акишева» қожалығы басшысы Айгүл Ментайқызы, «Шідерті» шаруа қожалығы басшысы Жамал Айтмаева, «Шерхан» шаруа қожалығы басшысы Қуанышбек Айтмаев, «Қарлығаш» шаруа қожалығы басшысы Жанат Жақсыбаев, «ИП Әділжан» қожалығы басшысы Темірболат Шамжанов, «Жандос» шаруа қожалығы басшысы Сәулебай Айтмаев, «Мейрамов» шаруа қожалығы басшысы Мейрамов Зайкен, «Кабен» шаруа қожалығы басшысы Кабенов Зурят. Жоғарыда аттары аталған ел ағалары мал шаруашылығын дамыту жолында қажырлы еңбек етіп келеді. Бұл бір жағы азық түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге септігін тигізсе, екіншіден ел экономикасын дамытып, халықты жұмыспен қамтуға мүмкіндік береді.

Етті ірі қара мал шаруашылығының мамандандырылған саласын дамыту және өндірілетін еттің көлемін өсіру сұрақтары да өз шешімін тауып отыр. Бір ғана Ақкөл Жайылма ауылының шаруа қожалықтарына келер болсақ: қазақтың ақбас сиыры шетелдің асыл тұқымды малынан еш кем емес екендігін ауыл өңірі жұртшылығы көз жеткізді. Сондықтан да ірі қараның осы түрін көбейтуге ден қоюда. Мәселен Ақкөл Жайылма ауылында асыл тұқымды мал өсірумен айналысатын осы 20 шаруашылық болса соның барлығында ақ басты сиырлар күтіліп бапталады. Малдың күтімі келіссе, оның өнімі мол болады. Осыны жақсы білетін ауыл тұрғындары бүгінде осы малды баптап өсірумен айналысады. Сонымен қатар осы салада күнкөріс көзіне айналған бірнеше ауыл тұрғыны өз отбасыларын асырап отыр. Осы ауыл шаруашылығы нәтижесіндетөрт түлік малды өсіріп, шаруашылықтарын дөңгелетуде. Бұл орайда мемлекет тарапынан да үлкен қолдау көрсетілген. Өсірген төлін сатумен айналысып келе жатқан ауыл тұрғындарымен қатар еліміздің бірнеше облысына ет экспорттап, сүт өндіруді қолға алған азаматтар бар. Себебі қазақтың ақ бас сиыры етті, әрі сүтті. Қай жағынан алып қарасаң да тиімді, пайдалы. Ақ бас сиыр күніне 1 кл аса салмақ қосады, еті мәрмәрдай. Тағы бір ерекшелігі еліміздің табиғатына

бейімделген, қысқа төзімді. Түліктің осындай ерекшелігін түсіне бастаған жұртшылық сондықтан да оған осындай қызығушылық танытып отыр. Ал бұл облыстың ет экспорттау әлеуетін арттырады. «Мал баққанға бітеді», - бұл қазіргі ауыл тұрғындарының қағидасы. Әуел баста ел қатарлы 4-5 сиыр ұстаған ауыл тұрғындарының 70 пайызында қазір жағдайы жақсарды десек артық айтқандық емес [2].

Міне Елбасы айтқан «Ауыл – Ел бесігі» жобасы іске қосылған кезеңде, менің туып өскен мекенімде ел ағалары қуатты тіршілік етудің үлгісін көрсетуде. «Біз ауылдық жерлердің әлеуметтік ортасын жаңғыртуға кірісуіміз қажет» - деген Елбасы сөзі де әлбетте, жұмысы, тұрақты табысы бар елді мекен жайлы айтылған. Осындай мекеннен ешкім алыстай қоймайды. Міне, сондықтан осы ауылдағы, тіпті, Екібастұз өңіріндегі ірісі – «Табыс» шаруа қожалығының елді мекендегі ерекше ахуалға қосып отырған үлесін айтпасқа болмас. Еліне сыйлы азамат Манат Алғамбаров басшылық ететін бұл шаруашылық 2000 жылы іргесін қалаған. Өз ісін 12 бас ірі қарамен бастаса, қазір қолында 2500 бас ірі қара мал, 1500 жылқы бар. «Мұндай табысқа жетуіме, алдымен Алла, одан кейін мемлекеттің жан-жақты қолдауы»- дейді қожалық басшысы Манат Алғамбаров. Үкіметіміздің ауылға деген айрықша көзқарасының жемісі деп балайды. Әр шығын мемлекеттен субсидия арқылы төленеді.

Сиыр етіне, жылқы етіне жыл сайын субсидия түрінде көмек беріледі. Шаруашылық қаланың бала-бақшалары мен ауруханаларын етпен қамтиды. Одан бөлек, Екібастұз шаһарының шағын аудандарындағы базарларға, Астана қаласына жылқы мен сиыр етін үздіксіз жеткізіп отырады. Мемлекет көмегі демекші, «Табыс» шаруа қожалығы техниканы да жеңілдікпен сатып алып келеді. Манат Қажыбекұлының айтуынша, соңғы 5 жыл ішінде 15 жаңа трактор сатып алған. Одан бөлек, 2 тиегіш көлік пен 2 «Камаз» маркалы жүк көлігін сатып алынған. Биыл тағы да екі тракторға тапсырыс берілген. Бұл техникалар құнының елу пайызын мемлекет өтеп беріп отыр. Шаруашылық басшысы мемлекеттен мұндай жәрдем болмағанда, дәл бүгінгідей жетістікке жету мүмкін емес дейді. Үкіметтің қолдауын сезінген кәсіпкер қолдағысымен бөлісуді азаматтық парызы санайды екен. Ауылымның басты жанашыры десем артық айтқандық емес. Олай дейтінім, дәл қазір Ақкөл Жайылма елді мекенінде бюджет есебінен мектеп құрылысы бой көтеріп, спорт зал қарастырылмағандықтан бұған да, іскер Манат Қажыбекұлы білім ордасына өз қаражатына спорт зал салып берді [3].

Елбасымыз «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында әр белсенді, жағдайы бар азаматтарды өзінің кіндік қаны тамған жеріне қолдан келгенше көмек көрсетуге шақырып, ұран тастағаны белгілі. Сондықтан бұл игі істен шет қалмауды жөн санаған ел ағасы ауылымызға 2015 жылы Ұлы Отан соғысының 70 жылдығына орай 7,5 млн. теңгеге саябақсалып берді. Қайырымды жан игілікті істерін туған ауылына ғана жасап жатқан жоқ, сонымен қатар өзге елді мекендерге де қолғабыс жасауды ұмыт қалдырмайды. Мәселен, Солнечный кентінің 60 жылдығына 2 млн. теңгесін берген. Оған кентте сахна салынып, Абай ескерткіші жаңартылған. Әжелер ансамбліне сахналық киім тігілген. Ақкөл ауылы маңындағы қасиетті аталардың мәңгілік мекенін көріктендіруге де көп көмек етеді. Кесенелерді қоршауға, ретке келтіруге жыл сайын миллиондап қаржы бөліп келеді. Жалпы, кез келген қайырымдылық шараларынан қалыс қалмайды. Ауылдың аз қамтылған отбасыларына қарайласып, жем-шөп, көмір алып беру дәстүрге айналған. «Береген қолым - алаған», «қанағат пен жомарттық - бақытқа бастар жол» дейді атымтай азамат. Бергеніне сай Алла да сыйын аямайтынына көзі жеткен. Сондықтан жомарттық - бұл жанның бір қанаты десе болады.

Әкем Талғат Уахитұлы - бірнеше жылдан бері мал дәрігері қызметін атқарады. Ауылымыздың келешегіне зор сенім артып отырған азамат. Жасалған жұмыстар жастардың тұрақтап қалуына бағытталғанын айтады. Кәсіпкер ел азаматтарының біразы егделеп қалғандықтан, ізбасарлар - жастар жағы ауылдан алыстамағанын қалайды. Сондықтан бар күш-жігерін туган жеріне адал қызмет атқаруға жұмсаудан жалықпайды. Мұндай қамқорлықты өзінің азаматтық парызы деп біледі. Ауылда соңғы екі жылда 9 зәулім үйлер бой көтерді. Алмағайып заманда тұралап қалған шаруашылықтар еңсесін көтеріп, ата- кәсіпке қайта бет бұра бастады.

Ең алдымен адам капиталы мен әлеуметтік саясаттың жаңа принциптерін, сол арқылы тұтас халықтың берекелі өмірін көздейтін бағыттарды басым етті. Яғни, жергілікті биліктің алдында өңірлерді дамыту үшін аса зор жауапкершілік пен міндет жүктеліп отыр.



Сурет 2 – «Агротехнология» факультетінің Малшаруашылық өнімдерін өндіру технологиясы студенттері Уахитов А.Т. курстастарымен тәжірибе үстінде

Мал басын жұқпалы аурудан аман сақтау мақсатында, жыл бойы ветеринарлық профилактикалық жұмыстар өз мерзімінде өткізіліп тұрады. Мемлекеттік атқарушы органдардың негізгі міндеттерінің бірі қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге көмек көрсету болып табылады.

«Көзін тапсаң ауылда кәсіптің түрі көп». Ұсақ қашалық жайылымдық учаскелерге бөлінген суармалы мәдени жайылымдарда, фермада немесе жайылымдық ортада тәулігіне малды үш рет суарудың экономикалық жағынан ақталуы да мүмкін.

Егер жайылым фермадан немесе жайылымдық ортадан үлкен қашықтықтарға алыстатылған болса, малды әрбір қашада сумен жабдықтауды қарастыруға болады. Жайылымда су ішетін құралдардың мөлшері астауға екі жағынан да келуін қамтамасыз ету есебімен 1 ірі қара және жылқы үшін 0,5 м, қойларға 0,2 м қабылданды. Бір жақты қолданылатын астаулардың ұзындығы 1,5 есе ұзарады.

Уахитова Жақышжан Дуабекқызы Ақкөл Жайлма өңірі ардақ тұтқан асыл адам. Тамырын тереңге жіберген, жапырағы жайқалған әулиеттің дінгегі Жақышжан әжемнің өмірі ел игілігі жолында адал өрілген. Ал менің айтарым дүние дәрігерлерінің өте пайдалы деп жаһанға жар салып жүрген қазақтың қымызын әжем жастайынан сауып, барлық балалаларын осындай денсаулыққа

пайдалы сусынмен баптап өсірген. Асыл әжемнің тәлім – тәрбиесін өнеге тұтқан анам Каримова Айжан Әубәкірқызы бүгінде жылдың төрт ауысымында да бие сауып, қымызын баптайды. Нағыз қазақтың сусынын ішіп өскен кез-келген қазақ баласы, қазақ ұлтының ұлттық тағамын қадір тұтары сөзсіз. Ауыл тұрғындары үшін өте пайдалы. Кейінгі жылдары Германия олимпиадаға баратын оғландарын қымызбен баптайды екен. Бие сүтінен түрлі дәрумендер жасап спортшыларын дайындайды. Ал Белгия саумалдан шоколад әзірлеп, балмұздақ құйып, балаларын тәттіден ажыратыпты. Ғалымдардың айтуынша бие сүті мен ана сүтінің құрамы өте ұқсас. Европалықтардың ерекше мән беріп отырғаны сол, яғни осы күні сиыр сүті қосылатын балмұздақ, иогурт секілді дәмділердің бәрі бие сүтінен де жасауға болады.

Ал бізде ше? Ұлттық сусын өндірісінің кешенді бағдарламасы әлі күнге дейін жоқ. Сондықтан бабалар ішкен бал қымыз басқа сусындармен бәсекеге түсе алмай отыр. Әлі күнге дейін кей қандастарымыз ауруға ем, сауға қуат беретін шұбат пен қымыздан гөрі көпіршеген сыраға үйіршек. Дегенмен жақсы қымыз болса іздеп жүріп ішетіндер де баршылық. Екібастұз бүгінде балдай тәтті қымызымен танылған өңір десек артық айтқандық емес. Өңірде бие сауып қымыз әзірлейтін отбасылар баршылық. Әйтеуір қуантатыны қазақтың түп тамыры, қымыздан ажырап қалмағаны [4].

Ауыл шаруашылығы өндірісіне табиғат жайылымдықты кеңінен енгізбей тұрақты азықтық қор құру мүмкін болмайды. Олар ірі азық пен жайылымдық азық өндірісін көбейтудің бірден-бір көзі болып табылады. Қазақстан тарихи мал шаруашылықтық аймақ. Жайылым жем-шөптің негізгі түрі болып табылады. Сондықтан жайылымдық мал шаруашылығының дәстүрлік салалары қой шаруашылығы, етті ірі қара, табандық жылқы дамыған. Өңірде кезендік жайылымдарда да тұрақты шаруашылықтар ұйымдастыру, оларда пайдаланатын жерлердің тұрақты шекараларын белгілеу, дәстүрлі әр кезендік, жайылымдық алқаптарға көшу жолдары да алға қойылған. Басқа сөзбен айтқанда бұрынғыдай жайылымдық шөп жерлер шаруашылықта жеткілікті, енді олар төрт маусымда пайдаланылатын жайылымдарға орналастырылады [5].

Сумен жабдықтау тәсілдеріне байланысты суармалы жайылымдардағы мал үшін су шығынының мөлшері жайылымдық орталықтағы (фермадағы) және кезекті жайылудағы тікелей қашалардағы су ішетін орындарға қарай мөлшерлеп бөлумен орналастырады.

Жаңа ұйымдастырылған жағдайларда шаруашылықтар сол жусанды шаруашылықты сызық соранды немесе астық тұқымдасты жусанды жайылымдарды енді ең кемінде үш маусымда көктемде, жазда, күзде, ал бірқатар аудандарда қыста да пайдалануға болады. Қазіргі кезде көптеген отарлар төлдеудің, ал кейбір шаруашылықтарда тіпті қой қырқудың аяғына дейін яғни жаздың ортасына дейін жүргізіледі. Жаңа совхоздар жұмыс істеген алғашқы жылдары жайылымдарды жүйесіз пайдаланудың теріс жақтары аса көп білінбеді. Құрғақ аудандарда мал бастары өсті, қой етінің, жүнін қаракөлдін, басқа да қой шаруашылығының өнімдері көбейді. Республикадағы қой саны 34 млн өсіп, Қазақстан тарихында еш уақытта болмаған көрсеткішке жетті. Сол кездегі негізгі мәселелер қысқа мал азығын дайындау мен жайылымдарды суландыру еді. Егер сумен жабдықтау мәселелері шешілсе, бұл қалған жайылымдықтар мал шаруашылығының барлық мәселелерін де шешеді деп есептелді. Атқа міну мәдениеті мен жылқы шаруашылығы жер жүзіне Ұлы даладан тарағаны тарихтан белгілі. Жылқыны тұңғыш рет қазіргі Қазақстан аумағында қолға үйретілгені дәлелденді. Мен қазақ мәдениетін мақтан тұтамын [6].

Иә, мен жоғарғы білім алып отырған «Агротехнология» факультетінің құрылғанынан биыл 10 жыл толып отыр. Еліміздің болашағы жастарға білім беріп, ел ертеңі Отандық экономикаға тың серпін беретін елеулі күш - мал шаруашылығының қырсырын толық менгертіп жатқан ұстаздарыма алдағы уақытта үлкен шығармашылық белес пен толағай табыстар тілеймін.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы 5.10.2018 ж.
- 2 Жайылым және экология (Қ. Ә. Асанов, Р. Е. Елешев, И. И. Алимаев) Алматы «Ғылым» 2001 жыл.
- 3 «www.pavlodarnews.kz» веб-сайтынан.
- 4 Табиғи жайылымдарды беткі жақсарту.
- 5 Жайылым өнімділігі және анықтау әдістері.
- 6 «Ұлы даланың жеті қыры» 21 қараша 2018 жыл.

ЭПИЗОТИЧЕСКАЯ СИТУАЦИЯ ПО ЛЕЙКОЗУ КРС В ПАВЛОДАРСКОМ РЕГИОНЕ

УСЕНОВА Л. М.

к.вет.н., ассоц. профессор, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

АКИЛЬЖАНОВ Р. Р.

к.вет.н., профессор, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Анализ данных Международного эпизоотического бюро (МЭБ) свидетельствует о неравномерности распространения лейкоза крупного рогатого скота в мире, которое преимущественно наблюдают на европейском континенте, где количество неблагополучных пунктов, от общемирового показателя, составляет 84 %, а количество больных животных достигает 99,6 %.

Лейкоз крупного рогатого скота получил широкое распространение во всех субъектах Республики Казахстан и в частности в Павлодарской области. В Казахстане впервые лейкоз крупного рогатого скота был зарегистрирован в 1966 году в Алматинской и Карагандинской областях.

Лейкоз крупного рогатого скота в Законе «О ветеринарии» в Республике Казахстан внесен в список «Особо опасных болезней сельскохозяйственных животных» и ему присвоен код 1110 [1–6].

Анализ эпизоотической ситуации по лейкозу Павлодарской области даны в разрезе районов и хозяйствующих субъектов. По Павлодарской области в соответствии с показателями развития племенного животноводства, функционируют племенные субъекты, занимающиеся разведением мясных и молочных пород крупного рогатого скота, расположенных в разных районах области.

Кроме того, имеются крестьянские и фермерские хозяйства по всей территории Павлодарской области, в основном товарных с разведением молочных и мясных пород крупного рогатого скота. И, конечно же, частный сектор или хозяйства населения, в котором находится большая часть скота от общего поголовья Павлодарской области.

Таблица 1 – Данные исследований на лейкоз по Павлодарской области за 9 месяцев 2017 года, голов

Районы	Лейкоз крс		
	План годовой	Всего исследовано	Положительные
Актогайский	0	0	0

Баянаульский	373	373	0
Железинский	421	250	44
Иртышский	96	112	20
Качирский	132	132	4
Лебяжинский	227	210	2
Майский	150	150	69
Павлодарский	576	576	28
Успенский	236	109	0
Шарбақтынский	60	60	0
г.Ақсу	196	109	0
г.Павлодар	22	22	0
г.Экібастұз	431	339	0
ИТОГО	2921	2442	167

В таблице 1 показаны данные исследований на лейкоз по Павлодарской области за 9 месяцев 2017 года. Из всего обследованных 2442 голов лейкоз зарегистрирован у 167 голов крс.

Среди всех административных участков выявлены случаи лейкоза по Железинскому 44 случая, Иртышскому – 20, Качирскому – 4, Лебяжинскому – 2, Майскому – 69 и Павлодарскому району – 28 случаев.

В следующем рисунке эти данные показаны в графике.




Рисунок 1 – Данные исследований на лейкоз по Павлодарской области за 9 месяцев 2017 года

Таблица 2 – Регистрация лейкоза по хозяйствующим субъектам Павлодарской области, голов

Хозяйствующие субъекты	Исследовано голов	Положительно	Примечание
Казахстанский сельский округ ТОО «Агро Ондрыс»	250	44	Забито ТОО «Ет Бастау», справка о забое № 125 08.11.2017г
Кызылжарский с/о, ТОО «ОХ Иртышское»	45	13	Акт забоя от 09.06.17 по 18.07.17 г
Кызылжарский с/о, ТОО «ОХ Иртышское»-10.08.17	67	7	Акт забоя от 13.10.17 года
Ивановский с/о, Давыденко Н.П.-10.08.17	132	4	Сданы на УП ФХ «Ивченко», проведена дезинфекция
Жамбылский с/о, ТОО КХ «Рассвет»-10.08.17	210	2	Животные забиты для личных нужд 17.08.2017г
Заринский с/о, КХ «Акпура»-10.08.17	40	2	Акт забоя от 15.08.2017
Григорьевский с/о, КХ «Жана-Кала»	50	24	Забой в ТОО «Темироком»-справка от 08.09.2017 года
Казанский с/о, КХ «Темиржан»-15.06.17	150	69	Акт забоя от 22.06.2017
Ольгинский с/о, КХ «Ертіс»-10.08.17, 14.11.17	40	2	Акт забоя от 20.11.2017
Итого	984	167	—

Срок сева - агротехнический прием, позволяющий ставить растения, в течении всего периода вегетации в определенные условия произрастания, что оказывает существенное влияние на их продуктивность. Правильный его выбор можно сделать только при всестороннем учете биологических требований культуры, сорта и их реакции на изменение условий развития, при хорошем знании климатических условий за вегетационный период, в частности: температуры почвы и воздуха в период посева, характера, времени и продолжительности атмосферной засухи, времени выпадения весенних и летних осадков, времени наступления осенних заморозков; водного и питательного режимов почвы; степени засоренности каждого предшественника, а в производственных условиях - при учете состояния оснащенности техникой, кадрами.

В Европейской части СНГ по данным Н. Н. Кулешова и др. лучшими сроками посева для яровой пшеницы считаются ранние, что объясняется, прежде всего метеорологическими условиями [1, 2]. В осенне-зимний период там выпадает значительно больше осадков, чем, например, в Сибири, почвы меньше промерзают и быстрее оттаивают весной, максимум осадков бывает в первой половине лета. Послеуборочный период более длинный, что позволяет лучше очищать поля от сорняков. Совершенно иные условия в Северных областях Казахстана, Западной и Восточной Сибири. Зимы здесь малоснежные, холодные. Почвы промерзают до 2,0-2,5 м и весной долго оттаивают. Весны затяжные и холодные.

Характерна майско-июньская засуха и резко выражен июльско-августовский максимум осадков. Для этой зоны более благоприятными сроками посева по данным К. Г. Мирошниченко, В. К. Мовчан, Л. Г. Несчетная, Т. В. Олейникова для зерновых будут такие, при которых период наибольшего потребления влаги растениями приходится на вторую половину лета (июль), а созревание их заканчивается к началу осенних заморозков [3, 4].

Как показали наши исследования отбор почвенных образцов при одних и тех же запасах почвенной влаги и одинаковом количестве атмосферных осадков, можно в больших пределах регулировать расходование влаги на единицу продукции (таблица 1).

Таблица 1 – Общий расход продуктивной влаги на 1 ц зерна из слоя почвы 0–100 см за вегетационный период при разных сроках посева яровой пшеницы Павлодарская 8, мм.

Сроки посева	Расход влаги, %
30 апреля	100
5 мая	84,2
10 мая	77,1
15 мая	66,2
20 мая	69,9
25 мая	74,4
30 мая	70,1

Расчеты показали, яровая пшеница сорта Павлодарская 8 на посевах в оптимальные сроки (15-25 мая) расходовала на 1 ц зерна за вегетационный период на 24 % меньше продуктивной влаги, чем на раннем посеве. Все это говорит о том, что в условиях резко континентального, засушливого климата правильное её использование, находящееся в прямой зависимости от оптимального сроков сева.

При посеве в оптимальные сроки яровой пшеницы предпосевной обработкой удается уничтожить всходы сорняков, и наиболее опасного из них – овсюга, семена яровой пшеницы заделываются в прогретую почву, появляются дружные всходы, фазы наибольшего потребления воды (выход в трубку – колошение) у таких посевов совпадают с максимумом летних осадков, что положительно сказывается на урожайности [5]. При этом как показали наши учеты, чем позднее срок посева, тем продуктивнее используются осадки второй половины лета на рост и развитие яровой пшеницы (таблица 2).

Анализ результатов - практиков по срокам сева яровой пшеницы в Северных регионах Казахстана показала, решительный поворот

к оптимально поздним срокам посева произошел после 1963 года [6]. В опытах М. К. Сулейменова максимальная урожайность была достигнута при посеве 30 мая - 5 июля (13,2-13,8 ц/га) с превышением в 2,5 раза по сравнению с посевом в начале мая. Однако, по мнению автора для рекомендации производству сеять яровую пшеницу в эти сроки на сегодня нет оснований. Одной из причин является то, что один раз в 10-12 лет в северных областях Казахстана повторяются холодные годы, когда в посевах позднее 20 мая сильно снижается урожай и резко ухудшается его качество. В некоторые годы неблагоприятная погода во время посевной компании может растянуть время посева на 15-20 дней.

Таблица 2 – Показатели роста и развития яровой пшеницы Павлодарская 8 в зависимости от сроков посева.

Срок посева	В период колошения			В период уборки	
	Высота растений, см	Развитие вторичных корней		Число зерен в колосе	Масса 1000 зерна (г)
		число	Масса (г)		
30 апреля	57	4,3	0,16	15,5	32,9
5 мая	64	4,8	0,16	16,7	33,7
10 мая	42	5,2	0,11	17,3	33,9
15 мая	39	5,4	0,16	16,2	34,2
20 мая	48	5,4	0,18	17,1	34,4
25 мая	42	5,5	0,25	16,1	35,4
30 мая	53	6,2	0,21	17,1	35,5

Наши одногодичные результаты по влиянию сроков посева на урожайность яровой пшеницы Павлодарская 8 показали следующие результаты (таблица 3).

Таблица 3 – Влияние срока посева на урожайность яровой пшеницы Павлодарская 8

Сроки посева	Урожайность, ц/га	
	зерна	соломы
30 апреля	5,0	4,1
5 мая	3,1	5,2
10 мая	3,1	3,9
15 мая	2,5	3,2
20 мая	4,9	3,8
25 мая	9,3	6,8
30 мая	5,2	5,1

По результатам 2015 сельскохозяйственного года наиболее оптимальными сроками посева яровой пшеницы сорта Павлодарская 8 оказались период с 20 по 30 мая, наибольшая урожайность получена при посеве 25 мая (9,3 ц/га).

Более ранние сроки посева оказались неудачными, так как урожайность в 3 раза меньше. В нашем случае, при посеве в ранние сроки растения в критический период потребления влаги продолжительное время находились под летней засухой, что привело к низкорослости, снижению количества вторичных корней на растении и числа зерен в колосе.

Значит, чем позднее срок посева, тем продуктивнее используются осадки второй половины лета и тем выше урожай.

Одним из практиков, которое долгое время изучал сроки яровой пшеницы в нашем соседнем регионе России – Курганской области Т.С. Мальцев говорил следующее:

«Что можно сказать о сроках сева в нашем Зауралье, когда большие площади бывают, не подготовлены с осени?». Ранний сев пшеницы целесообразно проводить по зяби, особенно там, где нет овсяга. Что же касается пара, который был хорошо подготовлен, то он вряд ли успеет достаточно подсохнуть к моменту самого раннего сева, ведь он всегда подсыхает позднее зяби. Таким образом, на ранний посев более всего подает надежду зябь. Таким образом, на ранний посев более всего подает надежду зябь. Конечно я не намерен отказывать в раннем севе и по весновспашке, так как во многих хозяйствах зяби очень мало и они не могут всю весновспашку оставлять под поздний посев. Надо так рассчитать свои силы, чтобы хорошо и с большей пользой употребить их для других сроков сева.

Видимо, и ранние и поздние посевы будут проводиться и по парам, и по зяби, и по весновспашке. Может быть, в некоторых случаях и пар успеет подсохнуть для раннего сева, тогда, безусловно, и по нему можно сеять рано. Только лушению, будь оно осенним или ранневесенним, я не советовал бы сеять рано. Уж очень велика здесь опасность появления мелких сорняков в посевах, даже овсяга, так как семена их во взлущенной почве заделаны мелко теплой погоде очень быстро и дружно прорастают. На взлущенных с осени полях надо обязательно дожидаться, всходов сорняков и только после их уничтожения предпосевной обработкой проводить сев. Сеять рано по лушению можно лишь там, где заведомо известно, что нет мелких сорняков.

По весновспашке можно сеять и не очень рано. Но в этом случае почва должна быть хорошо проторонована и прикатана; чтобы влага, могла долгое время сохраняться. Не дай бог, если пахота будет ранней, а влагу как следует не закроют. Тогда при сухой погоде ко времени сева влаги в почве не останется, хороших всходов, а стало быть и хорошего урожая не будет. В этом случае по весновспашке уж лучше посеять раньше, тогда хоть всходы могут быть хорошие.

По моему мнению чтобы на всех полях получить хороший урожай, землю нужно хорошо готовить как для раннего, так и для позднего сева. Вынужденного позднего сева быть не должно – это равносильно обречению посевов на неурожай.

При предпосевной обработке не следует злоупотреблять глубиной, нужно проводить ее на глубину заделки семян, чтобы она обязательно ложилась на уплотненный влажный слой.

Поздними сроками сева могут быть по разным причинам, а потому и имеют разные последствия. Ведь нередко под поздние посевы землю специально не подготавливают, а поздно сеют потому, что не справляются с севом, затягивают его. Тут большая разница. Если заранее подготовиться к позднему севу и произвести его обдуманно, то влага ко времени сева в почве будет сохранена. В том случае, когда с севом просто запаздывают, не подготовившись к нему, почва может быть иссушена.

Кроме того, в первом случае сорняки перед севом будут уничтожены, а во втором они сохранятся. При специальной подготовке к позднему севу высевают раннеспелый сорт пшеницы или другой культуры, а при запаздывании с севом могут быть посеяны позднеспелые культуры или сорта не соответствующие этому сроку сева. В первом случае могут быть хорошими всходы и урожай, который во время созреет, а во втором – плохие всходы и урожай, который не успеет созреть, и внем возможен подгон. Еще раз подчеркиваем: посевы, проведенные в поздние сроки, могут быть удачными лишь в том случае, когда земля, люди и машины будут заранее и хорошо подготовлены к этому и будут посеяны раннеспелые сорта.

Раздельная уборка урожая избавляет от возможной опасности повреждения незрелых хлебов ранними осенними заморозками. Поздние посевы, дающие хороший урожай, требуют на уборке более высокой организованности, так как уборочный период короче, он сложнее, чем при уборке урожая ранних сроков сева.

Поэтому считаем, на сегодняшний день сроки посева сорта Павлодарская 8 менять не следует.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Кулешов Н. Н. Формирование, налив и созревание зерна яровой пшеницы в зависимости от условий произрастания. – Тр. зап. Харьковского с.-х. ин-та, 1951, т. 7.
- 2 Лэмб Ч. А. Физиология. – В кн.: Пшеница и ее улучшение. – М., 1970.
- 3 Мовчан В. К. Морфо-биологические особенности и продуктивность яровой пшеницы в зоне Северного Казахстана. – Селекция и семеноводство полезных культур. – Труды ВНИИЗХ, 1974, т.б.
- 4 Олейникова Т. В. Физиологические методы оценки пшеницы на засухоустойчивость. – В кн.: Повышение засухоустойчивости зерновых культур. – М., 1970.
- 5 Слейчер Р. Водный режим растений. – М., 1970.
- 6 Волков Е. Д. Листовая и почвенная дивгностика условий питания яровой пшеницы в Северном Казахстане // Вестник с-х науки, Алма-ата, 1969. № 11.

РММ МОТР «ЕРТИС ОРМАНЫ» ПИТОМНИГІНІҢ СУАРУ ЖҮЙЕСІ

ЕСУМХАНОВА А. К.
студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
КАСАНОВА Ж. Б.
аға оқытушы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Орман питомнигі – бұл ағаш отырғызу материалын өсіруге арналған дербес кәсіпорын немесе оның мамандырылған бөлігі. Өзінің көлемі мен мақсаты бойынша орман питомниктері уақытша және тұрақты болып бөлінеді.

Питомник ұйымдастыратын жерді таңдау кезінде келесі көрсеткіштерге назар аударады жалпы есептелген питомник көлеміне; таңдалған учаскенің жағдайына өсірілетін ағаш және бұтаның биологиялық сәйкестігіне; қатынасу жолдарының ыңғайлығына; учаскеде машина мен механизмдер қолдану мүмкіншілігі; табиғат қорғау және санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкестігі.

Орман питомниктерін су көзі жақын жерлерге ұйымдасстыру керек. Суаратын суы тұщы немесе суда еритін тұздардың мөлшері аз болу керек. Жер астындағы су бір метрден жақын су басатын, жаңбыр және еіген су ұзақ жерсінбей тұратын жерлер питомник

ұйымдастыруға жарамайды. Айтылған жерлерде көшеттердің өсуі ұзақ күзге дейін созылады, өсімдіктер толық жетілмейді, сондықтан қысқы суықтарға шыдамай өсімдіктерге зақым келеді. Ерте көктемде өткізілетін себу және көшеттер отырғызу жұмыстары дымқыл жерлерде созылады сонымен бірге басқа жұмыстар да кеш өткізіліп керекті нәтиже алынбайды. Мысалы: дымқыл жерде өскен көшеттердің тамыр жүйелері нашар дамиды, отырғызылған кезде нашар жерсінеді және әртүрлі ауруларды тез қабылдайды.

Су жүйесі қосымша ауданның шамамен 1% алады. Сеппелерді суару – барлық орман өсу аймақтарында сеппелерді өсіруде керекті әсерлі агротехникалық әдіс. Орман тұқымбақтарында суару негізінен жанбырлатқыш әдіспен жүргізіледі. Суарудың басқа әдісі – қарыққа шектеулі қолдануға ие болады. Суару жүйесі өсірілетін тұқымдардың биологиялық ерекшелігімен, климаттық факторымен және сеппелердің даму кезеңімен (фенологиялық кезеңі) анықталады.

2012 жылдың күзінде «Ормандарды сақтау және республика аумағында орманды жерлерді ұлғайту» Дүниежүзілік банкінің жобасын жүзеге асыру аясында жалпы аумағы 30 га тамшылатып суландыру жүйесімен жаңа тұрақты орман тұқымбағы іске қосылды. Салуға 114 млн. теңге шығын жұмсалды.

Аталған жобаның мақсаттағы бағыты «Ертіс орманы» МОТР РММ аумағында қарағайлы ормандарды қалпына келтіру процесінде жоспарланған орман екпелерінің көлемін қамтамасыз ету үшін кәдімгі қарағайдың отырғызу материалын өсіру болып табылады. 2013 жылдың көктемінде 12 га аумағында сыналып отырғызу жасалды.

Бүгінгі күні егілген аумақ 9 га құрастырады, оның ішінде 2016 жылғы егулер 4,5 га және 2017 жылғы егулер 4,5 га құрастырады. Егу 6 сызықты схема бойынша, тұқым сепкішпен жасалды.

Қазіргі уақытта 2016 жылы отырғызылған материалдың екпелерінің саны күзгі түгендеулерге келісе, 13 142 598 дана құрастырады.

Тұрақты орман тұқымбағының аумағында екпе көшеттерді қажетті ылғалдылықпен қамтамасыз ету үшін, көлемі 600 м³ су қорына арналған бассейн, екі су жіберетін тереңдік саңылаулары бар (сонымен қатар орман тұқымбағының ар жағында үшінші өрт саңылауы істеп тұр). Тұқымдарды, тыңайтқыштарды, басқа да жабдықтауларды және керек – жарақтарды сақтауға арналған қоймалар, демалыс бөлмелері бар.

Тамшылатып суару – өсімдіктің тікелей тамырлық зонасына құбырлар, түтіктер, эмиттер көмегімен суды баяу тамшылату

арқылы суаруға мүмкіндік теретін тәсіл. Сонымен қатар, оны тыңайтқыштарды үнемдейтін ерекше суару түрі деп те атайды. Тамшылатып суару әдісі бүгінде Батыс Еуропа елдерінде кеңінен қолданылады. Ақылды технологияларды агросалаға енгізгелі бұл тәсіл шет елдерде арнайы құрылғылардың көмегімен жұмыс жасауда. Алайда, бұл жаңа технологиялар тамшылатып суару әдісінің жақын аралықта пайда болғанын білдірмейді. Оның тарихы б.з.б. I ғасырдан бастау алады. Бұл кезеңде тамшылы суарудың қарапайым түрі қолданылған. Сол заманның ғұламалары өз еңбектерінде егістікті суару үшін жерге сумен толтырылған қыш құмаралардың көмілгендігін жазған. Яғни, жерді ылғалдандыру үшін егін егушілер ортасында осындай әдіс қолданылған.

Тамшылатып суару кезінде құбырдың бітелуінің алдын-алу үшін арнайы сүзгілер қолданылады. Ережелер бойынша, ауыз су ретінде пайдануға сәйкес тазартылмаған суды ауада шашуға да рұқсат етілмейді екен. Дұрыс жоспарланып, жобаланған және басқарылған суару жүйесі булануды азайтып, су ресурстарының сақталуына септігін тигізеді. Себебі, бұл әдіс арқылы судың өсімдік тамырына жетуі дәлірек жүреді. Тамшылатып суару әдісінің негізгі артықшылықтары:

- алқапты тегістеуді қажет етпейді;
- топырақ эрозиясы азаяды;
- арамшөптер жиі шықпайды;
- басқа суару түрлеріне қарағанда, еңбек құны аз;
- тыңайтқыштар мен құнарлы заттардың жоғалуын азайтады;
- ең негізгісі, суды үнемдейді.

Тамшылатып суару әдісінің кемшіліктері:

- технологияларды сатып алу үшін, алғашында көп шығын шығады;
- жабдық қадағаланбаса бітелуге әкеледі;
- құбырлар кеміргіштердің кесірінен жиі жарамсыз болып қалады.

Шет мемлекеттерде бұл әдісті көбіне жылыжайларда, аспалы бақтарда қолданады. Тамшылап суару – тамырға суды, тыңайтқыштарды және өсімдіктерді зиянкестерден қорғайтын агрохимиялық заттарды біркелкі жеткізу үшін де қолданылады. Өсімдікті суару үшін құбырларды топырақтың астымен де, үстімен де жүргізуге болады. Бүгінде бұл әдістің тиімділігін еліміздің шаруагерлері жақсы біледі. Осыған сәйкес, осы жүйеге өтіп жатқандардың да саны көбейіп келеді. Екпе көшеттерге тұрақты

күтіп-баптау жұмыстары жасалып тұрады. (арам шөптен арылту, қопсыту, тыңайтқыштар еңгізу және т.б.)

Жұмылдырылған техника: МТЗ-82 тракторы – 1 бірлік., УАЗ – 1 бірлік, автобус – 1 бірлік.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан орманшысының анықтамалығы, Астана 2012ж.

PHASEOLUSVULGARIS ӨСІМДІГІ ТАМЫРСАБАҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫНА АУЫР МЕТАЛДАРДЫҢ ӘСЕРІ

ИГИЛИКОВА Ж.

магистрант, М. Х. Дулати атындағы
Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қ.

ТЛЕПОВ А. А.

а./ш.ғ.к., доцент, М. Х. Дулати атындағы
Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қ.

АУБАКИРОВ Х. А.

а./ш.ғ.к., доцент, М. Х. Дулати атындағы
Тараз мемлекеттік университеті, Тараз қ.

Республикамыздың экологиялық, яғни қолайсыз климаттық жағдайларының (қуаңшылық, құрғақшылық, нөсер жауын, жел, боран т.б.) күннен күнге өршуіне байланысты ғалымдардың, ауылшаруашылық мамандар мен өндірушілердің алдында ауылшаруашылық дақылдардың (бидайдың) қолайсыз факторларға төзімділігін арттыру және жоғары сапалы өнім алу өзекті мәселеге айналған.

Ауыр металлдардың фитотоксинділігі және өсімдіктің оған тозімділігі көптеген жағдайларға байланысты. Топырақ ерітіндісіндегі ауыр металлдардың мөлшері тірі организм үшін айтарлықтай мәнге ие.

Өсімдіктерге ортақ қасиет толерантылық-қоршаған ортада, әсіресе топырақта микроэлемент артық мөлшерінде де өз тіршілік сақтау қабылеті. Өсімдікте металлдардың жоғарғы концентрациясына онша шыдамды болмаса да, олардың бұл металлдарды өзіне жинайтыны және ауыр металлдармен қатты ластанған топырақта тіршілігін жалғастыратыны белгілі.

Толерантылық қатты ластанған аймақта өсіп жетілген өсімдік түріне, сондай-ақ басқалармен салыстырғанда ауыр металлдардың жоғары концентрациясына бейімделген жеке өсімдіктерге де жатады

Ауыр металдардың фитотоксинділігі және өсімдіктің оған төзімділігі көптеген жағдайларға байланысты. Топырақ ерітіндісіндегі ауыр металдардың мөлшері тірі ағзалар үшін айтарлықтай мәнге ие.

Жер бетінде ауыр металдардың таралуында атмосфера айтарлықтай орын алады. Әр түрлі өдірістердің нәтижесінде атмосферада жиналған ауыр металдар жауын-шашын арқылы жер бетіне келіп түседі. Олар топырақтың құрамына тереңірек еніп, ондағы әр түрлі органикалық қосылыстармен реакцияға түседі. Сөйтіп, үлкен комплексті қосылыс түзіледі. Соңында келіп, жердің топырақ қабатындағы әр түрлі бактерияларға, өсімдік тамырына және әр түрлі микроорганизмдерге улы әсерін тигізеді [1]. Жер бетіне түскен жауын-шашынды қорғасын, кадмий, никель, мырыш, мышьяк және т.б. элементтер болуы мүмкін [2].

Қоршаған табиғи ортаның ластануы және экологиялық мониторинг мәселесіне арналған жұмыстарда қазіргі уақытта ауыр металдарға Д. И. Менделеев кестесіндегі атомдық массасы 50 атомдық бірліктен асатын және тығыздығы $>5 \text{ г/см}^3$ жететін 40-тан аса металдар жатады. Н. Реймерс жіктеуі бойынша, ауыр металдарға тығыздығы 8 г/см^3 болатын V, Cr, Mn, Fe, Co, Ni, Cu, Zn, Mo, Cd, Sn, Hg, Pb, Bi жатады. Косаковская И. В. [3] мәліметінше олардың ішінде ең кең тараған және тиолды улар болып есептелетін ауыр металға қорғасын жатады. Олардың жыл сайынға биогеохимиялық айналымда жүрген мөлшері жүздеген тоннаға жетеді.

Байганов Ж. К., Силыбаева Б. М., Рахимбаева К. Г. [4] мәліметтерінше Жер бетінде ауыр металдардың таралуында атмосфера айтарлықтай орын алады. Әр түрлі өдірістердің нәтижесінде атмосферада жиналған ауыр металдар жауын-шашын арқылы жер бетіне келіп түседі. Олар топырақтың құрамына тереңірек еніп, ондағы әр түрлі органикалық қосылыстармен реакцияға түседі. Сөйтіп, үлкен комплексті қосылыс түзіледі. Соңында келіп, жердің топырақ қабатындағы әр түрлі бактерияларға, өсімдік тамырына және әр түрлі микроорганизмдерге улы әсерін тигізеді. Жер бетіне түскен жауын-шашынды қорғасын, кадмий, никель, мырыш, мышьяк және т.б. элементтер болуы мүмкін.

Тлепов А. А., Игиликова Ж. [5] өсімдіктердің физиологиялық және биохимиялық процестеріне ауыр металдардың улы әсерін зерттеген. Автордың мәліметтерінде морфометриялық өлшемдердің көрсеткіштері бойынша ластану дәрежесі жоғары бірінші нүктедегі *Artemisia marschalliana* сабағының эпидермис қалыңдығы

20,26±0,87 мкм болды, ал бақылау нүктесінде 9,97±0,97 мкм; алғашқы қабық қалыңдығы ластану нүктесінде 157,50±1,25 мкм, бақылау нүктесінде 34,52±2,87 мкм; склеренхима қалыңдығы ластану нүктесінде 52,21±2,24 мкм, бақылау нүктесінде 45,44±2,18 мкм; ксилема түтігінің диаметрі ластану нүктесінде 10,17±0,85 мкм, бақылау нүктесінде 10,69±0,38 мкм; өзек паренхима жасушаларының диаметрі ластану нүктесінде 32,61±0,78 мкм, бақылау нүктесінде 17,33±0,48 мкм болды.

Атмосфераға ауыр металдардың таралу көзі жер бетіндегі мамандандырылған өнеркәсіп пен энергетикалық өндірістер болып табылады. Олар жылу және басқа да электростанциялар (27%), кара түсті металлдар өндірісі (24,5%), мұнай шығару және өндіру өндірісі (10,5%), сондай-ақ құрылыс жабдықтарын өңдейтін және шығаратын өндірістер (8,1%) болып табылады.

Жамбыл облысында орналасқан Қаратау, Жаңатас қалаларында кен орындарын өндіруге арналған зауыттар бар. Тараз қаласы аумағында да ірі фосфор, суперфосфат, гипс кордон зауыттары мен басқа да кішігірім өндіріс орындары жұмыс істейді. Мұнда әсіресе фосфор, суперфосфат, гипс кордон зауыттары қалаға жақын аймақтарда орналасқандықтан, өндіріс қалдықтарын қоршаған ортаға (ауа, топырақ, су, өсімдіктер және т.б.) шығарып, экологиялық ахуалдың бұзылуына өз әсерін тигізуде.

Біздер, өз тәжірибелерімізде, Тараз қаласы маңындағы фосфор, суперфосфат зауыттары орналасқан өндірістік аймақтарында өсетін өсімдіктердің морфологиялық ерекшеліктерін зерттеуді мақсат тұттық. Зерттеу нәтижесінде *Artemisia marschalliana* өсімдігінің табиғи жағдайда сабағы мен жапырағының анатомиялық құрылысы ерекшеліктеріне баға берілді (1-кесте).

Кесте 1 – *Phaseolus Vulgaris* тамырсабағының анатомиялық өлшемдері

Көрсеткіштер	Эпидер-мис	Алғашқы қабық	Эндодер-ма	Ксилема	Паренхима өзекшесі
Zn ₁	6,7±0,3	209,4±4,02	12,1±0,7	23,9±1,7	15,8±0,7
Zn ₂	10,7±1,3	1785,8±20,4	17,6±0,7	20,4±1,4	11,4±0,6
Cd ₁	5,5±0,2	117,3±5,2	9,7±0,3	8,7±0,3	26,7±0,8
Cd ₂	12,4±1,6	179,7±13,2	9,8±0,7	21,5±2,2	15,1±0,5
Cu ₁	11,9±0,7	215,8±12,5	9,1±0,4	11,6±0,7	27,1±2,3
Cu ₂	5,6±0,4	195,6±25,4	12,1±0,7	18,4±1,1	25,4±1,2
Pd ₁	11,6±0,6	322,3±3,8	14,9±0,8	17,1±0,6	19,3±0,5

Pd ₂	15,3±0,9	212,4±29,6	14,5±0,4	17,8±0,7	11,8±0,3
Бақылау	14,8±0,7	232,1±18,7	11,8±0,5	19,2±0,8	14,2±0,4

Зертханалық жағдайда *Phaseolus Vulgaris* өсімдігі тамырсабағының анатомиялық зерттеулерінде эпидермис, алғашқы қабық, эндодерма, ксилема, өзек паренхимасының жасушалары өлшемге алынды. Эпидермис қабаты нәзік құрылымды, бір қабатты, оның астыңғы жағында паренхималық клеткалары орналасқан. Оның астыңғы жағында эндодерма қабаты сақина тәрізді болып келеді. Склеренхима клеткалары шоқтың үстінгі жағын қаптап орналасқан. Ксилема клеткалары экзархты, камбий клеткалары шоқ арасында орналасады. Өзек паренхималарының клеткалары ірі, тығыз болып келеді.

Бақылау нүктесінде эпидермис қалыңдығы 14,08±0,7 мкм болды, ал ауыр метал концентрацияларында Pb₂ -де 15,3±0,9 мкм, Cd₂-де 12,4±1,6 мкм, Pb₁ -де 11,06±0,6 мкм, Cu₁ -де 11,9±0,7 мкм, Zn₂-де 10,7±1,3 мкм, Zn₁ -де 6,7±0,3 мкм, Cu₂ -де 5,6±0,4 мкм, Cd₁ -де 5,5±0,2 мкм. Алғашқы қабық қалыңдығы бақылау тобында 232,1±18,7 мкм болса, ауыр метал концентрацияларында Cd₁ -де 117,3±5,2 мкм, Cd₂ -де 179,07±13,2 мкм, Zn₁ -де 1209,4±4,02 мкм, Zn₂ -де 1785,8±20,4 мкм, Pb₁ -де 322,3±3,8 мкм, Pb₂ -де 212,4±29,06 мкм, Cu₁ -де 215,8±12,5 мкм, Cu₂ -де 195,6±25,4 мкм. Эндодерма қалыңдығы бақылау нүктесінде 11,8±0,5 мкм, ауыр метал концентрациясында Cd₁ - 9,7±0,3 мкм, Ксилема өткізгіш шоқтарының диаметрі бақылау нүктесінде 19,2±0,8 мкм, Cd₁ -де -8,7±0,3 мкм, Cd₂ -де 21,5±2,2 мкм, болды. Паренхима өзекшесі жасушалары бақылау нүктесінде 14,2±0,4 мкм, ауыр метал концентрациясында Cd₁ -де 26,7±0,8 мкм, Cd₂ -де 15,1±0,5 мкм, Zn₁-де 15,8±0,7 мкм, Zn₂ -де 11,4±0,6 мкм, Pb₁ -де 19,3±0,5 мкм, Pb₂ -де 11,8±0,3 мкм, Cu₁ -де 27,1±2,3 мкм, Cu₂ -де 25,4±1,2 мкм көрсеткішке ие болды.

Сонымен, топырақ ресурстары жер бетіндегі тіршілікке қажетті ең маңызды алғы шарттардың бірі болып табылады. Алайда оның шын мәніндегі маңызы мен рөлін өз дәрежесінде бағалай алмай келеміз. Топырақ биосфераның компоненттерінің бірі ретінде адам, жануарлар мен өсімдіктер үшін биохимиялық орта болып саналады, ол энергетикалық симдылығы жоғары, топырақ биотасы мен адамдар арасындағы тікелей және жанама әсерлерді тепе – теңдікте сақтап тұра алатын өздігінен тазару процестерінің механизмдерінің аса маңызды қоры болып табылады. Адамдарға азық – түлік пен жануарларға қоректі өндіру үшін қажетті жағыдай тек топырақ арқылы ғана жасалыныды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Альтергот В. Ф. Повреждения, адаптация и устойчивость растений к повышенной температуре в естественной среде// Функциональные исследования. Биологические науки. Новосибирск: Наука, 2001 - С 11-15.

2 Байжанов Ж. Р. Оценка исходного материала озимой пшеницы. Исследования и результаты. КазНАУ, 2007. – С 15-16.

3 Косаковская И. В. Растения и засоление почвы. - Киев, 2008. - С. 9-10.

4 Байганов Ж. К., Силыбаева Б. М., Рахимбаева К. Г. Флористический и возрастной спектры флоры Семипалатинского испытательного полигона// Вестник КазГУ, серия экологическая. - 1999. № 5, - С. 46-57.

5 Нарбота Б. Е, Мухитдинова Г., Игиликова Ж. Өсімдіктердің физиологиялық және биохимиялық процестеріне ауыр металдардың улы әсері. «4-ші Оразов оқулары: Ұлы жібек жолы мұрасы: өркениет диалогы. Өткеннен болашаққа». Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. Еңбектер жинағы, SILKWAY халықаралық университеті, Шымкент, 2018, 325-327 б.

АДЫРАСПАННЫҢ ӨСІП-ӨНУІ, ТАБИФАТТА ТАРАЛУЫ, МАЛШАРУАШЫЛЫҒЫНДА ПАЙДАЛАНЫЛУЫ

ИМАНБЕКОВА А. Б.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

АЛЬМИШЕВ Ұ. Х.

а./ш.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.



Сурет 1

Адыраспан – түйетабандар тұқымдас тарамдалған бұтағы мол көп жылдық өсімдік. Бозғылт сары гүлдері жеке-жеке өседі, жемісі қоңыр түсті, иісі өте жағымсыз. Адыраспан көбінесе шөл-шөлейт жерлерде кездеседі. Шипалы өсімдіктің құрамында гармалин және гармин алкалойдтері, ал гүлі мен бұтағында пеганип алкалойдтері болады. Гүлінің 5 тостағаншасы, 5 күлте жапырақшасы, 15-16 аталығы,

1 аналығы, жемісі қоңыр түсті, ірі ұрығы бар, диаметрі 1см –дей

шар тәрізді қауашақ. Адыраспан шөбінің құрамында гермин, гермамин, пеганин деген алколоидтар бар. Олардың мөлшері өсімдіктің ұрығында 4 пайызға дейін жетеді. Дәрілік шикізат ретінде шілде айында бұтақшаларын, жапырағы мен гүлін жинап алады. Ол – улы өсімдік. Халық емшілері адыраспанды адамның құянын, сегізкөздің жүйке ауруын емдеуге пайдаланған. Мал -дәрігерлік тәжірибеде оның тұнбасымен малдың қышыма қотырын, түрлі тері ауруларын емдейді. Оның құрамында алкалоидтар бар. Халық медицинасында оны буын ауруын емдеуге пайдаланады, қайнатылған суы безгекпен ауырған адамға ішкізеді. Сондай-ақ малдың қотырын да жазады. Адараспаннан жүн мен жіптерді бояу үшін күрең қызыл бояу алынады. Тұқымы мен көк шөбінен алынған тұнбаны адыраспан шаруашылық зиянкестеріне қарсы күреске пайдаланады. Адыраспан – улы өсімдік (құрамында бірнеше алкалоидтар бар), дәмі ащы, мал жемейді. Жаз, күз мезгілінде тұтас денесін, күз мезгілінде жемісін жинап, кептіріп сақтайды. Тұмау тиіп ауырғанда, отбасы мүшелерін адыраспанға тұз қоса отырып аластаудың магиялық функциясымен қатар ем дарытатын қасиеті де бар. Сондай – ақ емшілікте адамның буынын сырқыраудан, аяқ-қолын қақсаудан емдеу үшін адыраспанды қайнатып, сол сумен ауырған мүшені үш мәрте булайды. Жел – күздан қозған буын ауруын емдеу үшін адыраспанның жас сабағын қиып алып, жаншып буынға тарту керек. Суықтан болған ауруға, терісі бөрткен кезде адамды адыраспан суына шомылдырған. Құяңмен ауырған адам адыраспанның сабақ, жапырақтарын қайнатып, күніне ұдайы екі жеті қатарынан ішуі керек. Тіс қақсап ауырғанда, адыраспанның шөбімен ыстағаннан кейін басылады. Ұмытшақтық меңдетсе адыраспанды сабағы мен жапырағын бірге қайнатып ішеді. Көшпелілер кесіртке тәрізді жәндіктер жараланғанда адыраспанға аунап жазылатынын байқаған. Жүн мен қолөнерде қолдананылатын түрлі жіптерді бояу үшін адыраспанды көп мәрте қайнатып, қызылкүрең түсті бояу алады.

Адыраспанның мал шаруашылығындағы пайдасы

Мал дәрігерлігі практикасында адыраспанның тұнбасымен малдың қышыма қотырын, түрлі тері экземаларын емдейді. Тұнба 1:10 қатынаста жасалынады. 200 – 300 грамм ұнтақталған адыраспан шөбі қайнаған 2,5 - 3 литр жылы суға салынып, 1,5–2 сағат бойы тұндырылады. Содан кейін оны бәсеңдеу отқа қойып, 2–3 минут қайнатып алады. Жылы тұнбаны малдың қышыма, қотырына жағып, сондай-ақ оны жуып емдейді. Әдетте адыраспанмен ірі

қара, жылқы, ешкі қышымаларын, экземаларын. Қойдың қотырын емдеуге сирек қолданылады. Адыраспан улы өсімдік болғандықтан, онымен малды емдеген кезде де сақ болған жөн. Халық емінде адыраспанды әр түрлі ауруларға ем ретінде қолданған. Қазақтар бұл шөптің қайнатпасымен тері ауруларын да емдеген. Мал дәрігерлік саласында адыраспан тұнбасымен ботаның қотырын емдейді. Бір ескеретін жайт мал артық мөлшерде емделсе немесе адыраспанды жеп қойса улануы ықтимал. Адыраспан ертіндісі ауылшаруашылық зиянкестерімен күресу үшін қолданылады. Ежелгі бояғыш өсімдік. Тұқымынан қызыл түске бояйтын әсіресе жүннен тоқылған бұйымдарды бояйтын бояу алынады. Туркияда ерте заманнан – ақ адыраспаннан қызыл бояу алып онымен ұлттық бас киімі – фесканы бояған. Ши тоқымасында әлі күнге дейін адыраспаннан жасалған бояуды пайдаланады. Тұқымда 14–16 % май бар, оны сабын қайнатуда және лак бояуын дайындауға пайдаланады. Түйе табандар тұқымдасы ежелгі аты – грек тілінде редапоп- рута, араб тілінде өсімдік деген мағынаны береді. Адыраспан ертіндісінің ауыл шаруашылығындағы зиянкестермен күресте де орны ерекше. Ол сонымен қатар ертеден бояғыш зат ретінде кәдеге асады. Оның тұқымынан негізінен жүннен тоқылған бұйымдарды бояйтын бояу алынады. Мәселен, ши тоқымасында әлі күнге дейін адыраспаннан жасалған бояуды пайдаланады. Түркияда ерте кезеңдерден ақ адыраспаннан қызыл бояу алып, онымен өздерінің ұлттық бас киімдері – фесканы бояған.

Мал шаруашылық саласында адыраспан тұнбасымен ботаның қотырын емдейді. Бір ескеретін жайт мал артық мөлшерде емделсе немесе адыраспанды жеп қойса улануы ықтимал. Мал дәрігерлігі практикасында адыраспанның тұнбасымен малдың қышыма қотырын, түрлі тері экземаларын емдейді. Тұнба 1:10 қатынаста жасалынады. 200-300 грамм ұнтақталған адыраспан шөбі қайнаған 2.5 – 3 литр жылы суға салынып, 1.5 – 2 сағат бойы тұндырылады. Содан кейін оны бәсеңдеу отқа қойып, 2 – 3 минут қайнатып алады. Жылы тұнбаны малдың қышыма қотырына жағып, сондай – ақ оны жуып емдейді. Әдетте адараспанмен ірі қара, жылқы, ешкі қышымаларын, экземаларын, қойдың қотырын емдеуге сирек қолданады. Адыраспан улы өсімдік болғандықтан, онымен малды емдеген кезде де сақ болған жөн. Адыраспанды тіпті ауылшаруашылық зиянкестерімен күресу үшін де қолданады. Адыраспанның түтінімен үйді, қойманы аластаған, яғни зарарсыздандырған.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Жетісу. Энциклопедия. - Алматы: «Арыс» баспасы, 2004. – 712 бет. ISBN 9965-17-134-3.
- 2 Пайдалыөсімдіктерді мал дәрігерлігінде қолдану. - Алматы : Қайнар, 1988. - 242.
- 3 Пайдалыөсімдіктерді мал дәрігерлігінде қолдану. - Алматы : Қайнар, 1988. - 242.
- 4 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. - Алматы : DPS, 2011. - ISBN 978-601-7026-17-2.
- 5 Пайдалыөсімдіктерді мал дәрігерлігінде қолдану. - Алматы : Қайнар, 1988. - 242 б.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЗИЯНКЕСТЕРІМЕН КҮРЕС

КАСАНОВА Ж. Б.

аға оқытушы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

КАЙРОЛЛОВ К.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Ауыл шаруашылығы зиянкестері – қолдан өсірілетін өсімдіктерді зақымдайтын не мүлдем құртып жіберетін жәндіктер мен жануарлар. Оларға омыртқасыз жануарлардан жұмыр құрттар, өсімдік қоректі кенелер, жәндіктер, жалаңаш шырындар және ұлулар, ал омыртқалы жануарлардан – құстар мен сүт қоректілердің кейбір түрлері (кеміргіштер) жатады. Зиянды жәндіктер мен кенелер қоректік заттарына байланысты монофагтар, олигофагтар және полифагтар болып 3 топқа бөлінеді. Монофагтар өсімдіктердің бір ғана түрімен немесе бір-біріне ұқсас бірнеше түрлерімен (бұршақтың дәнек қонызы, таңқурай кенесі), олигофагтар өсімдіктердің бір тұқымдасына жататын көптеген түрлерімен (орамжапырақ тұқымдасының бүрге қоныздары мен қандалалары, түйнек бізтұмсықтары, дәннің сұр көбелегі), полифагтар өсімдіктердің көптеген түрлерімен (шегірткелер, шыртылдақ қоныздар, күздік көбелек) қоректенетінеді. Жәндіктер өсімдіктің ұлпасын, жапырақтарын, тамырын, жемістерін кеміріп немесе сорып бүлдіреді. Зақымдалған өсімдіктердің зат алмасу процесі өзгереді, өсуі, қор жинауы тежеледі немесе солып қалады. Көптеген зиянкес жәндіктер өсімдік ауруларын таратады. Кенелер ауыл шаруашылығы дақылдарын сорып зақымдайды және қоймаларда

астық, дән, ұн, кепкен жеміс, көкөніс өнімдерімен қоректенеді. Кенелердің кейбір түрлері індет таратады. Жұмыр құрттар, негізінен өсімдіктердің тамырымен қоректенеді. Солардың ішінде бүлдірген, қызылша, картоп нематодасы көп зиян келтіреді. Зиянкес кеміргіштер Қазақстанда өте көп таралған. Олар астық дақылдарын, көкөністер мен жеміс-жидектерді зақымдайды, қоймада сақталатын азық-түлік қорына шығын келтіреді, сондай-ақ жұқпалы аурулар таратады. Ауыл шаруашылығы өнімдері шығынының 20%-ы зиянкес кеміргіштер кесірінен болады. Ауыл шаруашылығы зиянкестерімен күресу мәдени өсімдіктердің зиянкестерге төзімді сорттарын шығару, ауыспалы егісті қолдану, зиянкестерге қарсы биологиялық тәсілдерді (трихограмма, афелинус т.б.), микробиологиялық препараттарды, химиялық заттарды (акарицидтер, инсектицидтер, зооцидтер т.б.) қолдану арқылы жүргізіледі.

2 Турақанаттылар (orthoptera) отрядына жататын көп қоректі зиянды жәндіктер. Ауыл шаруашылығы дақылдарына зиян келтіретін көп қоректі жәндіктердің түрлері Brachicera – қысқамұрттылар отряд тармағына, Acrididae – нағыз шегірткелер тұқымдасына, Dolichocera – ұзынмұрттылар отряд тармағына, Tettigoniidae – шекшек тұқымдасына, Gryllidae – шырылдауық шілділіктер тұқымдасына жатады. Зиянды шегірткелер. Қазақстанның солтүстігінде таралғандары: итальяндық прус – *Calliptamus italicus italicus* L. кресті кішкене саяқ шегіртке – *Doclostaurus brevicolis*, ақ жолақты – *Chortippus albomarginatus* D.G. және басқалар. Азиялық шегірткенің тұрақты қоныстары Қазақстанның оңтүстік жартысындағы ну қамысты жерлер, осы жерлерден олар басқа алыс өңірлерге тарала алады. Мароккалық шегіртке – *Doclostaurus maroccanus* Thunb. Қазақстанның оңтүстігінде таралған. (Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл облыстары). Азиялық, мароккалық, итальяндық шегірткелер, анда-санда тұрандық және шөл далалық шегірткелер кезеңдік өзгерістерге ұшырайды. Барлық шегірткелердің ұзынша денесі, секіруге қолайлы артқы аяқтары, кеміргіш ауыздары, қатты дамыған алдыңғы кеудесі, жіңішке үстіңгі қанаты, жалпақ, желдеткішке ұқсас жиналатын қанаттары болады. Жылына бір ұрпақ береді. Ұрғашы шегірткенің арнаулы бөліп шығаратын сұйық затымен қатайған топырақтан жасалған күбіршеде тың жерлерде, жайылымдарда, құмдардың шетінде және т.б. жерлерде жұмыртқа күйінде қыстайды. Шегірткелер жұмыртқалардан әр мезгілде шығады. Дернәсіл ересек шегірткеге ұқсас боп туады. Дернәсіл 30-40 күн дамиды. Даму кезеңінде дернәсіл 4-5 рет түлеп, 4-5 жас өтеді. Дернәсілдер және ересек шегірткелер әр түрлі өсімдіктерді

зақымдайды: дөнді дақылдарды, майлық дақылдарды, көкөністерді, жайылымдар мен шабындықтарды. Олар құрғақшылық кезінде, табиғи өсімдіктер күйіп кеткенде өте қауіпті. Тым көп көбейген жағдайда егістіктер мен жайылымдарға қатты зиян келтіреді, олардың жер бетіндегі биомасса бөліктерін құртып жібереді. Шегірткелердің көп жылдық динамикасында циклдік байқалады – қатты көбеюлері мен депрессиялық жайлар кезектесіп отырады.

Күресу шаралары.

Шегірткелерге қарсы күресу шараларын олардың сандарына бақылау жасаудың нәтижесіне қарап пайдаланады. Алдын алу шараларының маңыздысы ерте көктемде шегірткелер табылған егістік танаптарды біз тұмсықты немесе дискілі тырмалармен, ал көп жылдық шөптерді тісті немесе бізтұмсықты тырмалармен өңдеу. Сонымен бірге танап аралықтарын, танаппен шектесетін тың және егін егілмейтін жерлерді де өңдеу қажет. Егін алқаптарында жою шаралары инсектицидтермен саяқ шегірткелерге қарсы 8-10 дернәсіл/м², үйірлі шегірткелерге қарсы 5 және оданда көп дернәсіл/м² болғанда жүргізіледі. Дернәсілдерді есепке алу жұмыстарын таңертеулікте немесе кешкілікте маршрутпен жүріп 100 метр сайын әрқайсысы 1м² алаңқайда көзбен шолып жүргізеді немесе рамканың көмегімен әрбәр секірген шегірткені есептеп, кейін 1м² қанша болатындықтарын анықтайды. Егер бір станцияны мекендеген шегірткелердің түрі көп болса, жұмыртқалардан әр мезгілде шықса және жастары әр түрлі болған жағдайда ұзақ уақыт әсер ететін инсектицидтерді пайдаланған дұрыс. Химиялық өңдеу жұмыстары дернәсілдер қанаттанғанға дейін жүргізілсе, тиімділігі жоғары болады. әрбір нақты жағдайға байланысты жаппай, бөгеу және локальді өңдеу жұмыстары жүргізіледі. Бөгеу мақсатымен өндегенде дәрі шашылатын жердің жалпақтығы 40-100 м шамасында болуы керек.

Бұзаубастар. Жердің астында тіршілік етеді. Орта жастағы дернәсілдері және ересек жәндіктері жердің астында 1 м дейінгі тереңдікте тіршілік етеді. өмір сүру циклі 1 жылдан көп уақытқа созылады. Мамырдың аяғында – маусым айында ұрғашылары 10-20 см тереңдікте, арнаулы ұяларға 150-300 данадан жұмыртқа салады. Бұзаубастар алдыңғы аяқтарының көмегімен топырақтың үстіңгі қабатында жолдар салады, 50-ден аса өсімдіктің тамырын, сабақтарының жер асты бөлігін, өскіндерін және тұқымдарын жеп зиян келтіреді. Олар ылғалды, суармалы жерлерді, негізінен көкөніс алқаптарын мекендейді. Жылы жайларда темекінің, көкөністердің және т.б. өсімдіктердің көшеттеріне өте көп зиян тигізеді. Көп

тараған түрлері – кәдімгі (*Gryllotalpa*) және бір тікенекті (*Gryllotalpa unispina* Sauss.) бұзаубастар.

Шекшектер. Құрғақшылық жылдары сандары өте көп болғанда егінге, көкөніс дақылдарына, майлық дақылдарға және жеміс ағаштарына зиян келтіреді. Антеналары денелерінен ұзын үлкен жәндіктер. Жылына бір рет ұрпақ береді. Топырақта, өсімдіктерде және олардың ұлпаларында жұмыртқалары қыстайды.

Шілделіктер. Орташа және үлкен, жалрақ денелі жәндіктер. Түнде тіршілік етеді. Топырақ түйірлерінің астында, жарықтарда нимфалар (ақырғы жастағы дернәсілдер) қыстайды. Ылғалды, суармалы жерлерде көкөністердің, майлық дақылдардың, дөнді дақылдардың, бүлдіргеннің жапырақтары мен сабақтарының төменгі бөліктерін жейді. Күресу шаралары. Ерте күзде сүдігер жырту және отамалы өсімдіктердің қатар аралықтарын өңдеу арқылы бұзаубастардың, шекшектердің және шілделіктердің көбеюіне жол бермеуге болады. Көкөніс өсірушілер бұзаубастармен күресу үшін арнаулы жырашықтарды пайдаланады.

3. Қатты қанаттылар (*Coleoptera*) отрядына жататын көп қоректі зиянды жәндіктер Әртүрлі өсімдіктермен қоректенетін қоңыздардың ең қауіпті және көп тараған түлері *Coleoptera* – отряды, *Poliphaga* – отряд тармағы, *Elaterridae* – шыртылдақ қоңыздар, *Tenebrionidae* – қараденелілер, *Scaraballidae* – тақта мұртты қоңыздар тұқымдастарына жатады. Шыртылдақ қоңыздар. Ұзындығы 5–15 мм. Алдыңғы кеудесі қозғалғанда шырылдаған дыбыс шығарады. 2–4 апта өмір сүреді. Қоңыздың зияндылығы жоқ. Жұмыртқасын топыраққа салат. Бір қоңыздың салатын жұмыртқасының мөлшері 30–500 дана. Дернәсілдері қыстайды. Дернәсіл 13 бөліктен тұрады. Сыртқы қатты қабығы болғандықтан және пішініне қарап оларды сымға ұқсатады. Басы, үш жұп аяқтары жақсы дамыған, түсі сары қоңыр. Дернәсіл 3-4 жыл өмір сүреді. Егістіктерде ошақ-ошақ болып кездеседі. Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің ксіп келе жатқан тұқымымен, олардың тамырларымен қоректенеді. Топырақ құрғап кеткенде өсімдіктердің етті бөліктеріне кіріп алып қоректенеді. Қараденелілер. Баяу жүретін, тустері қара, ірілі –кішілі қоңыздар. Көп түрлері өанаттары бірігіп кеткендіктен ұша алмайды. Дернәсілдерінің алдыңғы жұп аяқтары үлкен, бастары доға тәрізді. Дернәсілдері жылдам өсіп жетіледі. Далалық және кең кеуделі шабан қоңыздары мен жүгерінің қара денелілерінің дернәсілдері өсімдіктердің жер астындағы мүшелерін, тұқымды зақымдайды. Құмның шабан қоңызы зиянды, олар отамалы өсімдіктердің өскіндері мен көкөніс өсімдіктерінің көшеттерін зақымдайды. Тактамұрттылар.

Денелері ұзын, қысқа. Мұрттары жалпақ. Дернәсілдері жуан, етті. Түркістандық жүгері қонызы көп өсімдіктердің тамырларының етті ұлпаларын зақымдайды, ал түйнек тамыр жемістілер үшін өте қауіпті. Дернәсілдері өсіп келе жатқан тұқыммен қоректенеді. Қортық қоныздың өзі ғана зиянды. Негізінен өскінің жер үстіндегі бөлігімен қоректенеді. Батыстық мамыр қонызы, жетісулық мәрмәр қоныз, маусым қонызы отамалы, көкөніс және жеміс-жидек өсімдіктерінің негізгі зиянкестері. Олардың дернәсілдері топырақта 2-3 жыл өмір сүріп өсімдіктердің жер астындағы мүшелермен қоректенеді. Күресу тәсілдері. Күзде терен сүдігер жырту, тыңайтқыш салу, жазда отамалы өсімдіктердің қатар аралықтарын бірнеше рет өңдеу, арамшөптермен күресу, үстеп қоректендіру арқылы барлық көп қоректі қатты қанаттылардың санын азайтуға болады. Дернәсілдердің саны 1 м^2 5-10 дана болғанда отамалы өсімдіктерді отырғызуға болмайды. Олардың орнына аз зақымдалатын бұршақ тұұымдастарды, қарақұмықты өсіреді. Қара денелі қоныздардың саны 1 м^2 2-3 дана және одан жоғары болғанда инсектицидтермен улайды.

4 Қабыршақ қанаттылар отрядына жататын көп қоректі зиянды жәндіктер Қауіпті полифагтарға әр түрлі қанаттылар Frenata – отряд тармағының Noctuidae – түнгі көбелектер немесе үкі көбелектер және Pyralidae – қан көбелектер тұқымдастырынын түрлері жатады. Түн көбелектер. Көбелектер орташа мөршерлі, жайылған қанаттары – 20-45 мм. Толық денелі. Көп түрлерінің түстері сұрғылт қоңыр. Алдыңғы қанаттарында өздеріне тән суреттері бар. Суреттердің пішіндеріне қарап үкі көбелектердің түрлерін анықтауға болады. Көбелектер негізінен ымырт түсе және түнде ұшады. Құрттары ұзынша жолақтары бар сұрғылт қоңыр немесе жасыл түсті болады. Үш жұп кеуде аяқтарынан басқа 3-5 жұп құрсақ аяқтары болады. Тіршілік етулеріне, тамақтану жолдарына байланысты кеміргіш және жапырақ кеміргіш көбелектер болып бөлінеді. Кеміргіш көбелектер топырақтың жоғарғы қабатында жасырын өмір сүреді. Олар қоректеніп топырақ денгейінде күздік, жаздық астық дақылдары, жүгері, қызылша, картоп, мақта, темекі, көкөніс, бақша т.б. дақылдарының мөлшерін кеміріп зақымдайды. Түн көбелектердің жұлдыз құрттары соңғы жастарында топырақ астында қыстайды. Жұлдызқұрттарының 6 жастық кезені болады. Көктемде олар қуыршақтанады. Ересек жәндіктері жұмыртқалары сабақтың негізге, төменгі жапырағына, топырақ бетіндегі өсімдік қалдықтарына салады. Жылына 3-4 рет ұрпақ береді. Жұлдызқұрттар топырақ денгейіндегі сабақтарды, тұқымын, жас өскінін кеміреді, тамыр жемістерде, түйнектерде

кеміріп, қуыс жасайды. Жерүстілік түнгі көбелектер өсімдіктердің жапырағымен, сабақтарымен, генеративті мүшелерімен қоректенеді. Көбінесе жоңышқаны, ноқатты, темекіні, қызанақты, жүгеріні және басқада дақылдарды зақымдайды. Бұл топқа мынадай түрлері жатады: мақта (*Helicoverpa armigera* Hbst.) гамма (*Autographa gamma* L.), беде (*Discestra trifolii* Hufn.), кіші жерүстілік немесе қарадринна (*Spodoptera exigua* Hb.). Мақта көбелегінің қуыршағы топырақта қыстайды. Көбелек жұмыртқасын (1-3 тен) жапырақтарға, шанақтарға және гүлдеріне салады. Жұлдызқұрттың бірінші ұрпағы арамшөптерде, жоңышқада, ноқатта, темекіде, қызанақта, арамшөптерде қоректенеді. Мақтаның шанақтану және гүлдену кезеңінде келесі ұрпақтар жұмыртқа салады. Жылына 3-4 ұрпақ дамиды. Мақтаның генеративтік мүшелерін, жүгерінің собығы мен дәнін, темекі тұқымдарын қатты зақымдайды. Қан көбелектер. Шалғын көбелек ауыл шаруашылық дақылдарының ең қауіпті зиянкестерінің бірі. Жазғы мезгілде оның саны құбылмалы және қолайлы жағдайлар болғанда өсімталдығы өте жоғары. Жұмыртқаларын өсімдік жапырағының төменгі беткі қабатына салады. Жұлдыз құрттары 5 жас өседі. Олар қомағай болып көп қоректенеді. Қант қызылшасын, күнбағысты, бір және көп жылдық бұршақ (үрме бұршақтан басқа), жүгеріні, тарыны және басқа да өсімдіктерді қатты зақымдайды. Олар өсімдіктердің жерүстілік генеративті және вегетативті мүшелерін кеміріп жейді. Зақымданған өсімдік мүшесін жұлдызқұрттар өрмекпен шырмалайды. Бидай көбінесе шалғын көбелектің негізгі азықтық өсімдіктері жетіспегеннен соң зақымданады. 2-3 ұрпақ беріп дамиды. Ересек жұлдызқұрттар топырақтың жоғарғы қабатында қыстап шығады. Сабақ немесе жүгері көбелегі (*Ostrinia nubilalis* Hb.).

Ересек жәндіктерде жыныстық диморфизм анық байқалады. Жұлдызқұрттың түсі сұрғылт жасыл, денесін бойлаған күнгірт жолақтары бар. Дене ұзындығы-25 мм-ге дейін. Жұлдызқұрт өсімдік сабағында қыстайды. Тіршілік кезеңінде 2 ұрпақ дамиды. Мәдени және жабайы өсімдіктер зақымданады. Көп зиян жүгері мен күнбағысқа келтіреді. Өсімдік сабағының ішінде жұлдызқұрттар кеміріп, жолдармен қуыс жасайды. Кемірудің әсерінен тесіктерден сыртқа үгітілген ұлпа шашылады. Кейін сабақ сынады. Зиянкестің дамуына ылғал өте қолайлы. Күресу шаралары. Едәуір зақым кеміргіш тән көбелектердің картоп дақылында саны-5-10, астық дақылдарында 2-3, қызылша, жүгері, мақтада 0,5-2 жұлдызқұрт/ м^2 астам болса байқалады.

Жерүстілік түн кобелектердің зиян тигізетін экономикалық шегі, карадринаның 1-3 жұлдызқұрт болса, шалғын көбелек 10-20 жұлдызқұрт/м², сабақ көбелектің 10 өсімдікте 5 жұмыртқа топтары табылса, Егер зиянкестердің саны ЭЗШ деңгейінен жоғары болса, жұлдызқұрттарды төменгі жастарында химиялық не болмаса биологиялық препараттармен жою керек. Қабыршақ қанаттарының көбеюінің алдын алу, жұлдызқұрттарының санын азайту үшін арамшөптермен жүйелі түрде күресу, топырақты ерте терең сыдыра жырту, отамалы дақылдардың қатар аралықтарын қопсыту қажет. Маусым кезеңінде өсімдіктерді суарған жағдайларда да кеміргіш көбелектердің жұлдызқұрттарының саны азаяды. Сабақ көбелектермен күресу үшін өсімдіктерді төмен шабу қажет (10 см жоғары емес). Жұлдызқұрттар қыстайтын жүгері, картоп, тарының өсімдік қалдықтарын, арамшөптерді танаптан танаптан шығарып жояды. Маусымды колонизация әдісімен трихограмма (*Trichogrammatidae*-тұқымдасы) көбелек құрттарының ішкі паразитін есебімен 60-80 мың дара/га 2 мезгіл қолдану тиімді болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 ҚР Орман кодексі 9 қаңтар 2007 ж.
- 2 Қазақстан Республикасының Орман кодексі № 477. 8 шілде 2003 ж.
- 3 Стамқұлов Ә. С. Қазақстан Республикасының экология құқығы. - Алматы : «Жеті Жарғы», 1995.

МАЛ-АЗЫҚТЫҚ ШАЛҚАНДЫ ӨСІРУДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

НҰРСАНОВА Т. А.
студент, С. Торайғырова атындағы ПМУ, Павлодар қ.
АЛЬМИШЕВА Т. У.
аға оқытушы

Асқабақ (*Cucurbita*) асқабақ тұқымдасына жататын біржылдық өсімдік. Оның жемісі жас күйінде малға жақсы азық. Асқабақты сабақтарымен бірге немесе басқа астық қалдықтарымен сүрлемге салуға болады.

Асқабақ жеңіл қорытылуымен және жоғары қоректілігімен ерекшеленеді. Оның 100 кг жемісінде 16 азық өлшемі және 0,4 кг қорытылатын протеин бар. Құрамында көмірсулары,

дәрумендер және минералды тұздар кездеседі. Қант мөлшері 12% дейін жетеді және бақша дақылдарының ішінде асқабақта ғана крахмал кездеседі. Дәрумендерден С₁, В₁, В₂, РР, Е және каротин жеткілікті мөлшерде кездеседі. Минералды заттардан калий, фосфор және кальций, микроэлементтерден – мыс және кобальт бар. Асқабақ ірі қараларға, шошқалар мен құстарға бағалы азық болып есептеледі. Шошқалардың массасын арттыруға, сиырлардың сүттілігі мен сүтінің майлылығын арттырады және жануарлардың репродукциялық қабілетін арттыруға көмектеседі. Минустарына келсек, оның иісінің жағымсыздығы байқалады және оны тағамға пайдалануға жарамайды. Қазақстанда асқабақты барлық жерлерде өсіруге болады. Түйнектамырларға жататын басқа өсімдіктерге қарағанда асқабақ өсіруге шығындар аз жұмсалады. Бір өскіні бірден алты тұқым бере алады. Суармалы жерлерде асқабақтың әр гектардан жемісінің өнімі 200–400 ц дейін жетеді. Он асқабақтан шамамен бір тонна ұрық алуға болады. Асқабақтың жабайы түрі табиғатта кездеспейді. Ол жыл санауға дейін.

3 000 жыл бұрын Мексикада мәдени дақыл ретінде өсіріле бастаған. Қазір кәдімгі асқабақ еліміздің барлық аумағында өсіріледі. Кәдімгі асқабақтың сан алуан іріктемелері (қауақ, бөлішқауақ) бар. Асқабақ тұқымдастар азықтық, дәрілік және техникалық мақсатта өсіріледі.

Қазақстанда Асқабақтың үш түрі тараған: мал азықтық іріжемісті (*C. maxima*), мускатты асханалық (*C. moschata* L.) және кәдімгі қатты қабықты (*C. pepo* L.) және «Волгалық сұр-92», «Мозолеевская-10», «Қашғарлық-1644» деген сорттар өсіріледі. Мал азығына алдыңғы екі түрі өсіріледі. Тамыры кіндікті, жақсы дамыған, топырақтың 2–3 м тереңдігіне дейін өседі. Жанама тамырлары күшті дамыған, көбінесе жырту қабатында орналасады. Асқабақтың өздеріне тән ерекшеліктері: тамырларында көптеген шашақшалары болуында және соның көмегімен топырақтан қоректік заттарды, суды қарқынды сіңіреді. Сабағы жерге төселіп өседі, ұзынсабақтылары 15 м дейін. Орталық сабақтарынан 1^{ші}; 2^{ші} және одан кейінгі бұтақтары тарайды. Іріжемісті асқабақтың сабағы цилиндр тәрізді, кәдімгі асқабақтыкі қырлы келеді. Жапырағы қарапайым, сағақты, түкті, іріжемістілерінде шетінде ойықтар болады, кәдімгі асқабақтыкі бесқалақты келеді. Жапырақтар қойнында бұтақша мұртшалары болады және олардың басқа өсімдіктерге жабысуы арқылы сабақтың беріктігін сақтайды. Асқабақтың бір өсімдігінің жапырақ алақаны 32 м² дейін жетеді.

Асқабақ бір үйлі, дара жынысты өсімдік. Гүлі жеке-дара ірі күлтелі, бес жапырақты. Жемісі – көптұқымды қабықты шырынды.

Ірі жемісті және кәдімгі асқабақтың жемісі домалақ, түсі боз және сары-кызғылт, шырыны сары немесе қызылдау-сары, массасы 10-нан 30 кг дейін. Жемісінің ішкі қуыс жолдарында тұқым салынады. 1000 тұқымның салмағы 180–210 г.

Асқабақ – жылу сүйгіш өсімдік. Тұқымы топырақтың тұқым сіңіру қабаты плюс

12–13 °С өне бастайды, оптималды температура плюс 33–35 °С, ең жақсы өсіп-даму температурасы 20–25 °С тең. Көктемгі бозқырауға өте сезімтал, минус 1 °С төмендегенде асқабақ қатты зақымданады.

Асқабақ ыстыққа біршама төзімді, қарбызға қарағанда салқынды жақсы көтереді. Асқабақтың транспирациялық коэффициенті 750–800 тең, бірақта осыған қарамастан ол құрғақшылыққа төзімді келеді, ксерофитті өсімдіктерге жатады. Өйткені асқабақтың тамыр жүйесінің жер бетіне жайыла орналасуына байланысты суды сіңіру қаблеті жоғары болып келеді. Асқабақ саздақ топырақтарда жақсы өнім береді.

Асқабақтың сабағы жайылған, цилиндр тәріздес. Жапырақтары бүйрек тәріздес, жасыл, шамалы түсіп тұрады, талшықтары қатқыл болып келеді. Гүлдері үлкен, сары немесе сарғыш болады. Қабағы шар тәріздес, түрлі түсті және суретті. Көбіне сұр немесе ақ. Мәйегі жұмсақ, шырынды, сарғыш, кейде ақ, онда 4–6 % қант болады. Тұқымдары ірі (2-3 см) және беті тегіс. Тұқымда 36–50 % май болады. Мың тұқым массасы 240–300 г.

Асқабақты өсірудің технологиясына келсек, ол үшін ең жақсы алғы дақылдар, күздік астық және бұршақ тұқымдас дәнді дақылдар, тың және тыңайған жерлер, көпжылдық шөптердің қыртысы. Күзде негізгі топырақ өңдеу алдында танапқа толық минерал тыңайтқышын ($N_{60}P_{60}K_{30-40}$ кг/га ә.з.) не болмаса органикалық тыңайтқыштар (20–30 т/га көң) шашады. Тұқым сепкен мерзімде және өсімдіктер гүлдеген кезінде үстеп қоректендіреді ($N_{30}P_{40}$ кг/га ә.з.). көктемде танапты тырмалайды және тұқым себер алдында 1–2 рет қопсытады (культивациялайды). Танап арамшөптерден неғұрлым таза болса, соғұрлым асқабақтың өскіндері біркелкі жақсы қалыптасады.

Себер алдында тұқымды плюс 30–35°C жылылықта 3–5 тәулік қыздырады, жылы суда бөрттіреді (20–30 минут). Мұндай тұқымдар 8–10 күннен кейін көктеп шығады. Тұқымды топырақ қабаты

(5–10 см) плюс 12 °С жылығанда жүгері сепкіштерімен ленталы әдіспен себеді (1,4–2,1 м x 0,7–1,4 м). Себу мөлшері 3–5 кг/га өңгіш тұқым. Танапты жазда күтіп-баптау жұмыстарына мыналар жатады: көктегенге дейін тырмаланады, қатараралықтары өңделеді (1^{ші}–12–15 см, 2^{ші}–3^{ші}–8–10 см тереңдікте жүргізіледі). Суармалы егістіктерде өсіру тиімді. Вегетациялық кезеңде егістіктің орналасу жағдайына, аймағына қарай 3–8 рет (500–700 м³/га) суарылады: 1^{ші} көктегеннен 17–20 күннен соң, келесілері әрбір 10–15 күн сайын. Асқабақты күзгі бозқырау түсердің алдында бір-ақ рет жинайды және жемістері плюс 2–5 °С жылылықтағы қоймаларда бүлінбей ұзақ сақталады.

Жалпы асқабақтарды пісуіне қарай үш түрге бөледі:

- 1 Тез пісетін (90–105 күн) тамыз бен қыркүйектің басы.
- 2 Орташа пісетін (105–120 күн) қыркүйек пен қазанның басы.
- 3 Кеш пісетін (120–140 күн) қыркүйек пен қазан аралығы.

Пісіп-жетілгенін білуге болатын сыртқы сипаттары:

- Жеміс сабағы кеуіп, қатайып кетеді.
- Жапырақтары кеуіп сарғаяды.
- Түсінің қоюлануы байқалады.
- Қабығы қатайды.

Асқабақты жинағанда жеміс сабағынан 4–6см қалтырып таза пышақпен немесе секатормен кесіп алады. Жинап алған соң жарық орында екі немесе үш аптадай 20°C сақталады. Содан кейін барып арнайы қоймаларға көшіріледі.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Әубәкіров Қ., Атақұлов Т., Ахмет А. Мал азығын өндіру. – Алматы, 2011 ж. – 294–296 бет.
- 2 Жанзақов М. «Өсімдік шаруашылығы» Қызылорда, 2007 ж. 246–258 бет.
- 3 Жизнь растений, в 6 томах. - М. : «Просвещение», 1974-1982.

СОЗДАНИЕ ВЫСОКОПРОДУКТИВНЫХ ПАСТБИЩНЫХ УГОДИЙ В ЮЖНОМ РЕГИОНЕ КАЗАХСТАНА

РАЙЫМБЕКОВ Б. А.

PhD, зав. отделом пастбищ и кормовых культур

СЕИТКАРИМОВ А.

д.с.-х.н.

САРТАЕВ А. Е.

магистр, ст. науч. сотрудник

КЕРИМБАЕВА Э.А.,

магистр, мл. науч. сотр., ТОО «Юго-Западный научно-исследовательский институт животноводства и растениеводства», г. Шымкент

Актуальность исследования. Практический каждый регион республики имеет пастбищные массивы для развития отгонного животноводства. Но проблема состоит в том, что каждый товаропроизводитель животноводческой продукции должен быть ориентирован на научно – обоснованные ресурсосберегающие технологии освоения отгонных пастбищ, чтобы сохранить биологическое разнообразие, восстановить продуктивность деградированных участков и не допустить опустынивания пастбищных территорий, особенно в пустынной зоне.

В связи с этим большое внимание будет уделено на создание инновационной технологии улучшения низкопродуктивных естественных угодий путем создания сеяных пастбищ, которые дают возможность внедрить основной принцип рационального использования пастбищ – сезонность их эксплуатации в пределах границы землепользования фермерских хозяйств и других форм агроформирований.

Сейчас в теорию рационального использования пастбищ вошло в научное положение о том, что в схему эксплуатации пастбищ должен быть включен не менее двух отличительных типа пастбищ [1, С. 25–27].

На территории пустынной зоны Южного Казахстана в силу фитоценотического распределения как следствие историко-геологических причин наиболее распространенными типами пастбищ являются эфемеровые, полынно – эфемеровые, солянковые и травяно – кустарниковые [2, с. 446]. Современное состояние их характеризуется бедным составом травостоев и скудным разнообразием комплексности растительных сообществ, определяющих сезонность использования. Эфемеровые пастбища

используются в основном весенне – раннелетние периоды года. Агроформирований, расположенные на эфемеровых пастбищах остро нуждается в кормах в летний и осенний периоды, на полынно – эфемеровых пастбищах в летний, на солянковых в весенний и летний периоды года. В более выгодном положении находятся агроформирований на травяно – кустарниковых пастбищах, обеспечивающих корма почти круглый год.

Поэтому вопросы повышения продуктивности пастбищ на конкретных фермерских хозяйствах имеют свои специфики.

В настоящее время на опытном участке «Бактыолен» (южная пустыня) и в Физиологическом комплексе (предгорная пустыня) ТОО «Юго-Западный НИИ животноводства и растениеводства» создан генофонд аридных культур местной и инорайонной флоры, включающий более 300 образцов 45 вида. Этот генофонд будет служить базой для конструирования различных сеяных растительных сообществ в тех или иных пастбищных угодиях южного региона Казахстана [3, с. 41].

Слабо изученным являются вопросы рационального использования выпаса вновь создаваемых сеяных пастбищ. Этот вопрос будет изучаться по мере внедрения технологии создания высокопродуктивных пастбищных угодий.

Цель проекта – разработка технологии по созданию высокопродуктивных пастбищных угодий и их рациональному использованию в условиях южного региона Казахстана.

Результаты исследований. Исследования проводились на территории ТОО «Үкілім», расположенного на территории Задарьинского сельского округа Арыского района Туркестанской области в 25 км западнее г. Арысь. Участок находится на высоте 252 м над уровнем моря. Координаты опытного поля 42.217962, 68.552794.

Полевые опыты проведены на территории ТОО «Үкілім» Арыского района Туркестанской области.

Объектом исследования являются сеяные пастбища из смеси: вайды буассье, изеня серого, терескена эверсмана, полыни развесистой, кейреука, чогона, жузгуна безлистого и саксаула черного.

Перед закладкой опыта определена лабораторная всхожесть семян.

Площадь делянки 100 м² в 3-х кратной повторности. Нормы высева семян в смеси для каждого вида составляет 15-20% от

рекомендуемой. В период проведения опыта проводились учет всходов и молодых растений, фенонаблюдения, измерение высоты и побегообразования растений, определена урожайность естественных пастбищ и их кормоботанический состав. Описаны погодные условия в период проведения опытов.

Закладка опытов, учеты и наблюдения, обработка полученных данных проводились согласно методическими общепринятыми методиками [4, с. 197; 5, с. 336].

Для закладки полевых опытов в ноябре 2017 года подготовлена почва. Пахота проводилась полосами шириной 6 метров на глубину 20-22 см. Направление пахотной полосы брались перпендикулярно направлению северных ветров. С целью равномерной заделки семян, одновременно проводили прикатывание почвы.

Результаты определения лабораторной всхожести вайда буассье показало, что у данного вида очень высокий показатель лабораторной всхожести – 92%, изеня серого 51, терескена эверсмана 65, полыни развесистой 63, кейреука 33, чогона 48, саксаула черного 43%. Самый низкий показатель у жузгуна 24%.

В связи с изменением климата последних лет было признано целесообразным вновь вернуться к дальнейшему изучению вопросов агротехники, в первую очередь сроков посева семян аридных кормовых культур. Поэтому опыты заложены в декабре, январе и феврале месяцах.

Наблюдение за ростом и развитием опытных растений показало, что среди всех видов только вайда буассье при декабрьском сроке посева прошла полный цикл и плодоносила, а на других сроках посева она осталась в фазе вегетации достигнув высоты в среднем 12-18 см. Другие виды во всех сроках посева остались в фазе вегетации. Высота травостоя вайды буассье в мае в среднем составила 25,9 см (таблица 1). Необходимо указать, что поздно появившийся единичные растения вайды в последних сроках посева достигали высоты – 12,2 ± 0,9-18,5 ± 1,1 см.

Таблица 1 – Влияние срока посева на рост растений аридных культур, в сантиметрах (посев 2018)

Сроки посева	Культура	Высота растений, см		
		май	июнь	июль
Декабрьский	вайда буассье	25,9±1,0	-	-
	изень серый	17,5±1,3	18,5±1,2	19,5±1,3
	терескен эверсмана	12,2±0,7	14,0±1,3	14,5±1,2
	полынь развесистая	9,6±0,5	12,4±1,2	13,8±1,0
	кейреук	7,5±0,6	10,2±1,0	12,5±0,7
	чогон	10,7±0,7	12,2±0,9	12,5±0,5
	жузгуна	9,9±0,4	-	-
Январский	саксаул черный	11,3±1,0	13,8±1,2	13,8±0,6
	вайда буассье	18,5±1,1	-	-
	изень серый	13,5±1,0	15,2±1,1	17,5±0,7
	терескен эверсмана	9,2±0,6	10,2±0,4	12,3±0,7
	полынь развесистая	7,5±0,6	9,0±0,7	10,6±0,4
	кейреук	6,5±0,6	8,6±0,5	9,5±0,4
	чогон	-	-	-
Февральский	жузгуна	-	-	-
	саксаул черный	9,2±0,8	10,4±0,5	11,5±0,7
	вайда буассье	12,2 ± 0,9	-	-
	изень серый	6,8±0,5	9,0±0,3	9,6±0,4
	терескен эверсмана	5,1±0,6	7,6±0,9	8,3±0,3
	полынь развесистая	4,4±0,5	6,6±0,2	7,6±0,3
	кейреук	3,4±0,5	4,2±0,3	6,8±0,6
Естественный травостой	чогон	-	-	-
	жузгуна	-	-	-
	саксаул черный	5,6±0,5	-	-
Естественный травостой	осока	18,2±1,1	-	-
	мятлик	17,5±0,6	-	-
	костер	19,6±0,5	-	-

Как видно из данных таблицы 1, в декабрьском варианте высота растений в мае изеня серого достигла 17,5±1,3 см, терескена – 12,2±0,7 см, жузгуна безлистого – 9,9±0,4 см, полыни – 9,6±0,5 см, кейреука – 7,5±0,6 см, чогона – 10,7±0,7 см и саксаула черного – 11,3±1,0 см. Однако следует отметить, что в июне месяце, с заметным повышением температуры, растения вайды буассье полностью высохли.

В мае высота видов естественного травостоя растений не превышала 20 см, в.т. числе осоки составила 18,2±1,1 см, мятлика – 17,5±0,6 см и костера – 19,6±0,5 см (рисунок 1).




Рисунок 1 – Высота естественных культур, см

Высокие температуры воздуха в первой половине июля месяца сильно повлияли на состояние молодых растений, они находились в анабиотическом состоянии.

Заключение. В результате проведенных исследований на территории ТОО «Үкілім», было установлено, что рост и развитие растений высеянных в первой декаде декабря было заметно лучшим, по сравнению с растениями, высеянными в другие месяцы. Однако, в связи с сильной засухой, установившейся в этом году, в летний период рост и развитие растений было подавлено в значительной степени. Это объясняется недостаточным запасом влаги в нижних слоях почвы.

Подобраны виды аридных культур: вайда буассье, изень серый, терескен эверсмана, полынь развесистая, кейреук, чогон, жузгун безлистный и саксаул черный, заложены опыты в смеси при разном сроке посева.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Тореханов А. А., Жазылбеков Н. А., Алимаев И. И. Теория и практика рационального использования пастбищных ресурсов в Казахстане // Кормо-производство. – М., 2011. - № 9. – С. 25-27.
- 2 Тореханов А. А., Алимаев И. И., Оразбаева С. А. Лугопастбищное кормопроизводство. – Алматы : Ғылым, 2008. – 446 с.
- 3 Сейіткәрімов Ә., Әбдіраймов С., Көшербаева С., Сүрімбаева К. Қуаңшылық аймақтың малазығындық өсімдіктері. Кормовые растения аридной зоны. – Алматы: Издательство «Бастау» ЖШС. 2011. – 41 с.
- 4 Методические указания по проведению полевых опытов с кормовыми культурами. – М., 1983. – 197 с.
- 5 Доспехов Б. А. Методика полевого опыта. – М. : Колос, 1983. – 336 с.

АРША АҒАШЫНЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ МЕН МАҢЫЗЫ

РАХИМБАЕВА А. С.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

КАСАНОВА Ж. Б.

аға оқытушы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Арша – қылқан жапырақты бұта немесе ағаштардың ішінде кипарис, яғни сауырағаштар тұқымдасына жататын мәңгі жасыл өсімдік. Тау беткейінде, альпі белдеуінде, құмды жерлерде өседі. Ағаш түрінде Жерорта теңізі, Солтүстік Америка, Мексикада өседі, биіктігі 10-15 метрге жетеді. 70 түрлі аршаның ТМД территориясында 21 түрі, Қазақстанда 10 түрі кездеседі: кәдімгі - жайыла өсетін (*Juniperus communis*), Сібір аршасы (*J.sibirica*), Қара арша (*J.pseudosabina*), Түркістан аршасы (*J.Turkestanica*), Зеравшан (*J.stravschanica*), Қызыл арша (*J.Oxycedrus*), Сауыр аршасы (*J. Semiglodosa*), Талас, Қазақский аршалары (*J. Sabina*). Еліміздің табиғи жағдайда көбірек кездесетін түрлеріне Түркістан аршасы, Талас аршасы – кәдімгі арша, ем арша деп аталатын қазаттық түрлері жатады. «Арша – орман анасы» деп қазақ мәтелінде айтылғандай, арша көбінесе таулы жерлерде өседі.

Аршаның барлық түрі ашық күнді қажет етеді. Кез-келген топырақта өсе береді, күй талғамайды. Арша – бұтақты және қырқып-пішіндеуге ыңғайлы, шымыр ағаш. Өсу тұрғысына қарай ағаш түрінде, бұта түрінде тік немесе жерге жайылып жатаған өсетін өсімдік. Табиғаттағы тік өсетін түрлерінің биіктігі – 20-30 метрге жетеді. Бұталы түрі биіктігі 1-3,5 метр, қысы-жазы көгеріп тұратын өсімдік. Жалпы 300 жылға дейін өмір сүреді. Табиғатта Гиннестің рекордтар кітабына кірген 800 және 1000 жыл жасаған көрі аршалар да бар. Қылқандарының түсі, түріне қарай: сары, ашық жасыл, қою жасыл, көк, көкшіл болып келеді. Қылқаны қабыршақты, тікенді келеді, үш-үштен шоқтанып не екі-екіден қарама-қарсы орналасады. Сабақ бойына тығыз орналасқан қылқандары әдемі хош иіс шығарады.

Қазақстанның таулы жерінде жан-жағына жайылып төселіп өсетін – кәдімгі арша. Арша – екі үйлі, бір үйлісі өте сирек кездеседі. Көктем айларында аршаның жас өркендері өсе бастайды. Бүршіктен шыққан жас өркендер, өзінің ашық түсімен бірден көзге түседі. Бүрі жидектері пішіндес не шар тәрізді. Домалақ жалпы шырынды қабықшамен қапталған тұқым бүршіктерінен жасалған үш тұқымның жиынтығы. Аршаның мұндай тұқымын бүржидек дейді, жидекке ұқсас шырынды бүр. Келесі жылы толық пісіп

жетіледі. Тұқымы, яғни көкшілдеу, қаракөк түсті, жаздың аяғында, кейде күзде піседі. Әбден пісіп жетілген тұқымы қатты, қоңыр, бүрдің шайырлы жұмсағынан тез ажырайды, суық күзге дейін жерге шашылады. Тұқымдары құстар мен түрлі жануарлар арқылы таралады, себебі «бүр-жидегі» тәтті, шырынды. Арша жарық сүйгіш, құрғақшылыққа да, суыққа да төзімді, топырақ талғамайды. Жақсы дамыған тамырлары топырақтың терең қабатына еніп тарамдалып, 10 м-дей аумаққа жайылады. Суды еркін сіңіретіндіктен құмның үстінде, сазды жерлерге, әкті топырақта өсе береді.

Арша қарағайдың серігі, қарағайлы ормандарда қаулап өседі. Күн сәулесін жақсы көреді. Егер қарағайлы ормандарға шырша қоныстанып өсе бастаса, оның көлеңкесіне шыдамаған арша құрып кетеді.

Аршаның табиғаттағы маңызы мен киелі ағаш атану себебі.

«Арша орманы орналасқан аймақ түрлі қауіп-қатерден аулақ болады» дейді мамандар. Себебі әртүрлі дәрумендер, химия үшін шикізат, емге лайық таза ауамен қамтамасыз ететін оның пайдасы шаш етекпен десе де болады. Оның тау беткейіндегі топырақты тұрақтандырып, ылғалды сақтап қалуға да тигізер септігі мол. Арша ормандарының тіршілік үшін маңызы зор, тау беткейлеріндегі топырақты тұрақтандырады, ылғалды жинап сақтайды. Осыған байланысты олардың барлығы суды, топырақты қорғайтын бірінші дәрежелі ормандар қатарына жатады. Тарамдала жайылған әрбір аршаның су реттеуші және топырақ қорғау ролі басым.

Биіктігі 15-30 м болатын бір арашаның шығарған оттегі мөлшері 25-30 адам бір жыл тыныс алуына жетеді. Сонымен бірге, арша 20-25 тонна шанды залалсыздандырады, көктемнен күзге дейін микробтарды жояды. Ғылыми медицина, айналасындағы ауру тудыратын микробтарды жояды, бактериялар, саңырауқұлақтар және кейбір бунақденелілердің өзін де өлтіріп жіберетін фитонцидтік қасиеті барын дәлелденді. Б. П. Токинның мәліметі бойынша бір гектар жерде өсіп тұрған арша тәулігіне 30 кг фитонцид бөліп шығарады. Бұл бір үлкен қаланың ауасын, ауру туғызатын бактериялардан тазалауға жетеді. Сондықтан да биолог ғалымдардың арша ағашы өскен жерді нағыз жұмақ деп санауы тегін емес.

Аршаны жаппай кесу XIX ғасырдың орта тұсынан бастап отынға, темір жолға төсеу үшін, шахталар мен жерасты жолдарына тіреу үшін және мындаған жауынгерлердің сырт киімдерін бояу үшін арша ағаштары көптеп қырқылғандығы туралы деректер кездеседі. Соңғы кезде бағалы, қасиетті, киелі саналатын осы арша өсімдіктері табиғатта сиреп бара жатыр. Алатау мен Қаратаудың аралықтарында аршаның

алты түрі болған екен. Кейінгі 300 жыл ішінде оның үш түрі мүлде жойылып кетті, бүгінде қара арша дейтін ғана қалыпты... Қазақстан қорықтары мен қорықшаларында, ұлттық саябақтарда өсетін Зеравшан аршасы, Талас аршасы, Сауыр аршасы, Түркістан аршалары мемлекет тарапынан қорғау мақсатында «Қызыл кітапқа» енгізілді.

Аршаны алаш баласы, қазақ жұрты беталды шығын етпеген. Тек кейде бесікке, қобызға ғана, одан да абайлап қана, талғаммен ғана, құрай бастағандарын, табиғаттың меңзеуімен ғана мәнестеп қиған.

Қала атмосферасының тазалығы – қазіргі таңда адамзатты толғандырып отырған аса маңызды мәселелердің бірі. Бүгінде адамның шаруашылық қызметінің әсерінен бүкіл биосфераның жағдайы алаңдатарлықтай өзгеріске ұшырауда. Қаламыздың көшелеріне жасыл ағаштар отырғызу, өндіріс алаңдарын көгалдандыру, санитарлық қорғаныш жасыл желек қоршаулар жасау өте қажетті экологиялық шаралар болып табылады. Мұндай жасыл аймақтар ластанған ауаның жоғарғы қабатында таралуына және ластаушы заттар қорының жиналуына мүмкіндік бермейді, шаң тозаңдар мен аэрозольды газдардың қалаларға, ауылды жерлерге таралуын бөсеңдетеді.

Қазақстанда ауаға таралатын өндірістік зиянды қалдықтардың төрттен бірі Павлодар облысына тиесілі. Өңіріміз көп жылдар бойы елімізде өнеркәсіп көрсеткіші бойынша көш бастап келеді. Алайда, бұдан өлке экологиясы үлкен зардап шегуде. Статистикаға назар салсақ, Қазақстанда жыл сайын атмосфераға 4,5 млн тонна зиянды заттар таралады екен. Ауаны ластайтын қалдықтардың 4-тен бір бөлігін Павлодар облысындағы зауыттар шығарып отыр. Оның 98 проценті үш қаладағы – Павлодар, Екібастұз, Ақсу шаһарларындағы өндірістерге тиесілі. Бұған қоса атмосфералық ауаны автокөліктер газы мен шаңы, жер үйлер пештерінен шыққан түтіндер ластап, қала экологиясын нашарлатып отыр. Ауада ауру тудыратын майда көзге көрінбейтін микроағзалар қаншама. Қоршаған ортаның ластануы адамдардың ауру-сырқауға ұшырауы артуда. Арша аса пайдалы, фитонцидтік қасиеті бар ағаш болғандықтан, ластанған қаламыздың ауасын тазарту үшін көгалдандыру ісінде кеңінен қолданған жөн. Жеңіс саябағында бар, бірақ өте аз.

Экологиялық ахуалды оңалтудың жалғыз жолы – ағаш егу. Олай болса, арша өсімдігінің пайдалы жақтарын, Туған өлкеміз өндірісті қала ауасының экологиялық жағдайын жақсарту, мектеп маңы ауасын тазартып денсаулықты нығайту үшін қолдануды ұсынып отырмын. Қаламыз бен мектеп ауласын көгалдандыруда арша өсімдігін қолдан көбейту арқылы қолдану керек.

Көптеген бағбандар өз учаскелерінде қылқан жапырақты ағаштарды отырғызды. Және бұл таңқаларлық емес. Өйткені бұл өсімдіктер нағыз әшекейлер. Олар жыл бойы жасыл болып қалады. Қыс мезгілінде қылқан жапырақты плантациялардың барлық кереметтерін бағалай аласыз. Айта кету керек, мұндай өсімдіктер мамандармен керемет ландшафттарды жасау үшін жиі пайдаланылады. Қылқан жапырақты ағаштардың негізгі артықшылықтары - аурулар мен зиянкестерге қарсы тұру, сондай-ақ қамқорлық ынғайлы.

Табиғатқа да, адамзақа да тигізер пайдасы шаш етекпен болатын арша ағашына қамқорлық қажет. Табиғатта азайып бара жатқан өсімдіктер жайында насихаттап, ата-бабамыз бізге қалдырған байлығы – арша өсімдігі болсын, басқа да өсімдіктер мен жануарларды аман сақтап қалу, қорғау, қамқорлық жасау біздің басты парызымыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 "Арша ормандары-батыс Тянь-Шань мәңгі жасыл тіршілік ағашы" Автор: Қ. Жүнісов, Анарбаева Ш. Ж.

2 "Қазақстан өсімдіктер әлемінің асыл қазынасы" Авторы Ивашенко А. А. 2006 ж.

3 "Арша егіп, қаланың тынысын ашайық" Автор: <http://almaty-akshamy.kz>

4 "Жасыл әлем сырлары" Авторы Қ. Сабанбеков. 1990 ж.

ШЫҒЫС ЕШКІШӨБІН МАЛ АЗЫҚТЫҚ ДАҚЫЛ РЕТІНДЕ СЕБУ ЖӘНЕ БАПТАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

САХАБА А.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

АЛЬМИШЕВ Ұ. Х.

а./ш.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Шығыстың ешкі шөбін ең қолайлы себу мерзімі ерте көктемде. Себу топырақ бетінің тұқым сіңіру қабаты +6-7 °С жылығанда жүргізіледі. Қазақстанның солтүстік және шығыс облыстарында оңтайлы себу мерзімі болып мамыр айының орта кезі. Ал енді көктем салқын және жаңбырлы болған жағдайда ешкі шөбін маусым айында да себуге болады.

Ешкі шөбін себу әдісі танаптың арамшөптерден таза болуына және сепкен дақылды не үшін пайдалануға жоспарлағанына байланысты. Көк шөп және пішен ұнтағын, түйіршіктер дайындау

үшін ешкі шөпті қатарлап сепкен тиімді (15 см). Ешкі шөбінен жоғары өнімді пішен, сүрлем алу үшін көбінесе кең қатарлап, қатараралығын 45-60 см етіп себеді. Осылай сепкен ешкі шөбі жақсы сүрленеді және оның сапасы, желінгіштігі артады.



Сурет 1

Шығыстың ешкі шөбін қатарлап әр түрлі мерзімде шалғындық атқонақпен, субидайықпен қылтықсыз арпабаспен және тағы басқа астық тұқымдас шөптермен себу тиімді екенін көрсетті. Бұл жағдайда көктемде оңтайлы мерзімде қатараралығын 45-60 см ешкі шөбін себеді де жаздың аяғында оның арасында қатараралығын 15 см етіп жоғарыда аталған шөптерді себеді. Тұқымды көкөніс сепкіштерімен (СОН-2,8) себеді. Осылай себілген танаптың көк балаусасын сүрлемге салуға, көк азық ретінде малға беруге өте тиімді. Сондықтан келешекте шығыстың ешкі шөбінің осылай себілген қоспасын шаруашылықта игеру өте ынғайлы болмақ.

Жоғарыда айтқандай ешкі шөбінің тұқымын скарификациялау қажет. Скарификацияланбаған тұқымның өнгіштігі 30-40% аспайды. Ол үшін ешкі шөбінің тұқымы күкірт қышқылында 1,5-2 сағаттай ұсынылуы керек. Тұқым партиясы көп болған жағдайда оны арнаулы қондырғыштарда скарификациялайды немесе осыған беде үйкегішті (клеверотерка) бейімдеп пайдаланады.

Шығыстың ешкі шөбінің тамырында түйнектер жақсы байланып дамуы үшін, тұқымды себер алдында нитрагинмен инокуляция (жұқтыру) жүргізіледі. Ол үшін алдымен бұрынғы ешкі шөбі себілген танаптан түйнек байланған ұсақ тамырларды қазып (әр гектарға 100-200 г керек болады) оны арнаулы ыдыста (ступа) жақсылап езгілейді де су құяды. Міне осы" ерітіндімен" себер алдында тұқымды суландырады. Осылай өңделген тұқымды сепкенде ешкі шөбінің өнімі 10-15% артатынын көрсетті.

Кеңқатарлап сепкенде әр гектарға 20-25 кг қатарлап сепкенде -25-30 кг өңгіш тұқым себіледі.

Астық тұқымдас шөптерді ешкі шөбінің қатараралығына себу мөлшері 50-60% себеді, яғни шалғындық атқонақты 6-7 кг, қылтықсыз арпабасты -9-12 кг, субидайығын (қанареечник тростниковидный) -6-8 кг/га мөлшерінде алады. Ешкі шөбінің себу тереңдігі 1,5-2,0 см аспауы керек. Одан тереңдеу себілсе далалық өңгіштігі төмендеп кетеді. Тұқым бөртіп өніп шығуы үшін мол ылғал қажет. Сондықтан тұқым себілген танапты жеңіл тығыздағыштармен тығыздау жұмыстарын жүргізеді.

Тұқым себілгеннен кейін ол 7-12 күнде толықтай өніп шығады. Өскіндері алғашқы кезеңде баяу өседі де арамшөптермен өздігінен күресе алмайды. Сондықтан өскін толық шыққаннан 10-15 күндей өткесін ешкі шөбінің биіктігі 3-4 см жетіп қатарлары анық көрінгесін бірінші рет арамшөптерге қарсы культивация жүргізіледі. Өңдеу жұмысын тереңдетпей өте сақтықпен жүргізу керек. Екінші рет қатараралығын өңдеу 20-25 күн өткесін жүргізеді. Одан кейінгі қатараралығын өңдеу жұмыстары арамшөптердің шығуына, топырақ бетінің қабыршақтануына бйланысты жүргізіледі. Қатарда қалған ірі арамшөптерді қолмен жұлып тастау керек.

Жаздың аяғында ешкі шөбінің өсімдігін фосфор және калий (45-60 кг/га ә.з.) тыңайтқыштарымен қоректендіреді.

Астық тұқымдас шөптердің қоспасын әртүрлі мерзімде себеді, бірақта екі рет культивация жүргізбей себілмейді. Осымен бірінші жылғы күтіп-баптау жұмыстары аяқталады.

Екінші және одан кейінгі жылдары жүргізілетін күтіп-баптау жұмыстары қиындық туғызбайды. Қатарааралығы арамшөптерден таза танапты тереңдеткіш-қопсытқышы ілінген культивациямен өңдейді. Ал астық тұқымдас қоспалар себілген танапта тырмалау жұмыстары жүргізіледі. Осындай жұмыстар танапты орын алғаннан кейін қайталанады. Танапты көбінесе фосфор, калий тыңайтқыштарымен үстеп қоректендіреді. Егер өсімдіктің дамуы нашар болса оған азот тыңайтқышын береді. Танапты фосфор және калий тыңайтқыштарымен қоректендіру ерте көктемде, не болмаса күзде вегетация кезеңі тоқтағанда жүргізіледі. Азот тыңайтқышы тек қана көктемде не болмаса бірінші орудан кейін беріледі.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Серегин В. И., Шерстнев С. С., Банкаина Т. Ф., Калашников К. Г. Многолетние бобово-злаковые травы – основа современного кормопроизводства земледелия. //Ж. Кормопроизводство, № 6, 2003 г.
- 2 Беляк В. Б. Способы возделывания козлятника восточного в Поволжье // Кормопроизводство, 2002, 2. - С. 17-19.
- 3 Козлятник // Кормовые растения сенокосов и пастбищ. - М.-Л. : Сельскохозяйственная литература, 1951. - С. 670-673

РЕСУРСОБЕРЕГАЮЩАЯ ТЕХНОЛОГИЯ ВОЗДЕЛЫВАНИЯ ОЗИМОЙ ПШЕНИЦЫ НА БОГАРНЫХ ЗЕМЛЯХ ЮЖНОГО КАЗАХСТАНА

СЫДЫК Д. А.

д.с.-х.н.

СЫДЫКОВ М. А.

к.с.-х.н., Казахстан

Разработанная ресурсосберегающая агротехнология возделывания озимой пшеницы в звенье плодосменного севоборота представляет огромную теоретическую значимость и практическую ценность. В сложившихся условиях рынка различные формы агроформирований, особенно мелкие и средние крестьянские хозяйства с небольшим земельным угодием, нуждаются в краткоротационных плодосменных севооборотах и ресурсосберегающих агротехнологиях, с сокращением технологических приемов обработки почвы в период вегетации растений до прямого посева без каких-либо обработок. В этой связи, разработанная агротехнология возделывания по минимализации обработки почв и прямого посева озимой пшеницы в звенье плодосменного севооборота имеет весьма важную практическую значимость в период наступления глобального кризиса и диспаритета цен на продукцию растениеводства и энергетические ресурсы в нашей стране и за её пределами [1, с. 5–16].

Исследование по разработке ресурсосберегающей технологии возделывания озимой пшеницы в звенье плодосменного севоборота в условиях богарного земледелия проводились в 2015-2017 гг. в стационарном участке отдела «Земледелие и растениеводство» Юго-Западного НИИ животноводства и растениеводства.

Результаты изучения особенностей формирования продуктивных элементов озимой пшеницы представлены в таблице 1.

По данным таблицы 1 видно, что позитивное влияние закономерности формирования продуктивных элементов оказало последствие глубокого рыхления подпахотных горизонтов почвы (на глубину 40-45 см глубоко рыхлителем ГР -2). Так, во всех технологиях возделывания при выращивании озимой пшеницы после сафлора величина продуктивной кустистости, длина колоса и количество зерен в колосе увеличивалась с проведением глубокого рыхления. Наилучшие показатели их величины были при традиционной технологии и составили 1,03 шт; 10,29 см и 26,12 шт, тем не менее, сравнительно высокий ход формирования продуктивных элементов наблюдался при прямом посеве на фоне последствия глубокого рыхления почвы – 1,03 шт; 10,05 см и 26,18 шт соответственно.

За годы исследований, наибольшие показатели массы 1000 зерен – 32,13-31,80 г получены при прямом посеве и минимализации обработки почвы на фоне последствия глубокого рыхления, а на фоне без рыхления их величины составили 30,88-31,29 г. Эти величины при традиционной технологии были несколько ниже – 29,99 и 31,99 г соответственно. Это видимо, связано с тем, что при традиционной технологии очень сильно оголяется поверхность почвы, верхний слой почвы под влиянием атмосферных осадков сильно уплотняется с образованием почвенной корки, в результате чего с поверхности почвы больше испаряется почвенная влага, особенно в период формирования зерна. При прямом посеве за счет растительных остатков поверхность почвы в большей степени покрыта и тем самым меньше испаряются запасы влаги из почвы, что оказало положительное влияние на сохранение запасов почвенной влаги и увеличению массы 1000 зерен [2, с. 6–15].

Таблица 1 – Продуктивность озимой пшеницы в зависимости от агротехнологии возделывания (2015-2017 гг.)

Способ возделывания	Прям обработка	Кол-во растений перед уборкой на 1м ² , шт.	Высота растений, см	Продуктивная кустистость, шт.	Длина колоса, см	Кол-во зерен в колосе, шт.	Масса зерен с одного колоса, г	Масса 1000 зерен, г	Урожайность зерна, ц/га
1. Традиционная технология	Без рыхления	289,2	95,7	1,01	9,64	24,1	1,18	29,99	20,9
	Последствие глубокого рыхления	280,6	99,5	1,03	10,29	26,12	1,29	31,99	24,4
2. Минимализация обработки почвы	Без рыхления	270,3	90,1	1,0	8,85	23,43	1,17	30,88	19,2
	Последствие глубокого рыхления	274,6	91,9	1,02	9,6	26,48	1,27	31,80	23,3
3. Прямой посев	Без рыхления	258,8	85,6	1,0	8,4	23,15	1,05	31,29	18,9
	Последствие глубокого рыхления	272,6	93,7	1,03	10,05	26,18	1,27	32,13	23,1

Предшественник сафлора: НСР_{0,5} = 2,4 ц/га – для фактора способ возделывания
НСР_{0,5} = 1,8 ц/га – для фактора прием обработки почвы
P = 1,74%

Таблица 2 – Модель ресурсоберегающей агротехнологии возделывания озимой пшеницы с минимальной обработкой в условиях богары Южного Казахстана

Наименование работ	Параметры агротехнических операций	Сроки выполнения	Агрегатный состав техники	
			трактор	орудие
1. Минимализация обработки почвы	В мае после укоса люцерны на сено (в засушливые годы). В увлажненные годы после уборки семенников люцерны (в увлажненные годы). В звезде плодосменного севооборота после сафлора.	Май Сентябрь, Октябрь Август, сентябрь	К-701 Т-150 Т-150	БДТ-7,0 БДТ-3,0 БДТ-3,0

2. Протравливание семян	«Раксил» - 0,4-0,5 л/га; «Дивиденд экстрим» - 1,0 л/г, «Кольфуго супер» 20% - 2,0-2,5 кг/г; «Бункер» - 0,4 л/г, «Внал ТТ» - 0,3-0,4 л/г.	Сентябрь, октябрь	Электрический ток	ПС-10 ПСШ-5
3. Посев	Норма посева: на обеспеченной богаре 4,0 млн.всхожих зерен или 160-180 кг/га. На полуобеспеченной богаре 3,5 млн.всхожих зерен или 140-160 кг/га. На необеспеченной богаре 3,0 млн.всхожих зерен или 120-140 кг/га.	I-декада октября II половина октября	МТЗ-80	СЭС-2,1
5. Подкормка	Азотными удобрениями при возобновлении весенней вегетации озимой пшеницы (N ₃₅₋₇₀ кг/га).	Февраль или в начале марта	МТЗ-80	РУМ-3
6. Закрытие влаги	По мере наступления физической спелости почвы в фазе кушения провести боронование посевов	II-III декада марта	МТЗ-80	БЗТС-1,0
7. Применение гербицидов	Рекомендуемые гербициды: против двудольных сорняков; «Балерина» - 0,3-0,5 л/га, «Валсамин» - 1,2-1,4 л/га, «Диамин», 72% с.е. - 0,5-0,7 л/га против двудольных сорняков, «Топик» - 0,3-0,5 л/га, «Ластик Топ» - 0,4-0,5 л/га, «Ластик экстра» - 0,8-1,0 л/га в фазе 2-3 листьев нормой расхода рабочей жидкости 200-300 л/га.	В конце марта	МТЗ-80	ОВГ-1,0 ОПШ-15 ПОУ
8. Применение инсектицидов	Норма обработки инсектицидами: «Брейко» - 0,075-0,1 л/га, «Тайрек» - 0,06-0,07 л/га, «Шарпей» - 0,2 л/га, «Энжю 247» с.к. - 0,1-0,15 л/га, «Деице» 2,5% к.э. - 0,25 л/га, «Деице экстра» 12,5% к.э. - 0,05 л/га, «Каратэ» 0,50 к.э. - 0,15-0,2 л/га.	По мере появления вредителей	МТЗ-80	ОВГ-1,0 ОПШ-15 ПОУ
9. Уборка	В фазе полной спелости зерна	В начале июля		Зерноубор. комб. «Нива», «Колос», «Енисей»

Таблица 3 – Модель агротехнологии прямого посева озимой пшеницы с глубоким рыхлением на богарных землях Южного Казахстана

Наименование работ	Параметры агротехнических операций	Сроки выполнения	Агрегатный состав техники	
			трактор	орудие
1. Протравливание семян	«Раксил» - 0,4-0,5 л/г; «Дивиденд экстрим» - 1,0 л/г; «Кольфуго супер» 20% - 2,0-2,5 кг/г.	За 2-3 недели до посева	Электрический ток	ПС-10; ПСШ-5
2. Прямой посев	Норма посева: на обеспеченной богаре 4,0 млн. всхожих зерен или 160-180 кг/га. На полуобеспеченной богаре 3,5 млн. всхожих зерен или 140-160 кг/га. На необеспеченной богаре 3,0 млн. всхожих зерен или 120-140 кг/га.	I-декада октября II половина октября В конце октября и в начале ноября	МТЗ-80	СЭС-2,1 FANKHAUSER 2115
3. Подкормка	Азотными удобрениями при возобновлении весенней вегетации озимой пшеницы (N35-70 кг/га).	Февраль или в начале марта	МТЗ-80	РУМ-3
4. Закрытие влаги	По мере наступления физической спелости почвы, в фазе кушения провести боронование посевов	II-III декада марта	МТЗ-80	БЗТС-1,0
5. Обработка гербицидами в фазе трубкования	Рекомендуемые гербициды: против двудольных сорняков; «Балерина» - 0,3-0,5 л/га, «Валсамин» - 1,2-1,4 л/га, «Диамин», 72% с.е. - 0,5-0,7 л/га против двудольных сорняков, «Топик» - 0,3-0,5 л/га, «Ластик Топ» - 0,4-0,5 л/га, «Ластик экстра» - 0,8-1,0 л/га в фазе 2-3 листьев нормой расхода рабочей жидкости 200-300 л/га.	В конце марта	МТЗ-80	ОВГ-1,0; ОПШ-15; ПОУ
6. Уборка озимых пшениц	Проводится прямым комбайнированием с разбрасыванием измельченной соломы на поверхность почвы.	III декада июня и I декада июля	Нива; Лавра и др.	Измельчение соломы с разбрасыванием
7. Перевозка урожая	Перевозка урожая с поля на зерноток.	Июль-июль	Автомашина ЗИЛ-130	Камаз - 525

Наивысший урожай зерна – 24,4 ц/га получен на варианте с традиционной технологией на фоне последствия глубокого рыхления почвы. На варианте без рыхления этот показатель составил 20,9 ц/га или на 3,5 ц/га ниже.

Следует отметить, что за годы исследований стабильно высокий урожай зерна озимой пшеницы – 23,1 ц/га сформирован при прямом посеве на фоне последствия глубокого рыхления, а без рыхления почвы её величина снизилась до 18,9 ц/га или на 4,2 ц/га по сравнению с вариантом последствия глубокого рыхления.

На наш взгляд, урожайность зерна озимой пшеницы в годы исследований могла быть намного выше, если бы не высокий термический режим в конце мая месяца (среднедекадная температура в III декаде 22,2 °С), в начале июня (среднедекадная температура в I декаде 26,8 °С) с горячим ветровым режимом «Герим Сил», который ускорил созревание растений озимой пшеницы. Сильное поражение листовой поверхности озимой пшеницы ржавчиной в 2016 году также снизило интенсивность фотосинтеза и тем самым в этом году ожидаемая урожайность уменьшилась примерно на 35–45%.

Следовательно, при ресурсосберегающей технологии возделывания озимой пшеницы последствие глубокого рыхления почвы во всех изучаемых вариантах технологий выращивания дало достоверную прибавку урожайности зерна с существенным увеличением продуктивных элементов, особенно при прямом посеве озимой пшеницы. Следует отметить, что между изучаемыми технологиями возделывания существенной разницы в формировании продуктивных элементов и урожайности не наблюдалось, небольшое их повышение или снижение находилось в пределах ошибки опыта.

По результатам трехлетних исследований разработана и рекомендована для производителей модель ресурсосберегающей технологии возделывания озимой пшеницы и их прямой посев с глубоким рыхлением почвы один раз за ротацию в звене плодосменного севооборота для условий богары Южного Казахстана (таблицы 2, 3).

ЛИТЕРАТУРА

1 Сыдык Д. А., Карабалаева А. Д., Сыдыков М. А., Тастанбекова Г. Р. Ресурсосберегающая технология возделывания зерновых колосовых культур в условиях южного Казахстана. Рекомендация. – Шымкент, 2012. - 28 с.

2 Сыдык Д. А., Сыдыков М. А. Күздік бидайды қор үнемдеу агротехнологиялық жүйесінде терең копсытып өсірудің негізі. Ұсыныс. – Шымкент, 2018. - 19 б.

ҮШҚАТ ЖЕМІС АҒАШЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДА ЖӘНЕ КЕРЕКУДЕ ТАРАЛУЫ ЖӘНЕ ОНЫ ӨСІРУ ЖОЛДАРЫ

СЫЗДЫКОВА Ж. Е.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

АЛЬМИШЕВ У. Х.

а./ш.ғ.д., профессор

АЛЬМИШЕВА Т. У.

аға оқытушы



Сурет 1

Үшқат табиғи түрде Қиыр Шығыста, Курил аралдарында, Сахалинде, Солтүстік Қытайда кездеседі. Оны Еуропа елдерінде, АҚШ-да және Канада да көп өсіреді. Қазақстанның солтүстігінде бұл дақыл жоқтың қасы. Жеуге жарамды үшқатты

жекеленген әуесқой бағбандардың саяжайларында кездестіруге болады.

Биіктігі 1–1,5 м, қатараралығы 1,5 м жететін, топырақ астынан бұтақтанатын бұта. Жеміс салуға отырғызғаннан 3–4 жыл өткеннен соң кіріседі, жемістері бүлдіргеннен 7–12 күн бұрын пісіп жетіледі. Жидектерінде Р дәрумені мол – қара жемісті шетенге, итмұрынға және қара қарақатқа жол береді. Балаң жидектері дәруменді және құрқұлаққа қарсы дәрі. Ол асқазан сөлінің жақсы бөлінуіне ықпал жасайды, сондай-ақ безгек, қан қысымын, қан аздықты және ішек-қарын жолдарының бұзылуын емдеуге пайдаланылады. Жидектерінен шырын, тосап, шәрбәт дайындалады. Бір түптің орташа өнімі – 0,7–3,7 кг.

Үшқат (Жимолость *Lonicera*) латынша атауы яғни «*Lonicera*» немістің атақты математигі, физигі және ботанигі Адам Лоницераның құрметіне қойылған. Үшқаттылар тұқымдасына жатады. Үшқат өсімдігінің Отаны – Азия, Солтүстік Америка, Еуропа елдері.

Үшқаттың табиғатта 200-ге жуық түрі кездеседі. Оның 150-ден астам түрі көгалдандыруда қолданылады. Аса танымал түрлері: Іле үшқаты, татар үшқаты және каприфоль үшқаты. Кең таралған сорттары: «ранняя», «колокольчик», «витаминная», «голубинка», «грушевидная», «ленинградский великан», «нежная» тағыда басқа сорттары бар.



Сурет 2

Өкінішке орай үшқат өсімдігі Қазақстанның санаулы ғана аймақтарында өсіріледі. Алдын ала Щепетков Н. Г. Және тағы басқалары жүргізілген зерттеулерге сүйене отырып үшқат өсімдігінің Алматы қорығының таулы аймақтарында, Шығыс Қазақстан облысының өзен аңғарларында бұталы үшқат өсімдігінің өсетінін байқаған [1,3]. Сонымен қатар Қазақстанның кейбір өңірлерінде үшқат өсімдігінің шырмалып өсетін түрін мектеп және балабақша ауласын көгалдандыру мақсатында өсіріледі.

Халқымыздың көрнекті ақыны Илияс Жансүгіровтің «Жетісу суреттері» атты әйгілі өлеңінде «...Долана, үшқат, шетен, ырғай, арша...» деген жыр жолдары үшқат ағашының Жетісу өңірінде де өсетінін аңғаруға болады.



Сурет 3

Павлодар облысында да үшқат өсімдігі өсіріледі, бірақ өте сирек кездеседі. Үшқатты өсірумен көбінесе әуесқой бағбандар айналысады. 2014 жылдың 7–10 мамыр аралығында Павлодар қаласында өсімдіктер жәрмеңкесі өткізілді. Бұл жәрмеңкеде Ресейден әкелінген

үшқаттың жаңа сорттары сатылды. Ең көп таралғаны қоршауға шырмалып өсетін түрі. Гүлдерінің түсі ақшыл, сарғыш және қызыл болып келеді. Қызыл түсті үшқат улы болғандықтан, жемісін жеуге болмайды. Үшқаттың жеуге жарамды түріне тоқталатын болсақ, олар тау беткейлерінде, орман-тоғайларда, тастақты жерлер мен өзен жағалауларында өседі. Үшқаттың жеуге жарамды түрін 1909 жылы И. В. Мичурин ашқан.



Сурет 4


топырақтарда да өседі және жеміс салады, аса көп күтімді қажет етпейді. Бұл қысқа төзімді өсімдік – 50 °С, тіпті одан да төмен температурада шығады. Гүлдері –5–7 °С бозқырауларға шыдайды. Қала жағдайында газға төзімді. Жылда гүлдейді, гүлдеу және жеміс салған кезеңінде көрікті. Оның жеміс маусымындағы ең ертесі, олар маусымның бірінші онкүндігінде піседі.

Бөрікбасы өте қою, шар тәрізді, жапырақтары ұсақ, бозғылт жасыл, сопақ немесе ұзынша. Тамырлары негізінен –7–10 см қабатта орналасқан. Мамырдың ортасында гүлдейді және бір айдай гүлдейді. Үшқаттың жемісі гүлдегеннен 25–30 күн өткеннен соң пісіп жетіледі, бүлдіргеннен 7–10 күн ертерек. Жидектері бір уақытта піспейді, кейде – екі апта ішінде. қопсытады [2].

Көлеңкеге шыдамды, бірақ жақсы жарықтануды ұнатады. Орташа құнарлы топырақтарда, ылғалы тым мол емес жерлерде жақсы өседі. Органикалық заттары мол, борпылдақ топырақтарды жақсы көреді, ауыр саздақ топырақтарда күйзеледі, сәл сортаңға шыдамды.

Үшқат тұқыммен, сұлатпа сабақтармен, ағаштанған және жасыл қалемшелермен көбейту тәсілін қолданады, айқас тозанданады.

Үшқатқа арналған телімді қара сүрі жер тәсілімен дайындайды. Топырақта органикалық заттарды молайту үшін әр гектарға 70–100 т қарашірінді, 50–70 кг/га азот тыңайтқышы, 60–70 кг/га фосфор мен калий тыңайтқыштарын енгізеді. Отырғызар алдында топырақты жырту қабатының тереңдігіне жыртады.



Сурет 5

Екпе көшеттерде 20 см тереңдікке тілінген шөкелерге отырғызады. Отырғызу барысында екпе көшеттің тамыр жүйесі топырақ бетінен 3–5 см тереңірек орналасқанына көңіл қойылады.




Сурет 6

Отырғызудың ең жақсы мерзімі – қыркүйектің соңы қазанның басы. Отырғызу сұлбасы – 1,5x0,5 м отырғызылған бұтаны көлдетіп суландырады және жабындайды.

Отырғызылғаннан кейінгі 3–5 жылдай үшқатты кесуге болмайды. Одан кейін 2–3 жылда бір рет ерте көктемде санитарлық кесу жүргізіледі.

Кесуді және қалыптастыруды сирету түрінде жүргізеді. Тек қартаю бастаған үштарын және жасырақ бұтақтың тарамдалған ірі бұтақтарын кеседі. Бөрікбастың орта тұсындағы өсе



Сурет 7

бастаған біраз әлсіз өсімді беретін және жеміс салмайтындарын кеседі. 15 жастан асқан бұталарда, бұтаның түбіне орналасқан мықты жас тарамға дейінгі, бұтаның негізіне жақынын кеседі.



Сурет 8

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Щепетков Н. Г., Өзбеков Б., Ысқақов М. Ә. Көкөніс шаруашылығы. Астана, 1998 ж. – 208 б.
- 2 Лукиша В. В. Жимолость. Москва : Лесн. пром-сть, 1990. – 25 с.
- 3 Щепетков Н. Г., Ысқақов М. Ә. Жеміс – көкөніс шаруашылығы. Алматы, 2011 ж. – 45 б.

ИТМҰРЫННЫҢ АДАМ АҒЗАСЫНА КЕЛТІРЕТІН ПАЙДАСЫ

ТАСҚҰЛ Ә. М.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

АЛЬМИШЕВ У. Х.

а./ш.ғ.д., профессор

Итмұрын – раушангүлділер тұқымдасына жататын көп жылдық өсімдік. Жер шарының қоңыржай және субтропикалық аймақтарының барлық жерлерінде өседі. 500-ге жуық түрі бар. Қазақстанда 21 түрі кездеседі, сонымен қатар үш түрі қолдан өсіріледі. Ал Павлов итмұрыны өте сирек кездесетін эндемик өсімдік. Сондықтан қорғауға алынып, Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген. Республиканың (Алтай, Тарбағатай, Жоңғар Алатауы) сай, Орталық және Оңтүстік-шығыс бөлігінде тауда, жазықта, қорым тастарда, беткейлерде, ормандарда, дымқыл топырақты жерлерде бұталар арасында өседі. Итмұрынның екпе түрлерінің барлығын дерлік раушан деп атайды. Халық арасында итмұрынның «жабайы раушан» деген атауы кенінен таралған. Кейбір түрлері ежелден белгілі бауда өсірілетін раушандардың арғы тегі болып табылады. Біздің эрамызға дейінгі 4 мың жылдыққа жататын Алтайдың көмбелерінен табылған металл ақшаларда да бауда өсірілетін раушандар бейнеленген. Итмұрынды XVI ғасырдан бастап дәрілік зат ретінде қолданған.

Итмұрынның ерекшелігі: бағалы дәрумендерге бай, жемісі және одан дайындалған дәрі-дәрмектер медицинада негізінен асқазан және бауыр ауруларын емдеуге қолданылады, гүлдерін шайдың орнына пайдалануға болады, күлте жапырақшасынан аса бағалы жұпар иісті эфир – раушан майы алынады. Бұл өте бағалы шикізатты парфюмерия өндірісінде қолданады. Гүлдері әдемі болғандықтан итмұрынды өсемдік үшін де өсіреді. Оның 25 мыңнан астам сорты шығарылған. Бұтағы тікенекті болғандықтан, қоршаудың орнына өсіруге де болады.

Итмұрынның құрамында Менделеев кестесінің жартысы бар деуге болады. Итмұрынның тамыры, жапырағы, жемісі адам ағзасына өте шипалы. Құрамындағы аскорбин қышқылы қаракатқа қарағанда 10 есе, лимонға қарағанда 50 есе артық мөлшерде болады. Медициналық тұрғыдан итмұрынның құндылығын оның құрамында көп мөлшерде болатын С (6% дейін) дәрумені арттырады. Сонымен қатар итмұрынның құрамында В, К, Р дәрумендері, тұқымында Е дәрумені, каротин, қант, сондай-ақ, илік, пектинді, бояулық

заттар, органикалық қышқылдар, минералды заттар, макро, микроэлементтер болады

Ибн-Сина өзінің атақты еңбегі «Канонда» итмұрынды «тазартушы дәрі» деп атаған. Итмұрын экстрактысын қан кеткенде, инфекциялық ауруларға, ұзақ жазылмайтын жарақатқа, сүйек сынғанда, өндіріс уларынан уланғанда және склерозға қарсы дәрі ретінде ішеді. Ғылыми медицинада итмұрын жемістерінің тұндырмасын, сиропы мен ұнтағын гиповитаминозға байланысты ауруларға, тұмау ауруларына деген қарсылықты күшейту үшін ұсынады. Жемістерінің қою экстрактысын бауыр мен өт жолдарының ауруларына өт айдау дәрі ретінде береді. Итмұрын жемісінен дәруменді дәрі-дәрмек ретінде пайдаланылатын құрғақ экстракт және таблеткалар дайындайды. Халық медицинасында итмұрын жемістерінен жасалған шайды туберкулезге, бауырдың, өттің, бүйректің, қуықтың қабынуына, өтас және бүйректас ауруларына, қан аздыққа, жалпы әлсіздікке, асқазан мен ұлтабар жараларына қолданады. Халық медицинасында жапырақтары мен тамырларын да пайдаланады. Мәселен, жапырақтардың қайнатпасын микробтарға қарсы және асқазан ауруын басатын дәрі ретінде, тамырлар қайнатпасын өт айдайтын, антисептикалық және іш өткенде тұтқыр дәрі ретінде қолданады. Итмұрын гүлжапырақшаларын да емдік мақсатқа пайдаланады: гүлжапырақшалардың шырыны көруді жақсартады деген ұйғарым бойынша, оны көзге тамызады.

Итмұрын жемісінен тосап, компот, повидло, дәруменді сироп, диетикалық және емдік сусын, шарап, кисель, мармелад, желе жасауға болады. Үйде емдеу үшін көбіне жемісін қайнатпа поливитаминді шай күйінде пайдаланады. Итмұрын дәнінен алынған май шырғанақ жемісінен алынған майдан кем түспейді. Үй жағдайында итмұрын майын тропикалық жарадан ойылғанды емдеуге пайдаланады.

Итмұрынның жемісі әбден піскенде (суық түскенге дейін) жинайды, суық ұрған жемісі дәріге жарамайды. Себебі суық, одан кейінгі жылыну жемістердегі дәрумендердің мөлшерін азайтады. Жемісін сыртындағы тостағанша жапырақшасымен бірге жүлу керек, кептірген соң алып тастайды. Себебі тостағанша жапырағынсыз кеппеген жемісі көгеріп, тез бұзылып кетеді. Гүлтабанын бітеудей кептіруге болады, немесе жарып (ұзынынан) ішіндегі нағыз жемістерін тазалап, тек гүлтабанын қалдырады. Жинап алған жемісін бірден кептіру керек, ыстық пешке немесе кептіргішке салып 70-80°C ыстыққа кептіреді. Мұндай жағдай болмаса қалыңдығын 3-5 см етіп жайып, астыңғы жағына да ауа тиетіндей етіп торлы шарбақтың үстіне биіктеу жерге көлеңкеге кептіреді. Тікелей күнге кептіруге

болмайды, құрамындағы дәрілік заттарының қасиеті жойылады. Пешке кептіргенде әлсін-әлсін аударып тұру керек, себебі күйіп кеткендерінде дәрумендері жойылады. Кепкен жемісті қатқыл қағазда немесе кенеп дорбада сақтау қажет. Сақтау мерзімі 2 жыл. Кепкен жеміс ұзақ сақталған сайын С дәрумені азая береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Р. Әлімқұлова, Р. Сәтімбеков “Өсімдіктер әлемі” Алматы-2011 ж., 88 б.

2 Л. К.Сафина, Е. П. Петров “Жасыл аптека” Алматы, Қайнар-1992 ж., 156 б.

3 К. Х. Шалекенова, В. Ф. Мұхамбетова “Жеміс-жидек, Бүлдірген” Алматы, Қайнар-1977, 45 б.

РЕСПУБЛИКАМЫЗДЫҢ ОРМАН ҚОРЫ

ТУСЭВХААН Н.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

КАСАНОВА Ж. Б.

аға оқытушы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Жер планетасының ғасырлар бойғы барлық жануарлар дүниесі мен адамзат баласы үшін тіршілік негізі – таза ауа. Ол тек өсімдіктер дүниесінен бөлініп шығатын оттегі. Бізді қоршаған тропосфералық ауа қабатының 20,9% осы оттегіден тұрады, ол тұрақты ең қажетті газдың бірі. Су оттегін бөліп шығаратын негізгі жасыл фабрика – көпжылдық ағаштар. Қазақстан аумағының 3,8 %-ын орманды жер алып жатыр. «Қазақстан – 2030» стратегиясында бұл көрсеткішті 5,1 %-ға дейін көтеру жоспарланған. Кейінгі жылдары республикамыздың орман қоры аумағында 2257 орман өрті орын алды. Бұл өрттердің 70 %-ы отты дұрыс пайдаланбаудың салдарынан болған. Өрт 4 млн. текше метрге жуық ағашты жойды. Ірі орман өрттері Шығыс Қазақстан, Павлодар, Ақмола, Қарағанды, Алматы облыстарында болды.

50 мың гектар орман алқабында зиянкестер мен ағаш аурулары анықталды. Ең ірі орманды аумақтар – Шығыс Қазақстан, Қостанай, Батыс Қазақстан, Ақмола, Павлодар облыстарында. 1997 жылы орман заңын бұзушыларға қарсы 500 іс тіркелді. Қазақстан солтүстігінде өзенді жағалай өскен ормандары мен оңтүстігіндегі тоғайлары жеке-жеке алқаптар болып есептеледі. Барлық таулы

жерлердегі ормандардың топырақ пен су қорғауға тигізетін әсері көп. Олардың арқасында тау бөктерлерінің шымы қалпында сақталып, су ағысы біркелкі мөлшерде реттеліп отырады.

Қазақстандағы орманның жалпы көлемі «Қазорман» шаруашылығының мәліметі бойынша 1998 жылы 24568,4 мың гектар болды. Соңғы жылдары орман шаруашылығын қаржыландырудың қысқаруынан, орманды күтіп ұстаудың жағдайы күрт төмендеп кетті. 1997 жылдың 10-шы айында ірі өрттен 170 мың гектардан астам орман өртенді. Мысалы, Баянауыл ұлттық бағының ерекше қорғалатын аумағының 12,1 гектары өртеніп кеткен.

Бақылау қызметінің қысқаруынан және қазіргі техниканың көптеген орман қорғау кәсіпорындарында іс жүзінде жоқтығынан зиянкестер ошағы мен орман аурулары көбейіп барады.

Орманның азып-тозуы антропогендік және табиғи факторлардан туындайды. Мысалы, Қызылқұм шөлейт даласын суаруға Сырдариядан су алуға байланысты жер асты суларының деңгейі төмендеп, бұталы ағаш өсімдіктерінің жағдайы нашарлап, бұл жер сексеуіл өсіруге жарамсыз болып қалды. Малды жөнсіз бағудан шөлейттегі орман едәуір зардап шекті. Далалық орман, ең алдымен аса бағалы қарағайлы орман ретсіз кесуден таусылған. Өзендердің реттеліп тежелуінен және өрттен тоғай қатты азып-тозып кетті. Оның ішінде сирек кездесетін биогеноценоз – тораңғы да таусылып бітті. Сондықтан Шардара ауданында соңғы онжылдықта осы тұқымның 30 %-ын маңызы шамалы шеңгел тобы ауыстырған. Жоғары табиғи таулы жердегі ерекшелігіне қарай тау орманы өрттен көп зардап шекті. Республика ормандарында қалыптасқан экологиялық нашар ахуал және тозу процестері орман ресурстарын сақтап, ұтымды пайдалану жөнінде шұғыл және кесімді шараларды қаблдауды талап етеді. 1993 жылы қабылданған жаңа Орман кодексі Қазақстан Республикасының құқықтық және экологиялық жағынан орманды қорғауға, шаруашылықты ұтымды жүргізуге ынталандыруды белгілі шамада арттырды. Халық шаруашылық маңызы бойынша Қазақстан ормандарын үш топқа бөлуге болады. Бірінші топқа жататын ормандар 18,7 миллион гектарды алып жатыр. Бұларға егістік қорғауға орналған, топырақ қорғау, су қорғауға арналған орман алқаптары, қалалар мен өндіріс орындарының айналасындағы, курорттық ормандар, өзендер, тас жол, темір жол жиегіндегі және мемлекеттік қорықтардың ормандары жатады. Бұл ормандарды кесуге тыйым салынған. Тек күтіпбаптау, тазалық және орманды қалпына келтіру кезіндегі кесулер ғана жүргізіледі. Бірінші

топқа жататын ормандарды қорғауда оларды тиімді пайдалану мен өсірудің маңызы зор.

Қазақстан ормандарының басым көпшілігі – Тянь-Шаньнің таулы ормандары, Ертіс маңындағы таспалы тоғай, Қазақстан қатпарлы өлкесінің қарағайлы-қайыңды ормандары, Солтүстік Қазақстанның қайыңды ормандары, тоғайлар мен сексеуіл ормандары. Екінші топқа су қорғауына алынған ормандар, аз орманды, орташа орманды жерлердің орындары жатады. Бірақ ағашты кесу мөлшері жылдық өсімге сәйкес анықталады. Қазақстанда бұл топқа 591 мың гектар жерді алып жатқан Шығыс Қазақстан облысының жерлері жатады.

PP	6,10	6,40	7,60	4,70	5,80

Осы кезде құрылымдық-механикалық, биохимиялық және басқа да қасиеттердің динамикалық өзгерісін білу қажет.

Ет өнімдерінің технологиясында термоөндеудің негізгі мақсаттары: ет өнімінің құрылымын айқындату; микроағзалардың вегетативті формасын жою және өнімнің сақтау төзімділігін арттыру; дайын өнімнің қажетті органолептикалық қасиеттерін қалыптау (сыртқы түрі, түсі, иісі, консистенциясы) болып табылады.

Азық-түліктердің термиялық өңдеу кезіндегі реологиялық өзгерістерді олардың кернеу әсерінен болатын әсерін (ағын, деформация) қарастырады.

Құрылымдық-механикалық қасиеттермен анықталатын сыртқы әсерлер, ішкі кернеуді тудырады. Құрылымдық-механикалық қасиеттер азық-түліктің құрамы мен құрылымына, ал компоненттің физикалық жағдайы материалға тәуелді.

Қолданыстағы құрылымдар өзінің құрылымдық-механикалық қасиеттеріне байланысты әртүрлі болады [2,3 44–98 б.].

Каогуляциялық құрылым – өте жұқа қабаттар арқылы, бос бөлшектердің қосылуынан немесе онымен адсорбациялы байланысқан дисперсты орталада пайда болады. Сонымен қатар бос сұйықтық фаза түрінде бөліне алады, бірақ құрылым ішінде өте кішкентай тамшылар түрінде бола алады. Осы құрылымдар қызықты қасиетке ие. Олар ыдыраудан кейін ерікті қайта қалпына келе алады.

Ет өнімдерінің термиялық өңдеу мақсаты – өнімнің аспаздық дайын күйге дейін жеткізу. Осы процесс кезінде өнімнің микробтық бұзылуынан төзімділігі артады.

Термиялық өңдеу нәтижесінде ет жаңа сипаттаушы дәм және ароматикалық қасиеттер, тығыз консистенцияны иеленеді және ағзамен жақсырақ сіңіріледі [4, 70 б.].

Термиялық өңдеу процесі кезінде нитрозомиоглобин денатурацияланған глобинге айналып, ет өнімдеріне қызғылтым қызыл түс беруіне себепкер болады. Ет және ет өнімдерін жылулық өңдеу кезінде коллагеннің өзгеруі жағымды процесс, өйткені ол коллагеннің сіңірілуін жоғарылатады және дәнекер ұлпаның күшін және еттің қаттылығын төмендеті. Осыған себепті ет аспаздық дайын күйге дейін жеткізіледі.

Ет өнімдерінің технологиясында термоөндеудің мақсаты – бұл әртүрлі технологиялық әдістерді қолдана отырып пайда болатын эффект.

Осы жағдайда ет өнімдерінің реологиялық қасиеттерін, өнімнің құрылымын, құрылымдық-механикалық және биохимиялық қасиеттің динамикалық өзгерістерін білу, басым құрылымның типін өзгерте алатын, шикізаттың және дайын өнімнің сапалық сипатының өзгеруін тудыра алатын арнайы технологияны жасауға және беттік активті заттарды қолдануға мүмкіндік береді [5, 46 б.].

Ет өнімдері технологиясында өсімдік шикізатын қолдану сапалық қасиеттерге әсер етеді, яғни монолитті құрылымға және өсімдік ақуыздарымен байытылған ет өнімдеріне.

Қазақстан тұрғындарының тамақтануын жақсартуда азық-түлік шикізатын дұрыс технологиялық өңдеу арқылы тағамдық құндылығын, жоғары биологиялық қасиетке ие өнімдерді тұтынуды жоғарылату.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Сегізбайұлы К. Қазақы дастарқан. – Алматы : «Атамұра». – 2014. – 192 б.
- 2 Кенжеахметұлы С. Қазақтың дарқан дастарқаны. – Алматы. – 2015. – 240 б.
- 3 Қасиманов С., Қазақтың ұлттық тағамдары. – Алматы. – 2014 – 85 б.
- 4 Айтматов Ч. К. Астық тұқымдастар / Ч. К. Айтматов, А. Т. Даукенов, – М : Ғылым, 2016 –311 б.
- 5 Бейсенбаева З.А. Өсімдік физиологиясы / З. А. Бейсенбаева, Л. Л. Каримова, К. Т. Сейлханова; – Атамұра, 2015 – 209 б.

МЕДИЦИНАДА ҚОЛДАНУ КЕЗІНДЕГІ САҢЫРАУҚҰЛАҚТАРДЫҢ БИОХИМИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІНІҢ ӨЗГЕРУІ

МУСЛИМОВА Б. М.

биотехнология магистры, аға оқытушы,
С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

БЕЙБІТ Б. А.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Саңырауқұлақтар – төменгі сатыдағы өсімдіктердің ішіндегі ең көп тарағаны, олардың 100000-дай түрі кездеседі. Басқа өсімдіктер типтерінен басты айырмашылықтары пластидтері, хлорофилі болмайды. Бұлар дайын органикалық заттармен қоректенуге бейімделген гетеротрофты өсімдіктер [1, 48 б.].

Түрлері бойынша жейтін саңырауқұлақтар және жеуге жарамсыз саңырауқұлақтар болып бөлінеді. Бүгінгі таңда саңырауқұлақтардың ғылымға 100 мыңнан аса түрлері белгілі. Табиғаттағы нақты саны, бөлкім, бұдан 2–3 есе артық болуы. Себебі, жыл сайын бірнеше жүздеген жаңа саңырауқұлақ түрлерінің анықталғаны туралы мәліметтер әдебиетте жарияланып жатады. Саңырауқұлақтар табиғатта тіршілікке мүмкін болатын барлық ортада таралған. Басым көпшілігі құрылықта кездеседі, мәселен, орман төсемігіндегі микроорганизмдер биомассасының 90%-на дейінгі бөлігі тек саңырауқұлақтар үлесіне тиесілі. Олар көлемі, пішіні, түсі, құрылысы, тіршілік әрекеті, табиғаттағы атқаратын қызметі мен адам тіршілігіндегі маңызы жағынан барынша алуантүрлі.

Қазақстанның орталық және солтүстік-шығыс аймақтарына жүргізген экспедициялық зерттеулері нәтижесінде анықталған және «Қазақстанның споралы өсімдіктер Флорасында» берілген агарикалық және афиллофоралық саңырауқұлақтардың улы түрлеріне сипаттамалар жасалған. Барлығы 16 туысқа, 2 қатарға (Agaricales, Arhyllorphorales) жататын 37 түр келтірілген. Олардың республика көлемінде таралуы, улылық деңгейлері, құрамындағы токсиндік заттардың түрлері, пайдалану жолдары т.б. жайлы мәліметтер көрсетілген. Анықталған саңырауқұлақтардың ішінде 4 түр (*Agaricus xanthodermus*, *Huophiloma sublateritum*, *Suillus pipertatus*, *Ramaria Formosa*) аймақтық географиялық жаңалық болып табылады [2, 84 б.].

Жеуге жарамды саңырауқұлақтар да жоғары сатыдағы ағзалар. Оларды «өсімдік еті» деген атпен бағалы тағамдардың қатарына қосады. Оның құрамындағы 10–20 % құрғақ затының 2–4 % нәруыз, 1 % май болады. Құрамында қантты заттары да кездеседі. Бұл заттар саңырауқұлақтың дәмін жақсартып түседі. Жеуге жарайтын саңырауқұлақтарды улы саңырауқұлақтардан ажырата білу керек. Жауынды жыл мезгілдерінде саңырауқұлақтардың қандай түрін болса да кездестіруге болады. Солардың ішінде жеуге жарайтын саңырауқұлақтың 100-ге жуық түрі бар. Ерте көктемде (наурыз, сәуір айларында) Қазақстанда ақ саңырауқұлақтар топталып өседі. Бұл саңырауқұлақ тіпті шөл және шөлейтті жерлерде де кездеседі. Оның дөңес қалпақшасы, мықты түбіртегі болады және қалпақшасының астында түтікшелері бар. Бұл саңырауқұлақты ормандағы қайыңның, шыршаның, еменнің түбінде өсетін ақ саңырауқұлақтармен шатастыруға болмайды. Арышқұлақтар – қарағайлы, шыршалы орманда, терекқұлақ көктеректің түбінде өседі. Ал жеуге жарамды ақ жерқұлақтың (белый трюфель) денесі топырақтың үстіңгі қабатында дамыды. Майқұлақ, ойысқұлақ, түлкіжем, қозықұйрық, бүріскі (сморчок) саңырауқұлақтары да жеуге жарамды [3, 37 б.].

Бүгінгі таңда саңырауқұлақтардың бірнеше ондаған улы түрлері белгілі. Олардың улылығы әртүрлі деңгейде. Осы қасиетіне қарай оларды үш топқа бөледі. Бірінші топқа адамның белгілі бір ағзасына улы әсер ететін саңырауқұлақтар жатады. Бұлар (жирен қозықұйрық, улы қозықұйрық, толық пісіп жетілмеген күзгі томарқұлақ, т.б.) адамның ас қорыту үдерісін бұзады. Бұлардың әсері саңырауқұлақты жегеннен соң 1–2 сағаттан кейін байқалады.

Екінші топқа жүйке орталықтарына әсер ететін саңырауқұлақтар жатады (пантера шыбынжұты, қызыл шыбынжұт, иноцибе

туысының түрлері). Бұлардың жүрек айну, лоқсу, іш өту, қатты терге булығу сияқты әсерлері 2 сағаттан соң білінеді. Сонан соң масаю, күлу, жылау, көзіне әр нәрсенің елестеуі сияқты психикалық өзгерістер басталады. Адам есінен танып қалуы да мүмкін.

Үшінші топқа құрамында бауырды, бүйректі, басқа да адамның өте маңызды ағзаларын зақымдайтын улы заттары бар саңырауқұлақтар (боз поганка, сұрсарғылт томарқұлақ, т.б.) кіреді. Бұлардың әсерлері жегеннен соң 8 сағаттан бастап 48-72 сағат өткеннен кейін ғана білінуі мүмкін. Бұл уақыт ішінде ағза ұлпаларында, жүйке жүйелерінде қайтып қалпына келмейтін үдерістер жүреді. Мұндай улану көп жағдайда өліммен аяқталады. Уланудың клиникалық белгісіне жүрек айну, лоқсу, іштегі өткір ауру, әлсіздік, қалшылдау сияқты белгілер жатады [4, 29 б.].

«Қазақстанның споралы өсімдіктер флорасы» атты 13 томдық 20 кітаптан тұратын кешенді басылымында Республика территориясында анықталған саңырауқұлақтардың 4,5 мыңнан аса түрлеріне жан-жақты сипаттамалар келтірілген [5, 19 б.].

Саңырауқұлақтардың табиғаттағы және адам өміріндегі маңызы. Саңырауқұлақтар тайгада, тундрада, далалы жерлерде, тау ормандарында, шалғындықта, батпақта, қоймаларда, құрылыстарда кездеседі. Сөйтіп табиғатта зат айналымына қатысады. Бактериялар мен топырақта болатын басқа да майда саңырауқұлақтар бірлесіп, өсімдіктер мен жануарлардың, саңырауқұлақ қалдықтарын (өсімдіктің құраған бөліктері, жануарлардың, майда бунақденелілердің өлекселері) ыдыратып, шірітеді. Сөйтіп топырақты ағзалық заттармен байытып, құнарлылығын арттырады.

Өсімдіктер мен жануарлардың қалдықтары ыдырамай, өңделмей, топырақта жата берсе, әр түрлі жұқпалы аурулардың таралуына себепші болар еді. Саңырауқұлақтардың қалдықтарды ыдыратуы топырақтың тазаруына, аурулардың таралмауына көп пайдасын тигізеді. Қалың ағашты ормандардың жапырақтары жыл сайын жаппай түсетіні белгілі. Ағаштардың түбінде өсетін қалпақшалы саңырауқұлақтар жапырақтарды ыдыратып, оларды бактериялар қара топыраққа айналдырады. Сондықтан орман арасындағы топырақтың құрамы өсімдіктерге қажетті минералды тұздарға өте бай болады.

Саңырауқұлақтардың құрамы ферменттерге бай. Ферменттерді әр түрлі салаға пайдаланады, олар: жеміс шырынының түсін өзгертеді; шикізаттарды (мал азығын, қағаз қалдықтарын) өңдейді; нәруыздарды, крахмалды сұйылтады.

Зең саңырауқұлағынан пенициллин антибиотигі алынады. Аспергилден лимон қышқылы өндіріліп, медицинада, өнеркәсіпте кеңінен қолданылады.

Жеуге жарамды қалпақшалы саңырауқұлақтар мен ашытқы саңырауқұлақтары тағамға пайдаланылады.

Тутанхомон фараонының қорымын ашуға қатысқан 21 адам аспергил саңырауқұлағының споралары өкпені зақымдағандықтан, өмірден озды. Оны кейін басқа египет қорымдарындағы адам мүдделеріне қаптал өскен аспергилдер арқылы анықтаған.

Саңырауқұлақтар мен бактериялар топырақ құрамындағы кейбір зиянды бактериялардың көбейіп кетпеуіне ықпал етеді. Өздерінен арнайы зат бөліп, зиянды бактериялардың өсуін тежейді. Оларды антибиотиктер деп атайды. Ондай антибиотиктерге бактериялардан бөлінетін стрептомицин, тетрациклин және саңырауқұлақтардан алынатын пенициллин жатады. Бұл антибиотиктерді өндірісте жасанды жолмен алу жолға қойылған. Адам баласы бұл дәрілерді күнделікті пайдаланады. Соңғы кезде медицинада жүректі, бүйректі операция жасап ауыстырғанда пайдаланылатын дәріні топырақтағы саңырауқұлақтан бөліп алды. Өсімдіктерді тез өсіретін белсенді зат - гиббереллин, зиянды бунақденелілерге қарсы қолданылатын боверинде саңырауқұлақтардан алынады [6, 64 б.].

Қорытындылай келе, саңырауқұлақтардың пайдалы жақтары толық анықтауды қажет етеді. Жылдан-жылға халық саны өсіп келеді. Адам баласын тағаммен қамтамасыз ету – кезек күттірмейтін мәселе. Сондықтан саңырауқұлақтарды тек дәрі алу үшін ғана емес, тамаққа пайдалану үшін де қолдан өсіреді. Арнайы орындарда қарашірік топыраққа жылқы тезегін қосып, қозықұйрықтың спораларын себеді. Сонда ғана ол ұзақ жылдар түсім береді. Қазір 70 елде қозықұйрық, жазғы түбіртек егу жолға қойылған. Одан жылына 14 млрд доллар қосымша табыс түседі. Қазақстанда да қозықұйрық пен жазғы түбіртекті қолдан өсіру жүзеге асырылуда.

Саңырауқұлақтар табиғатта зат айналымына қатысады, әр түрлі қалдықтарды ыдыратып, шірітіп топырақ құнарлылығын арттырады. Сондай-ақ қауіпті аурулардың таралмауына пайдасын тигізеді. Саңырауқұлақтардың құрамы ферментке бай. Жеуге жарамды саңырауқұлақтар құрамында 80–90 % су, 2–4 %-ға жуық нәруыз, 1 %-ға жуық май болады. Демек олар тағамға пайдаланылады. Өте қажетті дәрі өндіруде де маңызы зор. Зиянды бактериялардың өсуін тежейтін дәрілер антибиотиктер деп аталады. Саңырауқұлақтардан өсімдікті тез өсіретін белсенді зат гиббереллин алынады [7, 96 б.].

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Горовой Л. Ф. Шляпочные грибы – перспективный источник лечебных препаратов и биологически активных добавок // В кн.: Успехи медицинской микологии / Национальная академия микологии. - 2006. – Т. VII. - С. 276- 279.

2 Круподерова Т. А. Лекарственные свойства грибов рода *Ganoderma* P. Karst // В кн.: Успехи медицинской микологии / Национальная академия микологии. – 2006. - Т. VII. - С. 288-290.

3 Трошкова Г. П., Костина Н. Е., Проценко М. А. и др. Плодовые тела высших грибов источники биологически активных веществ с противовирусной активностью // International Journal of experimental education. - 2013. - № 7. - С. 124-125.

4 Самгина Д. И. Флора спорных растений Казахстана // В кн.: Агариковые грибы. - Алма-Ата, 1981. – Т. 13, Ч. 1. – 262 с.

5 Самгина Д. И. Флора спорных растений Казахстана // В кн.: Агариковые грибы. - Алма-Ата, 1985. – Т. 13, Ч. 2. 273 с.

6 Калымбетов Б. К. Микофлора Заилийского Алатау: монография. - АлмаАта, 1969. - 392 с.

7 Абиев С. А. Саңырауқұлақтар патшалығын жүйелеудегі заманауи көзқарастар // Известия НАН РК. Серия Биологическая и медицинская. - 2011. - № 5. – С. 3–18.

АСТЫҚ ТҰҚЫМДАСТАРЫНЫҢ МӘДЕНИЕТІ

МУСЛИМОВА Б. М.

аға оқытушы, биотехнология магистрі,
С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

МАХМЕТОВА Д. Н.
студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Біздің еліміздің ұлы сарқылмайтын даласында астық тұқымдастырының мәдениеті жайнап жатыр. Оның себебі Қазақстанның ұлан байтақ жерінің аумағының құнарлылығы және экологиясы. Жалпы астық тұқымдастар бұл – бағалы азықтық өсімдіктер. Олар даражарнақты көпжылдық шөптесін өсімдіктер класстарына жатады. Дәнді дақылдар ағзаға қажетті негізгі тағамдардың бірі болып табылады, демек адам рационында ең маңызды болып табылады. Олар астық пен жемде өсіретін шөп тұқымдас өсімдіктерге тиесілі.

Дәнді дақылдар құрамында адамның тамақтануындағы негізгі компоненттер бар. Мысалы крахмал, липидтер, целлюлоза және басқа

ақуыздар. Крахмал құрамында ақуыз, минералды заттар мен талшықтар бар. Бүлгөнімдерде, сондай-ақ есурмен көмірсулар. Төменде дәнді дақылдардың негізгі түрлері көрсетілген. Негізінен күріш, жүгері, бидай, қарабидай, сұлы, дарпа, құмай, дзығыр, қарақұмық және жәнертары. Күріш әлемдегі ең танымал дәнді дақылдардың бірі және ең тұтынатын өнімге жатады. Ол жақсы суарылатын жерлерде өседі [1, 68 б.].

Күріш астығында крахмал көп. Сонымен қатар, онда көмірсулар және тиамин, рибофлавин және ниациннің аз мөлшері бар. Күріш түрлерінің басым көпшілігі Азияда пайда болды және бірнеше жолмен пайдаланылады: гарнир ретінде, Рамада, салатта және тіпті май мен шарап өндіру үшін. Жүгері – әлемдегі ең өсірілетін дәнді дақыл. Оның сабақтары әдетте ұзын келеді және дәндер әртүрлі болуы мүмкін: ең таралғаны қара, күлгін, сары.

Бұл түрлі азық-түлік өнімдерін жасауға мүмкіндік беретін өте әмбебап астық. А және В витаминіне, магнийге, фосфорға, антиоксиданттарға және көмірсуларға бай. Сондай-ақ, ішек микрофлорасын реттеуге, диабет және жүрек ауруларының алдын алуға көмектесу үшін ағзаға пайдалы. Сондай-ақ целиакиясы бар пациенттер де қолданылуы мүмкін, себебі ол глютенге бай.

Бұл әлемдегі ең өсірілетін дәнді дақылдардың бірі, әсіресе, ол әртүрлі өнімдер үшін қолданылады. Тазартылған ұн және ірі тартылған ұн, кебек немесе сыра және т. б. өнімдер жасауда қолданылады. Оның қаттылығына, түсіне және тіпті оны өсіретін маусымға байланысты бұл астықтың әр түрлі түрлері кездеседі [2, 98 б.].

Бидай ең калориялы жарманың бірі болып табылады. Құрамында қаныққан, қанықпаған және моноқанықпаған көмірсулар мен майлар бар. Бұл ақуыздар, витаминдер мен минералдарды қамтиды. Альцгеймер ауруы, ақылсыз және әйел бедеулігі сияқты ауруларын емдеу үшін қолданылады. Ол арақ, виски немесе бренди сияқты алкогольді сусындарды өндіру үшін, сондай-ақ ұн өндіру үшін кеңінен қолданылады.

Бұл жарманы мақта түрінде дайындауға немесе ұнға ұсақтауға болады. Қара бидайда антиоксиданттар, клетчатка және фенол қышқылдары кездеседі. Ол көкөніс, күріш, бұқтырылған тағамдар және нан түрлері, клетчатка, күрделі көмірсулар, микроэлементтер, амин қышқылдары, витаминдер, олардың ішінде В₁, В₂ және Е витаминіне және т.б., сондай-ақ минералды заттар, яғни кальций, темір, магний және мырышқа бай. Ол қант диабеті сияқты аурулармен күресу үшін энергияны қамтамасыз етеді және қандағы қант деңгейін тұрақтандыруға көмектеседі. Ол сондай-

ақ холестериннің жоғары деңгейін бақылауға және табиғи несеп айдайтын құрал ретінде жұмыс істейді [3, 49 б.].

Сұлы суық және қалыпты климаттық жағдайларға арналған астық тұқымдасы. Оның түсі қара, сұр немесе сары болуы мүмкін. Тазартылған немесе тұтас астық түрінде кездеседі. Нарықтарда үлпек немесе мюсли түрінде табылуы мүмкін.

Арпа – нан өндіру үшін пайдаланылатын дәнді дақыл. Арпаны мақта түрінде дайындауға болады немесе ұнға ұсақтайды. Ол басқа өнімдерден тәтті және жаңғақ дәмімен ерекшеленеді. Оның мәдениеті өте әмбебап, ол кез келген климатқа қолайлы және түрлі түсті болуы мүмкін, яғни қоңыр, ашық қоңыр немесе күлгін. Бұл дәнді ең танымал пайдалану сыра және басқа да алкогольді сусындарды дайындауда негізгі ингредиент болып табылады. Сондай-ақ, түрлі тағамдарды дайындау үшін қызмет етеді. Онда бидай дәнінен артық мөлшерде ақуыздар бар. Бұл ең бай дәнді талшықтардың, антиоксиданттардың, дәрумендердің және минералдардың бірі [4, 109 б.].

Зығыр тұқымы олар жасушаға бай, әлсіз эстрогендер, омега-3 және омега-6 май қышқылдары, витаминдер мен минералдарға бай тұқымдас түрі. Сонымен қатар, олар ас қорытуды жеңілдетіп қана қоймай, ішек транзитінің жұмысына қолайлы ас қорыту ферменттері бар. Бұл тұқымдар диеталар үшін, холестерин деңгейін төмендету және іш қату проблемасын болдырмау үшін ұсынылады. Оның тұқымдардың ұнтақтайды, үй наны, бөліш пен бөлке жасауда қосады. Олар сондай-ақ жеміс шырындарына араласуы мүмкін, мысалы йогурт, салаттар, тұздықтар, сорпа және т. б.

Қарақұмық кәдімгі бидайды алмастыру ретінде ұсынылады, өйткені оның құрамында глютен жоқ және басқа дәнді дақылдарға қарағанда ақуыздарға, минералдар мен антиоксиданттарға бай. Жиі ол астық немесе үлпек, ұн түрінде қолданылады. Оның маңызды клетчаткасының арқасында қандағы қант деңгейін бақылауға көмектеседі. Бұл сондай-ақ жүрек денсаулығын жақсартуға көмектеседі, айналым үшін жақсы және тоқ ішек обырының даму қаупін төмендетеді.

Жоғарыда қарастырылған астық тұқымдастарының сипаттамасы мен пайдалы қасиеттерін ескере отырып, дәнді дақылдарды тағамға, мал азығына және тамақ өнеркәсібіне шикізат қоры ретінде пайдаланады. Бидай, қарабидай, күріш, қарақұмық, тары, сұлы, арпа, жүгері азық-түлікке пайдаланылып олардан түрлі тағамдар жасалса, сонымен қатар олардың кейбіреуі құнарлы мал азығы болып табылады.

Бірқатар дәнді дақылдар-тамақ өнеркәсібі үшін шикізат қоры. Арпа – сыра, жүгері – спирт өндірісінде пайдаланылады. Осындай жан-жақты пайдаланылатын болғандықтан, оларды Қазақстанның барлық аймақтарында өсіреді [5, 17 б.].

Жарма ол өндірілген астық түрі бойынша жіктеледі. Дәнді дақылдардың астығы жеміс және тұқым қабығынан, эндоспермадан және ұрықтан тұрады. Дәннің анатомиялық бөліктерін құрайтын жасушалар құрылымы мен анатомиялық құрамы бойынша әр түрлі. Қабықшалар-жасушадан, гемицеллюлоздан, пентозаннан, лигниннен тұратын, адам ағзасына сіңірілмейтін жасушалар.

Астықтың негізгі бөлігі-алейрондық дәндермен толтырылған қалың қабырғалы алейрондық жасушаларды және крахмалдық дәндермен және ақуыз заттармен жұқа қабырғалы жасушаларды қамтитын эндосперм. Арпаның алейрон қабаты, мысалы, көп қабатты. Жарманы өндіру кезінде сақталады және көп жағдайда сулы-жылумен өңдеу кезінде осы жарманың аспаздық қасиеттерін анықтайды.

Белокты заттар мен крахмалды дәндер эндосперма жасушаларында белгілі бір морфологиялық қатынаста болады. Белокты заттар көлемі мен пішіні әр дақылға тән ірі және ұсақ крахмалды дәндер қосылған матрица ретінде көрінеді.

Өндіріс процесінде жеміс және тұқым қабықтары толығымен дерлік, алейрон қабаты ішінара, ұрығы едәуір дәрежеде жойылады. Жарманың морфологиялық ерекшеліктері көбінесе оның аспаздық қасиеттерін анықтайды: су сіңіру қабілеті, ісіну, пісіру ұзақтығы және булану. Осылайша, астық қабығы мен алейрондық қабаттың қалдық учаскелерінің болуы дән дәнінің ішіне ылғалдың жылжуын кідіртеді, ал ұрыққа жақын учаскелер тезірек ылғалданады.

Дәнді дақылдардың дәндерінен алынған Жарма негізінен эндоспермнен тұрады. Эндосперм шеткері кейбір жармаларда (тары, күріш, арпа) алейрон қабатының, тұқымдық қабықтың және ұрықтың бөлігі сақталады.

Өзінің химиялық құрамы бойынша Жарма крахмал өнімдеріне жатады. Жарманың құрамына әртүрлі қатынаста: су – 12 кіреді – 15 %, ақуыздар 8–15, майлар 1,0–7,0, көмірсулар 60–86, минералды заттар 0,6–3,0 %-ға өсті. Жармадағы ақуыздар негізінен глобулиндер, глютелиндер және проламиндер, альбуминдер өте аз.

Жарма ақуыздары үшін кейбір алмастырылмайтын амин қышқылдарының, әсіресе лизин мен треониннің аз мөлшері тән. Қарақұмық жармасының ақуызы бірегей теңдестірілген амин қышқылдарының жиынтығымен ерекшеленеді. Цистин мен

цистеиннің жоғары құрамы ағзадан радионуклидтерді шығаруға ықпал етеді. Тары ақуызы лейцин, треонин, метионинге бай.

Кесте 1 – Жарма бұйымдарының сорбциялық қабілеті (%)

Жарма	Адсорбаттар				
	Кадмий	Қорғасын	Мыс	Хром	Темір
	Cd (II)	Pb (II)	Cu (II)	Cr (II)	Fe (II)
Қарақұмық ядросы	73,0	22,0	83,6	68,8	32,0
Жүгері	70,0	89,7	85,2	36,0	20,0
Сұлы	73,3	98,9	88,5	20,0	30,8
Арпа	76,7	99,7	73,8	76,0	80,0
Өңделген тары	73,3	98,6	81,9	68,0	16,9
Өңделген күріш	75,3	98,7	81,9	68,0	68,5

Ароматты қышқылдардан галл, гиппур және п-оксибензой – қарақұмық ядросының сығындысында; о-Кумар – күріш және сұлы жармасының сығындысында; Бадам – қарақұмық ядросы мен арпа жармасының сығындысында табылды. Қанттың сандық құрамы, %: сахароза 0,2–0,7; глюкоза 0,3–0,8; фруктоза 0,01–0,7, арабиноза 0,3–0,8. Органикалық қышқылдар мен қанттардың құрамы бойынша жаңа зерттеулердің нәтижелері әртүрлі жармалардың экстракттары құрамында табиғи сорбенттермен ауыр металдардың сорбция механизмін болжауға мүмкіндік береді.

Соңғы жылдардағы зерттеулер жарма өнімдерін экологиялық зиянды заттардың сорбенттері ретінде қарастыруға болатынын көрсетті. Жарма аспаздық өнімдердің сорбциялық қабілеті көрсетілген. Арпа жармасының сорбция шамасы 100 % дерлік. Металдарды Жарма бұйымдарымен (ботқалармен) сорбциялау негізінен целлюлоза матрицасында, крахмал фракциялары металдарды сорбциялап қана қоймай, сорбцияға да кедергі келтіретіні атап өтілді. Сорбцияға жарманың басқа да суда еритін компоненттері – кейбір ақуыздар, гемицеллюлоздар қатысады [6, 86 б.].

Қазіргі уақытта дәнді дақылдар мен жармалар адам ағзасына тағамдық талшықтардың (ПВ) түсуінің негізгі көзі ретінде қарастырылады. Қоректендірудегі тағамдық талшықтардың рөлі алуан түрлі. Ол адам ағзасын энергиямен ішінара жабдықтауда ғана емес, одан тамақ метаболиттері мен ластаушы заттарды шығаруда да, ас қорыту органдарында физиологиялық және биохимиялық процестерді реттеуде де тұрады. Ең көп мөлшерде ПВ дәндік өнімдерден және аз дәрежеде – көкөністер мен жемістерден келеді.

Тамақ талшықтары полисахаридтерді (целлюлоза, гемицеллюлоза, пектинді заттар), сондай-ақ лигнинді және онымен байланысты ақуыз заттарды қамтитын биополимерлер кешені болып табылады.

Нан дәндерін қайта өңдеудің кейбір өнімдеріндегі тағамдық талшықтардың құрамы, Г/100 г құрғақ заттан: 72 %-дық ақ ұн – 3,5; өңделген Кебек – 30,6; сұлы жармасы – 7,2; күріш – 2,7; қара бидай – 12,7; жүгері мезгі – 25,0; қарақұмық қабығы – 75,0; бұршақ – 60,0; соя – 50,0 құрайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ахметов Б. М. Қазақ энциклопедиясы I том / Б. М. Ахметов, А. С. Сүлейменов, Р. Т. Исенов; – Атамұра, 2013. – 238 б.
- 2 Масғұт Д. Д. «Диетология» / Д. Д. Масғұт, А. С. Султанов, Д. Е. Ермекова; – Қаз.энцикл. Бас ред., 2014 –144 б.
- 3 Ауталипов Д. Д. «Шаңырақ. Үй тұрмыстық энциклопедиясы» / Д. Д. Ауталипов, У. Р. Тохтарбаева; – Қаз.энцикл. Бас ред., 2016 –66-68 б.
- 4 Дайырбеков О. Д. «Қазақ халқының ұлттық тағамдары» / О. Д. Дайырбеков, Б. Е. Алтынбеков, Б. К. Торғауытов; – М : Алматы, 2018 –97-99 б.
- 5 Айтматов Ч. К. «Астық тұқымдастар» / Ч. К. Айтматов, А. Т. Даукенов, М. М. Токжанов; – М : Ғылым, 2016 –311 б.
- 6 Бейсенбаева З. А. «Өсімдік физиологиясы» / З. А. Бейсенбаева, Л. Л. Каримова, К. Т. Сейлханова; – Атамұра, 2015 – 208-209 б.

ПЕРЕРАБОТКА НАТУРАЛЬНОГО РАСТИТЕЛЬНОГО СЫРЬЯ И ЕГО ИСПОЛЬЗОВАНИЕ В ПРОИЗВОДСТВЕ ХЛЕБОБУЛОЧНЫХ ИЗДЕЛИЙ

ОСПАНОВА А. А.

магистрант, ПГУ имени С. Торайғырова, г. Павлодар

ОМАРОВА К. М.

к.т.н., ассоц. профессор, ПГУ имени С. Торайғырова, г. Павлодар

В настоящее время, когда изменился рацион питания людей, хлеб как пищевой продукт приобретает особое значение. Его употребляют практически с каждым приемом пищи, и поэтому он должен иметь не только хорошее качество, высокую пищевую ценность, но и обладать лечебно-профилактическими свойствами,

предотвращающими заболевания человека, которые вызваны неблагоприятной экологической обстановкой и другими факторами [1].

Для улучшения качества хлеба и придания ему лечебных свойств используется широкое разнообразие растительного сырья. Накоплен богатый опыт по использованию растительного сырья в качестве добавок при производстве хлебобулочных изделий. Применение натурального растительного сырья позволяет не только повышать качество, пищевую ценность и расширять ассортимент пищевых продуктов, но и рационально использовать местные ресурсы [2].

В связи с этим актуальными являются исследования, направленные на разработку технологии приготовления хлебобулочных изделий с добавлением корня солодки, отвечающих требованиям пищевой безопасности, обладающих стабильным и улучшенным качеством.

Цель нашего исследования состояла в изучении влияния натуральных растительных добавок, в частности настоя корня солодки и добавления кукурузной муки, на качество пшеничного хлеба.

Корень солодки – многолетнее травянистое растение с мощным вертикальным главным корнем, проникающим в почву на глубину до 8 метров и более. От корня отходят многочисленные длинные горизонтальные побеги, а от них – побеги и корни, образующие сеть переплетений. Стебли прямостоячие, простые или ветвистые, высотой 50–80 см, реже до 150 см, голые или слегка опушенные короткими волосинками и усаженные рассеянными точечными железками или железистыми листиками.

В надземной части, корнях и корневищах всех лекарственных видах солодки находятся сапонины, глицирризин, флавоноиды, полисахариды, моно- и дисахариды, липиды, дубильные, пектиновые, горькие и смолистые вещества, органические кислоты, в т.ч. аскорбиновая, каротин и др. [3].

Наиболее важной составной частью солодкового корня является глицирризин, который представляет собой калиево-кальциевую соль глицирризиновой кислоты.

Глицирризиновая кислота известна давно как натуральное сладкое вещество, содержащееся в корнях солодки уральской и солодки голой.

Важной группой биологически активных веществ, содержащихся в солодовом корне являются флавоноиды. Центральными промежуточными веществами в биосинтезе флавоноидов солодки являются халконовые и флавононовые соединения. В составе флавононовых соединений выявлены ликвиринин, уралозид, глаброзид, лакразид, ликвиритин, неоликвиритин. В составе

халконовых – изоликвиритигенин, изоуралозид, изоглабозид, ликуразид, изоликвиритин, неоизоликвиритин. Эти вещества обладают высокой антиоксидантной активностью [4].

Основная ценность корня солодки определяется содержанием экстрактивных веществ, т.е. всех растворимых в воде или других экстрагентах веществ, содержание которых может достигать 40 % [5]. Однако ценность ее могут определять и пищевые волокна, содержание которых в корне составляет от 10 % до 30 %.

Таким образом, солодка обладает уникальным химическим составом и может использоваться как в фитотерапии, так и в качестве пищевой добавки при производстве продуктов с целью придания им лечебно-профилактических свойств, а также может быть сырьем для получения различных лекарственных форм.

Пшеничный хлеб входит в дневной рацион миллионов людей по всему миру, а добавка из солодкового корня вполне может оказаться востребованной, если учесть повышение интереса к его полезным свойствам.

Новое исследование обратило внимание на вкусовые качества хлеба, в состав которого входит настой солодкового корня в количестве от 0,5 % до 5 % к массе муки. Проанализировали получившийся в результате хлеб, учитывая его цвет, пористость, консистенцию, клейкость, сладость и вязкость. Отметили, что повышение количества настоя солодкового корня приводит к потемнению хлеба и появления горьковато-сладкого вкуса. Если не превышать пороговые значения, солодковый корень не влияет ни на качество продукта, ни на его вкус. При этом такой хлеб содержит в себе достаточное количество дополнительных ингредиентов, полезных для здоровья.

Исследования были проведены на кафедре «Биотехнология» Павлодарского государственного университета имени С. Торайгырова.

Для изучения влияния настоя корня солодки и кукурузной муки на качество хлеба из пшеничной муки были проведены пробные лабораторные выпечки.

В последнее время в традиционную рецептуру вводятся продукты, настои, сырье для обогащения хлебобулочных изделий. В своей работе мы предлагаем ввести в рецептуру пшеничного хлеба настой корня солодки и кукурузной муки.

При разработке рецептуры и режима приготовления пшеничного хлеба с настоем корня солодки и кукурузной муки за основу взяли рецептуру и режим приготовления пшеничного хлеба безопарным способом (таблица 1).

Согласно рецептуре в тестомесильную машину добавляли подготовленную муку (смесь пшеничной и кукурузной муки) и соль, дрожжи, настой корня солодки температурой 28 °С–30 °С. Замешивали тесто в течение 10–15 минут. Брожение теста осуществлялось в течение 50–80 минут, каждые 10–15 минут тесто обминали.

Для приготовления пшеничного хлеба использовали настой измельченного корня солодки, который вносили при замесе теста (безопарный способ).

При приготовлении теста безопарным способом настой корня солодки вносили при замесе теста в количестве 1,0–3,0 % к массе муки. Соль вносили в тесто в водном растворе. Тесто замешивали на лабораторной машине в течение 10 мин. Брожение теста осуществляли при температуре 30 °С–32 °С в течение 50–80 минут.

Разделку теста при приготовлении осуществляли вручную. Из выброженного теста формировали тестовые заготовки массой 600 г и укладывали в смазанную форму. Расстойку тестовых заготовок осуществляли в расстоечном шкафу при температуре 35 °С–38 °С в течение 30 минут.

Готовность тестовых заготовок к выпечке определяли органолептически. Изделия выпекали в при температуре 210 °С 10 минут, и затем при 190 °С – 20 минут. Готовые изделия анализировали через 14–16 ч после выпечки.

Таблица 1 – Рецептура и режим приготовления пшеничного хлеба с добавлением настоя корня солодки и кукурузной муки

Показатели процесса	Безопарный способ
Мука пшеничная 1с, кг	70,0
Мука кукурузная, кг	30,0
Дрожжи сухие, кг	3,300
Соль поваренная пищевая, кг	1,980
Сахар песок, кг	1,650
Корень солодки, кг	0,5-2,0
Вода, кг	63,360
Время брожения, мин	50-80

Определяли органолептические (вкус, цвет, запах и др.) и физико-химические (влажность, пористость и кислотность) показатели готовых хлебобулочных изделий.

Органолептическая оценка пшеничного хлеба представлена в ниже приведенной таблице 2.

Таблица 2 – Органолептические показатели пшеничного хлеба

Наименование продукта	Форма продукта	Поверхность	Состояние мякиша	Вкус, запах
Хлеб пшеничный (контрольный образец)	Прямоугольная форма	Корка гладкая, выпуклая, соломенно-желтого цвета	Цвет серый, пористость равномерная, поры одинаковые, мякиш средней эластичности без следов непомеса	Вкус и запах, свойственный входящим ингредиентам без посторонних примесей, норма
Хлеб с добавлением настоя корня солодки и кукурузной муки	Круглая соответствующая форме, в которой выпекали	Корка гладкая, выпуклая, светло-коричневого цвета	Цвет со светлым оттенком, пористость равномерная, поры средние, мякиш эластичный без следов непомеса	Вкус и запах, свойственный входящим ингредиентам без посторонних примесей, с приятным сладковато-горьковатым вкусом, ароматный

Результаты выпечки показали, что в хлебе с добавлением солодкового корня и кукурузной муки характеристики качества хлеба лучше. Окраска корки хлеба значительно интенсивнее, чем у хлеба без добавок. Мякиш отличался эластичностью.

По физико-химическим показателям пшеничный хлеб соответствовал требованиям, указанным в таблице 3.

Таким образом, можно сделать вывод, что внесение настоя корня солодки и кукурузной муки в хлеб увеличивает водоудерживающую способность муки, это приводит к увеличению количества воды при замесе теста и увеличению его влажности, что позволяет уменьшить упек готового изделия.

Таблица 3 – Физико-химические показатели пшеничного хлеба

Наименование показателя	Наименование продукта	
	Хлеб пшеничный (контрольный образец)	Хлеб с добавлением настоя корня солодки и кукурузной муки
Влажность мякиша, %	43,5	48,5
Кислотность, град	3,1	2,9
Пористость мякиша, %	70,0	80,0

Данная технология позволит производить хлеб с повышенной биологической ценностью, и даст возможность расширения ассортимента своей продукции, что позволит повысить покупательский спрос, прибыльность.

Расчёт экономической эффективности пшеничного хлеба с добавлением настоя корня солодки и кукурузной муки показал, что уровень рентабельности хлеба с функциональными добавками незначительно ниже, но производство хлеба с повышенной

биологической активностью и новым изысканным вкусом позволит повысить покупательский спрос и соответственно его рентабельность.

ЛИТЕРАТУРА

1 Пучкова, Л. И. Экстракт зеленого чая – источник биофлавоноидов / Л. И. Пучкова, И. Г. Белявская, Ж. М. Жамукова // Хлебопекарное производство. – 2005. – № 1. – С. 36–37.

2 Вершинина, С. Э. Новые источники нетрадиционного растительного сырья в производстве хлеба / С. Э. Вершинина, О. Ю. Кравченко // Хранение и переработка сельхозсырья. – 2010. – № 5. – С. 51–52.

3 Дроговоз Г. К., Яременко В. В. и др. Перспективы получения заменителей сахара и новых пищевых добавок на основе солодкового корня. Сб. научных трудов химия и технология пищевых продуктов. – М., 1990. – С. 120–135.

4 Ахтанова Н. К. Исследования халконфлаваноновых препаратов солодки голой методом высокоэффективной жидкостной хроматографии. Автореферат диссертации на соискание уч. степени кандидата фармацевтических наук. М. : 1991. – 21 с.

5 Литвиненко В. И., Аммосов А. С., Попова Т. П. Химический состав и технология комплексной переработки солодки // Материалы 3-го симпозиума по изучению и использованию солодки в народном хозяйстве СССР. – Ашхабад. 1988. – С. 110–111.

ҚАРА ҚАРАҚАТ ҚОСЫЛҒАН ҚҰРТ

СЕРІК Г. Д.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
ӘСКЕРБЕКОВА М. Н.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
КАЖИБАЕВА Г. Т.

т.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Іші – бауырымыз құрысып – тырысып, көзіміз қарауытқанда, дәруменіміз азайып кетті деп шығамыз. Ондайда банан, киви, апельсин жеу керек деп ақыл айтатындар да табылады. Құрт азықтық болумен қатар дәрілік рөлі де бар. Бұл тағам ақуыздарға өте бай, адам денсаулығына өте пайдалы. Құрамында көздің көргіштігін жақсартатын – А дәрумені, жалпы иммунитетті жақсартатын – С дәрумені, сүйектің қатаюына көмектесетін – Д дәрумендері, кальций,

мыс, мырыш, күміс, темір, кремний, магний, кальций, алюминий микроэлементтері жетерлік. Са:Р (кальций-фосфор) үйлесімді түрде кездескен, ал бұл әсіресе балалар үшін аса маңызды. Құрт – кальцийдің көзі, сүйектің қатаюына, көздің көруіне, тістің түзу және қайратты, азулы өсуіне, асқазанның ас қорыту сөлін қалыпты бөліп шығаруда өте пайдасы зор. Адам ағзасына ең пайдалы жемістің бірі ретінде – дәрумендерге және денсаулыққа қажетті, өзге де заттарға өте бай қара қарақат болып шықты. Ғалымдардың айтуынша, қара қарақат жеген адам оба дертімен, сусамырмен және жүрек-қан тамыр ауруларымен сырқаттанбайды екен. Ол адам ағзасын ерте қартаюдан сақтап қана қоймай, сонымен қатар, көз жанарының өткірлігін, яғни, адамның көру қабілетін сақтауға көмектеседі. Ең қызығы, ғалымдар қара қарақаттың адам ағзасына аса пайдалы антиоксиданттарға да бай екенін анықтап білді.

Қорыта айтсақ, адам ағзасын жақсартуға, көздің көруін жақсартуға және адам ағзасындағы әлсреп қалған клеткаларды қайта қалпына келтіруге осы қара қарақат пен құрттың падасы өте зор. Құрт осы күні көптеген ұлттардың сүйікті тағамына айналып үлгерді. Бір рет дәмін татқан соң қазақстандықтарға тапсырыс беріп жататын шетелдіктердің оқиғаларын жиі естуге болады. Құрттың пайдасы мен тағамдық құндылығы туралы көп айтуға болады, және оны бәрі біледі. Алайда, қазіргі кезде құрттың ұлттық мәртебесі жоқ. Құртты сүйіп жейтін қазақ халқы қазіргі кезде оны сирек жасайды, және де үлкен масштабты өндірістер жолға қойылмаған, технологиясы жасалмаған. Сүт тағамдарын жасайтын фирмалардың өнімдерінде құртты кездестірмейміз, қазіргі кезде оны бірнеше ғана сүт фабрикасында жасайды. Құрт көп жағдайда көшедегі дөңгершектерде немесе базарларда сатылады, оны үй жағдайда жасап, шағын көлемдерін сатады. Ондай құртты бірі алса, бірі алмайды, өз қолыммен де жасалмай, көп пайдаланбайды [1, 24 б.].

Сондықтан, осы уақытта құрттың дәмі жоғалып бара жатыр деген қорытындыға келуге болады. Содан болар денсаулығымыз нашарлап, балаларымыз аурушан боп кетті. Қазіргі мақсатымыз құртты ұлттық брендке айналдыру, оның жасау технологиясын жоғалтпау. Технологиясын жетілдіріп, түрлі құрт түрлерін жасау. Өндірісін жолға қойып, бұл тағам түрін әр қақтың күндік тағам рационына қосу. Сонда денсаулығы мықты, күшті батыр жігіттері және әдемі қыздары бар ұлт боламыз.

Құрт – ұлттық тағам. Қазақ халқының сүттен жасалған ұлттық тағам ретінде кеңінен қолданатын тағамының өте көне түрінің бірі

– құрт. Құрт ежелгі замандарда қалыптасып, дамып, бүгінгі күнге дейін өз қасиетін жоғалтпай, жақсы сақталған ұлттық тағам ретінде пайдаланылады. Құрт – малдың сүтінен дайындалатын, ұзақ уақыт сақтауға арналған тағам. Құрт – сөзінің мағынасы да құрғатылған, кептірілген сүт деген мағынаны береді. Құрт жыл бойына, кейде 2–3 жылға дейін сақтала береді. Құрт күшті ас, ол әр түрлі тамаққа қосылады. Әр елдің өзіне ғана тиесілі ұлттық тағамдары болады. Әдетте ол тағамдар халықтың тұрмыс-тіршілігіне, географиялық орналасуына сәйкес пайда болып, жасалады. Дәл сондай тағамдардың бірі – құрт пен ірімшік. Құрт пен ірімшік – саяхатшыларға, аңшыларға, балықшыларға, геологтар мен әскер адамдарына таптырмас өнім. Олар қант пен шоколадтан әлдеқайда жақсы. Көп адам сүттен жасалған тағамдарды жақсы көреді. Олар тойымды, дәмді, әрі ағзаға жылдам сіңеді. Бір өкініштісі, тоңазытқышсыз көпке дейін сақталмайды. Ал ірімшік пен құрттың жайы басқа. Ол жаугершілік заманда өмір сүрген, төрт түлік мал баққан, әр мезгіл сайын жайлауға, күзеуге, қыстауға, көктеуге көшіп отырған көшпенділерге тиесілі. Бұл тағамдарды Жібек Жолы бойымен сауда-саттық жасау кезінде алып жүретін болған. Олар – әр түрлі технологияның көмегімен бір ғана сүттен жасалған өнімдер. Алуан түрлі дәмі бар құрт пен ірімшіктің ең басты қасиеті – жоғары температурада ашымауы. Жасалу тәсіліне орай бірнеше айға дейін сақталады. Көшпенді халықтардың негізгі тағамдары болғандықтан, жеңіл болуы да ескерілген. Көлемі кішірейсе де, құрамындағы дәрумендер мөлшері сол күйінде қалады. Қыр баласы жолда кетіп бара жатып қарны ашса, қалтасынан құрт алып жейді. Осылайша түстеніп алады десек те болады. Кейбір адам құртты «аштықтан құтқаратын дәрі» деп те атайды. Бұл сіздерге белгісіз өнімнен жасалған консервілер емес. Ал сорпаны қаласақ, бірнеше құртты суға езіп ішуге болады. Оның жүрек айнығанда көмектесу қасиеті бар. 100 г сүзбенің қуаты 227 кКал болса, құрттікі – 370,1 кКал. 100 г құртта 3 г жуық ақуыз, 3,2 г кальций мен фосфор қосындылары, белгілі мөлшерде А, В2, Д дәрумендері бар. 100 құрттан ағзаға 60-қа жуық килокалория беріледі. Бала да, қарт та, жас та жесе – ағзасына қуат алары сөзсіз. Құрттың адам денсаулығына пайдасы. Іші – бауырымыз құрысып – тырысып, көзіміз қарауытқанда, ойбай дәруменіміз азайып кетті деп шығамыз. Ондайда банан, киви, апельсин жеу керек деп ақыл айтатындар да табылады. Осы біздің атам қазақ апельсин көрмей өсті ғой, олар неге құлап, талып қалмаған деп таңғаламыз. Сөйтсек, олардың ішкен – жегені нағыз дәрумендердің көзі екен. Көгөрай шалғынды жалпағынан басып жайылған сиырдың сүті, түйенің шұбаты мен жылқының қымызы –

дәруменнің, күш – қуаттың көзі осылар екен. Дүкендерде сатылатын сырды қазақшалап сыртына «ірімшік» деп жазып қояды. Бірақ сырдың дәмі қазақтың қозы қарын қосып қайнатқан ірімшігінің садағасына да татымайтынын, әсіресе, ауыл қазағы жақсы біледі. Әңгіме оның дәмінде ғана емес [2, 58 б.].

Құрттардың құрамында не бар, адам ағзасына қандай пайдасы бар деген сұраққа келер болсақ құрт нағыз дәруменге бай, таптырмас дәрі екен. Адам денсаулығына аса пайдалылығының дәлелі, құрт – кальцийдің көзі. Сондай-ақ құрт ақуызға өте бай. Сондықтан ол құнарлы, тоқ тағам болып есептеледі. Оның құрамында А, В, С дәрумендері, мыс, мырыш, күміс, темір, кремний, магний, кальций, алюминий микроэлементтері жетерлік. Құрттың құрамында сүттің құрамында кездесетін адам ағзасына және тіршілікке қажетті ақуыздар, дәрумендерден: көздің көргіштігін жақсартатын – А дәрумені, жалпы иммунитетті жақсартатын – С дәрумені, сүйектің қатаюына көмектесетін – Д дәрумені. Сонымен қатар, микроэлементтерден – кальций-фосфор үйлесімді түрде кездескен, ал бұл әсіресе балалар үшін аса маңызды. Ерекше айта кететін жәйт, құрт қуаттылығы жағынан жоғары тағам. Құрттың құрамы тағамдық биологиялық қоспалар мен мақтауы күшті түрлі дәрумендерден құралған. Құртымыз да химиялық құрамы мен калориясы жағынан қала дүкендеріндегі сүзбені он орап алады. Сүзбеде ақуыз мөлшері 14,5–18,6 % болса, қазақ құрты ақуызға өте бай – 52,6 %. Ал 100 г сүзбе 87227 кДж дейін қуат берсе, құрттан 370,1 кДж қуат алуға болады. 100 г құртта 3 г жуық ақуыз, 3,2 г кальций мен фосфор қосындылары, белгілі мөлшерде А1, В2, Д дәрумендері бар. 100 г құрттан ағзаға 60-қа жуық килокалория беріледі. Сондай-ақ «кепкен құртты мүжіген баланың тісі сау, сүйегі берік болады» дейді дәрігерлер. Сондықтан, адамның күні-бойы қуаттылығын өтей алатын тағам болып саналады. Токсаннан асып, жүзге қарай бет алған қай қариядан ұзақ жасаудың сырын сұрасаңыз, міндетті түрде ағарған ішіп, құрт жейтінін айтады. Кәдімгі құрттың ұзақ өмір сүруге септігі бар-жоғын ғалымдар да зерттей келе зерделі ойларын паш еткен-ді.

Құртты балаларға беруге бола ма, әлде қарт кісілерге ме деген сұраққа келер болсақ бұл нағыз балалардың тағамы десе болады. Себебі, балалар үшін құрттың пайдасы ұшан теңіз. Мүмкіндігінше, тұздылығы орташа болғаны абзал. Ол баланың бойының өсуіне және сүйектері, тістері дұрыс қалыптасып, жетілуіне септігін тигізер тағамдардың бірі. Әсіресе, қатқан құрттың пайдасы зор, себебі тісі енді шығып келе жатқан балалардың иектерінің қатаюына, тістің шығуына жәрдемдеседі. Ал, тісі бар балалардың тісінің мықты болуына

көмектеседі және тістің кальцийге деген мұқтаждығын толықтырады. Асылы, аузынан ақ ажырамаған халқымыз қымызын ішіп, құрттың жеп отырып-ақ осы күнгі көп кеселдің алдын алған. Кепкен құртты мүжіген баланың тісі сау, сүйегі берік болады. Ал сау әрі мықты сүйек-тірек қимыл аппаратының дұрыс әрі белсенді жұмыс жасауына сеп болады. Қарт кісілерге де шектеу жоқ. Керісінше, жасы ұлғайған кісілерде зат алмасу баяулай бастайды, сондықтан құрттың құрамында кездесетін қарттарға қажет, зат алмасуды және бауырдың қызметін жақсартатын холин және метионин деген заттар бар және құртта В тобының дәрумендері болғандықтан, қарттарда жиі кездесетін атеросклероз ауруының алдын алады [3, 185 б.].

Сонымен қатар құртты көктем, жаз айларында жеген өте пайдалы, себебі көктемде авитаминоз яғни, дәрумендердің жетіспеушілігі байқалады. Жаз айында ыстық шай ішкен кезде, термен бірге тұзды да жоғалтады. Сол жоғалған тұздың орнын толтыруға көмегі зор. Құртты әркім өз қалауынша қалаған тағамына қосып жей беруге болады. Құрттарды қатырып жеген дұрыс па, әлде жұмсақ күйінде ма? Осы жерде қазақтың мынадай бір ырымы ойға оралады. Қазақта мынадай ырым бар екен. Өреде тұрған кеппеген құртты алып жесе, жауын жауады екен. Дегенмен, әр адамның өз қалауы бар. Тек қатқан құрттың ылғалдылығы жоғалып, тұздылығы жоғарылай бастайды. Ол егер көп уақыт сақталса, тығыздылығы жоғарылай береді. Оны бүйрегі ауыратын науқастарға және қан қысымы жоғарылаған адамдарға шектеген жөн. Кейбір адамдар болады тұзды құртты ұнататын, үнемі тұзды артық мөлшерде пайдаланатын, ондай адамдарда қандай да бір микронутриенттердің жетіспеушілік жағдайы туындаған десе де болады. Мұндай адамдар дәрігерге қаралып, кеңесалғаны дұрыс. Құрттың қарын тойдыратын ғана емес, ұшақта жүректі басуға да таптырмас тағам екені белгілі. Быршық бөлінгеннен кейінгі қалған сарысудың да адам ағзасына пайдасы өте көп. Сарысуды тек қана тағамдық мақсатта емес, косметикалық мақсатта да қолданады. Сүт сарысуының құрамы. 93 % судан, қалған 7 % организмге қажетті барлық заттар бар. Сарысу өте тамаша өнім. Оны ас қорыту жолдарының ауруларында емдік мақсатта пайдаланады. Сонымен қатар адамның жүйке жүйесін тыныштандыратын қасиеті бар. Егер тамақ алдында бір кесе сарысу ішсеңіз, асқазандағы тұз қышылыны төмендетуге септігін тигізеді. Иммунитетті нығайтып, әртүрлі ауруларға төтеп береді. Теріні нәрлендіріп, балғындығын сақтау үшін үнемі бетті сүртіп отыру керек. Шаш мықты әрі жылтыр болуы үшін де сарысумен жуыңыз. Көңіл күйіңізді көтергіңіз келсе кешке бір кесе сарысу ішіңіз. Өйткені

оның құрамында Шаттық гармоны серотинин бар. Бауыр мен бүйрек қызметін жақсартады. Құрт – адам денсаулығына қажетті құндылық екеніне көз жеткіздім. Бұл тағамның емдік, тұрмыстық пайдасы өте зор. Қазіргі заманда жастардың көбі осы тағамды, оның денсаулыққа пайдалы екенін білмейді. Қара қарақаттың шығу тарихы және пайдасы. Қара қарақат (Тасжарғандар тұқымдасы) Шығыс және Орталық Қазақстанның орманды дала және таулы аудандарындағы едәуір танымал бұта. Батыста ол Орал өзенінің бассейніне дейін тараған, ал оңтүстік-шығыста Жоңғар Алатауына дейін тараған. Алдыңғы түр сияқты, ылғалды жерді жақсы көреді, өзен жағалауында, сазды жерлердің жиегінде, ылғалды ормандарда өседі. Бұл түрдің бұтақтары түзу, биіктігі 1,5 м дейін, жас бұтақтар алғашқыда бозарып тұрады, жаздың аяғында қоңыр түске ауысады. Жапырағы саусақ салалы, ұзын. Қара қарақатқа тән бір ерекшелік жапырағы мен жас бұтақтарының төменгі жағында болатын сары бездің болуы, өсімдікке хош иіс береді. Гүлдері күлгіндеу немесе жасылдау, сирек шашақты, әр шашағында бестен шоғырланған. Қара қарақат көпшілікке жабайы күйінде де мәдени түрде де белгілі. Жалпы алғанда Қазақстанның барлық аймағында өсіріледі. Бірақ жабайы қарақат жоғары бағаланады. Себебі қантты витаминге бай тағам ретінде және емдік мақсатта, көкөністерді консервілеуде жапырағы хош иіс беруге кенінен қолданады. Қара қарақаттың құрамында 85 % су, 1 % ақуыз, 8 % көмірсулар, 3 % өзек, органикалық қышқылдар, К, Е, В, В₂, РР, С, А дәрумендері, каротин, калий, кальций, магний, фосфор және темір микроэлементтері бар.

Сонымен қатар глюкоза мен фруктозаға бай. Қарақаттың жапырағында, бүршігінде, жидегінде аскорбин қышқылы өте мол. Дибетпен ауыратын адамдарға қара қарақаттың жаңа шыққан жапырақтарынан салат жасап немесе бұқтырып шай ішкен пайдалы. Қара қарақаттан жасалған қайнатпа суық тигенде дене қызуын басуға, бронхитті, жөтелді емдеуде пайдасы мол. Сонымен қатар адам ағзасын ауыр металдардан, токсиндер мен шлактардан тазартады. Қара қарақат жемісін табиғи қалпында жеген пайдалы. Кептірілген қара қарақаттан қайнатпа жасап, қыста тұмау кезінде ішеді. Медицинада жапырағы, жемісі және сабағы қолданылады.

Сонымен қатар қара қарақаттан тосап, сусын, шырын алады. Кондитерлік өнімдер жасағанда пайдаланады. Көкөністер мен саңырауқұлақтарды тұздағанда жағымды иіс пен дәм беру үшін қара қарақаттың жапырақтарын қосады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Нұржанова А. Сүт және сүт өнімдерін өңдеу технологиясы. / «Фолиант» баспасы. 2010. – 85 б.
- 2 Туганова Б. С. Сүт және сүт өнімдерінің физико-химиялық негіздері : оқу құралы – Павлодар : Кереку, 2017. – 148 б.
- 3 Күзембаев Қ., Құлажнов Т., Күзембаева Г. Азық-түлік өнімдерін тану. – Алматы, 2006. – 358 б.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛШЫҒЫ – ҚАЗАҚСТАН ҮШІН ЕҢ ҚАЖЕТТІ МӘСЕЛЕ

СУЛТУМБАЕВА А. К.

магистр биотехнологий, преподаватель,
ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

БІРЛЕСБЕК Қ.

студент, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Республикамыздың агроөнеркәсіп кешені экономиканың аса маңызды саласы және экономикалық дағдарысты жою, тамақ және жеңіл өнеркәсіптерін дамыту, саяси-әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету жолында шешуші рөл атқарады. Ауыл шаруашылығы – бұл еліміздің экономикасын биікке асқақтататын маңызды салалардың бірі болып табылады. Ауыл шаруашылығы дегенде еріксіз ойымызға кең байтақ жеріміз, төрт-түлік малымыз, егінді алқаптарымыз оралады. Осы табиғаттың берген сыйын жоғалтпау үшін ауыл шаруашылығының жағдайын жақсартатын бір әдіс-тәсілдер керек сияқты.

«Бүгінде мемлекет ауыл шаруашылығын дамытуға зор көңіл бөліп отыр. Дегенмен, аграрлық сектор әлі экономиканы өртаратпандырудың тірегіне айнала қойған жоқ. Бұл еңбек өнімділігін дамыту саласындағы үлкен резервке, ауыл шаруашылығы өнімдері өндірісін кеңейтуге, салаға сыртқы инвестицияларды тартуға қатысты», – деді Қазақстан Президенті.

